

Махамбет Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

РКЖБН



№12 (884) қараша-желтоқсан 2012 жыл

Тәуелсіздік - ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты.

Нұрсұлтан Назарбаев

## Құрметті әріптестер, студент жастар!

Мемлекетіміздің тарихында алтын әріптермен жазылған бабалар қалдырған Тәуелсіздік тарихы — бүгінгі өркениетті еліміздің асыл құндылықтарының бірі.

Қазақ елінің алтын діңгегіне айналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймын.

Егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын.

Отбасыңызға бақ пен береке, дендеріңізге саулық тілеймін!

Асыл арманнан ақиқатқа айналған Тәуелсіздігіміз ғұмырлы, бейбітшілігіміз баянды болғай!

Мерекелеріңіз құтты болсын!



Ізгі тілекпен,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің  
ректоры А.С. ИМАНҒАЛИЕВ

## АНОНС:

Жолдау -  
келешекке жолдама

2 бет



Образование молодежи -  
совместными усилиями

7 стр.

## 16 декабря - День Независимости Республики Казахстан

День государственной независимости Республики Казахстан — главный государственный праздник, который ежегодно отмечается 16 декабря.

В этот день в 1991 году Верховный Совет принял закон о независимости и государственном суверенитете Казахстана. Лидер Центральноазиатского региона, Казахстан в последние годы интенсивно развивается. Заметных успехов в экономике Казахстан добился благодаря перестройке всей экономической системы, которая в эпоху СССР опиралась в основном на добывающие отрасли промышленности. Кроме экономических реформ в независимом Казахстане были проведены политические реформы, которые заметно повысили авторитет Республики на международной арене. Казахстан является членом международных и региональных организаций, известен как надежный партнер как западных, так и восточных государств.

В преддверии праздника в ЗКГУ им. М.Утемисова прошло праздничное мероприятие, которое было открыто докладом **Улжан Тулегеновны Ахметовой**, доктором исторических наук, доцентом на тему «Тәуелсіздік рухы биік ел».

С поздравительной речью выступил ректор ЗКГУ, доктор педагогических наук, академик **Асхат Салимович Иманғалиев**. От имени руководства университета отличившимся сотрудникам были вручены почетные грамоты и благодарственные письма.

В завершение мероприятия был дан праздничный концерт, в котором, помимо талантливых студентов и преподавателей нашего университета, принял участие кандидат искусствоведения, профессор Самарской



государственной академии культуры и искусств (РФ) Дмитрий Алексеевич Дятлов. В своей приветственной речи он в частности сказал, что рад поздравить коллег, а также весь Казахстан с Днем Независимости.

Болашақовы из ЗКТУ

8 бет



«Единство страны -  
пьедестал независимости»

9 стр.

## Аяулы ұстаздар, құрметті студенттер!

Сіздерді Жаңа 2013 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың игілігі, еліміздің абыройы жолында жемісті еңбек етіп, елімізді көркейтуде зор табысқа жетулеріңізге, әрдайым амандықта болуларыңызға тілектестік білдіремін.

Тәуелсіз ел ертеңі, мемлекет мүддесі үшін қызмет жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға бақ пен ырыс, еңбектеріңізге жемісті нәтиже тілеймін!

Жаңа жыл сіздерге бірлік пен береке және ертеңгі күніңізге сенім сыйласын!

Ізгі тілекпен,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік  
университетінің ректоры А.С. ИМАНҒАЛИЕВ

Дүркіреген той өтті  
БҚМУ-ға



10 бет

# Жолдау – келешекке жолдама

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайын халыққа түрлі тапсырмалар мен міндеттерден тұратын дәстүрлі Жолдауын жолдайтыны, оны бәріміздің күтетініміз ақиқат. Ал, Елбасының 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының орны ерек, маңызы бөлек. Осы Жолдау Қазақстан халқына ерекше ой тастап, әр адамға үлкен жауапкершілік жүктеді, негізгі бағыт-бағдарларды айқындап берді. Осыған орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы да өз үндерін қосты. Желтоқсанның 20-шы жұлдызында университетте Жолдауды талқылауға арналған жиын оздырылды. Бұл шараға университет оқытушылары, ардагер-ұстаздар және студенттер қатысты. Елбасының Жолдауын талқылауға арналған жиында Стратегияның мән-маңызы, мазмұны, әр бөлімі жан-жақты талқыланып, оқытушылар мен студенттер өз ой-пікірлерін білдіруге белсенді атсалысып, түрлі тақырыптағы баяндамаларын ортаға салды.

Жиынды ашқан университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев Жолдаудың тарихи маңызы бар құжат екендігін атап өтіп, негізгі мазмұнына тоқталып өтті. А.С.Иманғалиев Елбасының білім беру саласына, кәсіби машыққа, жастардың дамуына, экономикалық, әлеуметтік саясатқа басты назар аударып, тапсырмалар беруі біз үшін үлкен көмек екендігін сөз қылды. Университет ректоры басты мәселелерге аса зор көңіл бөліп, қашықтан оқытуды, көптілділікті, ғылыми жобаларды, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту үшін атқарылар жұмыстардың мол екендігін айтып өтті.



**Университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауына арналған баяндамасы:**

**Құрметті әріптестер, студенттер, активке қатысушылар!**

Біз бүгін Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылауға жиналып отырмыз.

1997 жылы Тәуелсіз Қазақстан халқы Елбасының көреген бастауымен «Қазақстан – 2030» Стратегиясы айқындаған жаңа даму жолына түскен болатын. Сол кезде жаңа іргетасын қалаған жас мемлекет алдында үш бірдей қастерлі міндет тұрды: мемлекеттің іргетасын қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту.

Президенттің «Қазақстан – 2030» Стратегиясында жүктелген міндеттер мен белгіленген межелер бүгінгі таңда орындалды және орындалу үстінде.

Қазақстан өз даму жолына түскенде «Алдымен, экономика – содан соң саясат» ұстанымын берік негізге алды.

**«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытының мазмұны қалыптасқан Қазақстанның – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуын құрайды.**

1. Қуатты да табысты мемлекет
2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі
3. Түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы
4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз
5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті әлеуметтік саясат
6. Өлемдік қоғамдастық таныған ел
7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз
8. Қазақстан-2030 Стратегиясы. Негізгі қорытындылар

**Елбасы Жолдауының II бөлімінде XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатерін атап көрсетіп, осы сын-қатерлерден өту амалдарын ұсынып отыр.**


1. Бірінші сын-қатер – тарихи уақыттың жеделдеуі
2. Екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік
3. Үшінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер
4. Төртінші сын-қатер – судың тым тапшылығы

5. Бесінші сын-қатер – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік
6. Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы
7. Жетінші сын-қатер – Үшінші индустриялық революция
8. Сегізінші сын-қатер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық
9. Тоғызыншы сын-қатер – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы
10. Оныншы сын-қатер – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі

**«Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағытының III бөлімі:**

1. Міндеттердің жаңа парадигмасы
2. Қайда бет алдық? Жаңа саяси бағыттың мақсаттарын көрсетіп отыр.

Қазақ елінің ендігі алдына қойған басты мақсаты – 2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Елбасы өз Жолдауында Қазақстан халқына осы мақсатқа жету жолында шешілуі тиіс жеті бірдей стратегиялық міндет жүктеп отыр. Олардың барлығына бірдей тоқталып жатпаймын. Өйткені барлығымыз Жолдауда қамтылған мәселелермен толықтай танысып. Сондықтан барлық бағытқа тоқталмай, білім беру



**М.Өтемісов атындағы БҚМУ ардагерлер кеңесінің төрағасы, т.ғ.к. Сүйіншалеев Қалам Жұмашұлы Елбасы Жолдауына орай өз ойын былай деп өрбітеді:**

- Ең біріншіден, Елбасы Жолдауына қатысты өзімнің ой-пікірімді білдіруге мүмкіндік бергендеріңізге үлкен рахметімді айтамын.

Бұл Жолдау – тарихи маңызға ие өте құнды құжат, мұнда 2050 жылға дейінгі атқарылар іс-шаралар белгіленіп беріп отыр. Жолдауда көрсетілген тапсырмалар әр Қазақстан азаматы үшін үлкен міндет жүктейді. Интеллигенция өкілдері Жолдаудың мән-маңызын халыққа түсіндіріп, ұғындырып беруі тиіс деп ойлаймын. Себебі, бұл – біздің келешегіміз үшін өте қажет дүние. Тұңғыш Президентіміз елге басшы болғаннан бері қазақ деген елдің, Қазақстан деген мемлекеттің бар екенін бүкіл әлем біліп-танып, мойындап, қол жеткізген жетістіктеріміз бен табыстарымызға қарап сүйсінді, өлі де біз осындай маңызды тапсырмалар мен міндеттерден тұратын Стратегия, Жолдаулардың, Елбасының сарабдал саясатының арқасында көп нәрсеге қол жеткізіміз деп нық сеніммен айта аламын.

саласын қамтыған 4-бағытқа ерекше назар аударғанды жөн деп санаймын.

**«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деген Елбасы біздің азаматтарымыздың үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиістігін, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет екенін атап өтті.**

**Елбасы Жолдауында білім саласына қатысты БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРҒЫН ұсынды. Олар:**

**1. Білім беру саласындағы жұмыстың басымдықтары**

- 1.1. «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзарту
- 1.2. Инженерлік білім беру жүйесін дамыту
- 1.3. Білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту
- 1.4. Білім беру әдістемелерін жаңғырту

**2. Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты**

- 2.1. Технологиялар трансферті
- 2.2. Ғылым мен бизнестің кооперациясы
- 2.3. Перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастыратын жол картасы

**3. Жастарға үндеу**

В Послании Президента было уделено большое внимание образованию. В нашем университете делается многое, но есть и перспективы.

**Учебная работа:**

Сделано немало в деле повышения качества преподавания. Внедрение новых передовых технологий обучения, e-learning, новые лаборатории, кабинеты, использование Парка инновационных технологий, качество учебной документации, работа подготовительного отделения, прием студентов на 2012-2013 учебный год, профориентационная работа, открытие новых специальностей, развитие полиязычия, совместные образовательные программы – переход на двухдипломное образование, законодательно закрепить производственную практику.

**Научная работа:**

Издание книг, учебных пособий, работа над научными проектами, финансируемые из республиканского бюджета, местного бюджета и СП. Развитие академической мобильности преподавателей и студентов, библиотека «Ирбис», создать и развивать прикладные направления исследовательских подразделений.

**Молодежь – воспитательная работа:**

Развитие спорта, развитие языков, всестороннее внедрение трехязычия, религиозное воспитание и разъяснение религиозных проблем.

**Хозяйственная работа – важный момент в деятельности вуза.**

Планируется строительство спортивного комплекса. Кроме этого возникла необходимость перехода на автономную систему отопления. Все корпуса, кроме зданий факультетов «Экономика и управление» и «История и право», будут переведены на автономный режим отопления, как на более экономичный.

Сонымен, қорытындылай келетін болсақ, - «Қазақстан-2050» Жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге айрықша жауапкершілік жүктеледі». Бұл біздің тек парызымыз ғана емес, бұл бізге аса зор жауапкершілік те жүктейді. Елбасы сенімін ақтау, болашақ ұрпақ алдындағы міндетіміз.

Тек біздің борышымыз – жүктелген міндеттерді адал атқару, «жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші, ел болып, жұмыла жұмыс жасап, бірге жүзеге асырайық!

Жастар – болашақтың тұтқасы, біз жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, соларға жол сілтейік.

**Из доклада директора Департамента стратегического развития и аккредитации, кандидата политических наук Юрова Олега Винальевича:**

- Казахстан состоялся как независимое, признанное и успешное государство, в стране запущены необратимые процессы демократизации, индустриализации, строительства социально ответственного общества Всеобщего Труда. Но окружающий мир бросает нам

новые вызовы.

Положения Стратегии Казахстан-2050 дают нам возможность преодолеть эти вызовы посредством укрепления государственности, перехода на новые принципы экономической политики, поддержки предпринимательства, формирования новой социальной модели, создания современных и эффективных систем образования и здравоохранения, повышения эффективности государственного аппарата.



Так, одной из проблем развития высшего образования является низкий уровень социального партнерства вузов и бизнеса, вузов и граждан, что сужает возможности высшей школы по удовлетворению требований рынка. **Сегодня Президент дает поручение разработать комплекс мер, предусматривающих практику освобождения от налогов компаний и граждан, вкладывающих средства в образование.**

**Расширение списка потребностей человека и включение в него статей на образование и здравоохранение, в рамках социальной политики Послания, дает новые возможности развития высшей школы.**

**Реформирование системы стимулирования рождаемости и поддержки многодетности позволит нам преодолеть демографические проблемы.**

«Нам предстоит, - сказано в Послании, - произвести модернизацию методов преподавания и активно развивать онлайн-системы образования, создавая региональные школьные центры. Мы должны интенсивно внедрять инновационные методы, решения и инструменты в отечественную систему образования, включая дистанционное обучение и обучение в режиме он-лайн».

Обозначенные приоритеты в сфере образования являются новым этапом реформирования образования в республике, т.к. включают в себя задачи развития законодательной базы, системы управления и финансирования, и содержания образования.

Нельзя останавливаться на достигнутом, перед нами стоит амбициозная задача не только выжить и сохраниться, но войти в тридцатку передовых государств. Никто, кроме нас самих, не сможет выполнить эту задачу. Обсуждая Послание Президента, мы должны, перефразируя высказывание известного политического деятеля, думать не о том, что может нам дать государство и общество, а о том, что мы можем дать ему.

**Тарих факультетінің деканы, т.ғ.к. Ғиззатов Саялбек Махамбетұлының «Елбасы Жолдауындағы білім, ғылым және жастар мәселесі» атты баяндамасынан:**



- Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында өркендеттің шыңына жетуді мақсат ететін және оның жолдарын нақты белгілейтін кешенді бағдарлама ұсынып отыр. Қоғамдық өмірдің түрлі саласын қамтыған аталмыш Жолдауда білім, ғылым және жастар мәселесі ерекше орынға қойылған. Әсіресе «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты тараушада Елбасы: «Бәсекеге қабілетті ел болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп көрсетеді.

Сонымен қатар Жолдауда инженерлік білім беру мен заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, жоғары және орта білім беру саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі желісін құру, көпсалты оқу гранттары жүйесін әзірлеу, бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, жоғары оқу орындарындағы оқудың екінші курсынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту мәселелері сөз болады.

Оған қоса, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына белсене қатысу, ғалымдардың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыру, жаңандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналуды басты міндет ретінде көрсетіледі. Осылайша, Президент: «Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек», - деп нақты атап өтеді.

Осы орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында көтерілген мәселелердің Батыс Қазақстан облысындағы жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып жатырғандығын атап өткен жөн. Мысалы, 80 жылдық тарихы бар өзіміздің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті білім беру ісімен шектеліп қалмай, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізіп келеді. Шетелдік мемлекеттердің 50-ден астам жоғары оқу орындарымен тығыз әріптестік байланыс орнатқан және академиялық ұтқырлық, бірлескен халықаралық ғылыми жобалар секілді мемлекеттік маңызы бар бағдарламаларды батыл жүзеге асырып келеді.

Президентіміздің тапсырмасы бойынша өңірлерде жаңадан жастар саясаты басқармалары ашылып, бүгінде мақсатты түрде жұмыс жүргізіп жатыр. Елбасының бұл Жолдауы толығымен жастарға арналған деп есептеймін. Себебі, 2050 жылға дейінгі бағдарламаны осы жастар орындайды. Елбасы Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан бері жастардың екінші буыны өсіп келеді деп айтты. Осы екінші буын – қазіргі жастар! Сондықтан барша жастарды Елбасы Жолдауын қолдауға және бірлесіп орындауға шақырамын!

**Из выступления заведующей кафедрой «Экономическая теория и бизнес», доктора экономических наук, доцента Мергалиевой Лилии Игоревны:**

- В целом, основные социально-экономические ориентиры для развития страны, согласно новому долгосрочному Посланию, заключаются в следующем.

Прежде всего - **войти в число 30-ти самых развитых государств мира.** Это всеобъемлющий экономический прагматизм на принципах прибыльности, возврата от инвестиций и конкурентоспособности. Особая роль принадлежит сельскохозяйственной отрасли - увеличение посевных площадей,

урожайности за счет внедрения новых технологий, создание национальных конкурентоспособных брендов в животноводстве с акцентом на экологичность.

Следующий ориентир - **всесторонняя поддержка предпринимательства** как ведущей силы национальной экономики. Пришла яность, что государство не должно вмешиваться в бизнес и «вести всех за руку», более эффективно будет гарантировать незыблемость права частной собственности и защиту договорных обязательств.

Важнейшим ориентиром стратегического послания является **формирование новой социальной модели.** Здесь главная задача – предотвратить рост бедности, внедрять эффективные механизмы выравнивания социально-экономических условий и формируя принципиально новые модели трудовых отношений. Также в рамках социальной модели предполагается создание современных и эффективных систем образования и здравоохранения, и здесь не последнюю роль играет совершенствование системы медицинского образования, проведение международной аккредитации медицинских вузов и учреждений.

Отдельным пунктом стратегии выносятся проблема **повышения роли женщин в социуме,** их вовлечение в государственное и общественное управление, в бизнес.

В заключении необходимо отметить, что для успешной реализации Стратегии «Казахстан-2050» и повышения инвестиционной привлекательности страны необходимо создать в сжатые сроки соответствующую законодательную и нормативно-правовую базу, адекватную международным стандартам, развивать и укреплять государственность, повышать ответственность, эффективность и функциональность государственного аппарата.



**ф.ғ.к., доцент Мүтеев Зейнолла Жақсылықұлының «Жасампаздыққа бастайтын жол» тақырыбындағы баяндамасынан:**

- Бұл жолғы Жолдаудың бізге ерекше ұнағаны - оның Қазақстан қоғамының жағдайына барлау жасап қана қоймай, ғаламдық ауқымдағы өзекті мәселелерді қозғағаны болды. Мұндағы ХХІ ғасырдың он жаңандық сын-қатері туралы болжамдар мен тұжырымдар біздің барлығымыздың тыныс-тіршілігімізге, өмір сүру салтымызға қатысты мәселелерді қозғайды. Жолдауда айтылған сын-ескертпелер баршамыздың қаперімізде болуға тиісті жайттар деп білемін. Қазақстан Президенті әдеттегідей әлемдік деңгейдегі проблемаларға жұрттың бәрінен бұрын назар аударып, ден қойып отыр. Бұл Жолдау да бұрынғысынша өзінің мақсат-мүддесінің кеңдігімен, ой-қиялының тереңдігімен, алға қойған міндеттерінің айқындығымен, жоспар-жобаларының нақтылығымен, мықты оптимистік сарынымен сүйсіндірді. Мұнда расында да нақтылы межелер бар. Мұның арғы жағындағы білім мен кәсіби шеберлікке қатысты межелердің де елдің келешегі үшін үлкен міндеттер атқаратыны түсінікті.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатында олқы соғып тұратын осал тұстар болмайды. Ол мұны мемлекеттегі тіл саясатына қатысты атқарылатын алдағы жұмыстарға байланысты да әдемі көрсетіп берді. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Бұған еш күмән болмауы тиіс. Сонымен қатар, қазақ ұлтының орыс тілін білу арқылы тарихи артықшылықтарға жетіп отырғанын да ашық айтады. Бұл елде сондықтан да қазақ балаларының өз ана тілдерімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгерулері үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Осының бәрі көреген басшының көсемдігін білдіреді.

Дінге де қатысты көп нәрсеге көңіл бөлмеу мүмкін емес. Ол ешқашан да біздің ұлттық мүддемізге, салт-дәстүрімізге қайшы келмеуі керек. Біз артқа шегінбеуіміз керек, қашанда алға ұмтылуға тиіспіз. Жаһандану үрдісінде әлемдік өркениеттен қалмау парыз саналады. Кей қыздарымыздың басын қымтанып алып, діннің өзге ағымына бой ұрып кеткендігіне қатты алаңдаушылық білдірілді. Сондықтан да бұл мәселеде ұлт болып күресу керектігі, рушылдыққа, жершілдікке, жүзшілдікке бөлінбеу жайы жан-жақты сөз етілді.

Президент: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар жасап жатырмыз»-деді. Ендеше тілдің үш тұғырлық концепциясын да толығымен қуаттау керек. Сонымен бірге: «Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі» - деген салиқалы көзқарасын да естен шығармаған абзал.

Түйіп айтқанда, бұл Стратегия – жасампаздыққа бастайтын жол деуге толық мүмкіндік бар.



**Еслямов Қуаныш, химия мамандығының 4 курс студенті:**

- «ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін» – деген Елбасы ойымен біргеміз. Біз Жолдауда айтылған: «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс» - деген мақсатты қолдаймыз. Соған үлес қосуға тырысамыз.

Мен университетімізді биыл



төмамдағалы тұрған түлектердің бірімін. Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын тыңдай жүріп, болашақта бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман атану жолында ұстаздарым сапалы білім алуға деген қызығушылымды оятып, ынтама жігер берген болатын. Жастар өмірінің келешегі нақты көрсетілген бұл Жолдауда менің де диплом алғаннан кейінгі болашақ өмірімнің бағыт-бағдары айқындалып, нық сеніммен іс-әрекетке көшуіме жол нұсқайды.

Біздің университетімізде түлектерге арналған, үлкен өмірге жол бастар, жігеріне күш сыйлайтын тәрбиелік мәні бар шаралар көптеп ұйымдастырылады. Өлемдегі алпауыт 30 елдің қатарына қосылу үшін сапалы кадр, өз маманының білікті де білімді иелері қажет, ал оларды Жоғары оқу орындары даярлайды. Президентіміз айтқандай, 2050 стратегиясы бойынша жұмыстанатын сауатты мамандық иелерін дайындау үшін оқу үрдісінің бағдарламаларын қайта қарастыру қажет. Біздер университетіміз бойынша қазіргі Қазақстандық химия саласының болашағы үшін қажетті ағылшын тіліндегі ғылыми химия мамандығын төмамдағалы отырған 2-ші түлегі болып табыламыз. Осыған орай бәсекеге қабілетті маман иесі атану үшін ағылшын тілін жетік меңгеру керектігін ескере отырып, университетімізде мамандықтарға қосымша ағылшын тілінде өткізілетін сағаттар санын қазіргіден де көбірек оқытылса, біздер, студенттер қауымы, үшін нұр үстіне нұр болар еді. Теориялық білімді практика жүзінде пысықтау мақсатында университеттің оқу бағдарламасына сай енгізілген 2-курсан басталатын өндірістік сараманнан өту мүмкіндігін бүгінгі көрсеткішінен де жоғары дәрежеде өткізер болса, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізер едік. Атап айтқанда, сараманды тек Батыс Қазақстан облысында ғана емес, республикамыздың ғылыми-зерттеу орталықтарында ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылса. Бұл үрдіс университетімізде бастау алды.

Қазақстан секілді байтақ жері бар біздің ұрпақ бақытты! Сондықтан бабалар қаны тамған, аталар ізі қалған жеріміздің әрбір тасын, әрбір талын аялауға тиістіміз. Тәуелсіздігімізді баянды ету - біздің, яғни, білімді мәдениетті жастардың қолында. Болашақта егемендігіміздің іргетасы нығайып, әнұранымыз көкте асқақтап, елтаңбамыздың еңсесі биік болып, туымыздың тұғырдан желбіреуі бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінбек.

Өмірді ұғынайық,  
Жұдырық болып жұмылайық,  
Өйткені, біз қазақтың болашағы,  
Біз қазақтың болашақтан алашағы,  
Біз жеңістің шырқалатын тамаша әні,  
Біз биіктететін аласаны,  
БҚМУ-дың студенттеріне бірге болған жарасады.

«Өзге ештеңеден таба алмайтын тынысты еңбектен тасбасыздар» деп Д.И.Менделеев айтқандай, ортақ Отанымыз - Қазақстанның гүлденуі жолындағы еңбегімізге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрегімізді» арнайық! Бізге қосыл, замандас! Өмірдің асу бермес белестері мен шырқау бермес шыңдарын бірге бағындырайық!

\*\*\*

**2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын тыңдап, талдай келе М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы төмендегідей ұсыныстарды қабылдайды:**

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауын толық қолдайды.

2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауының негізгі салаларын дамытуға өз үлесін қосады.

3. **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауын орындау мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің медиа жоспарын жасау.

**Жауапты:** тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішева

4. Университеттің «Өркен» газетінде және облыстық, республикалық басылымдарда **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауын талқылап насихаттау.

**Жауапты:** ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтар

5. **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауын насихаттаушы медиа топ құру.

**Жауапты:** тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішева, тарих және құқық факультетінің деканы С.М.Ғиззатов

6. **«Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауын барлық факультетте әлеуметтік пән ретінде енгізу.

**Жауапты:** оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ф.Қ.Жүсіпқалиева

## ОТЗЫВЫ к Посланию Президента Республики Казахстан

**К.Т. УТЕГЕНОВА,**  
декан филологического факультета

Поражает и восхищает, заставляет задуматься и устремляет вперед, зажигает огонь в сердцах каждое из сказанного Президентом нашей страны Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым в Послании народу Казахстана.

Помнится, когда принимали программу стратегического развития Казахстана до 2030 года, многие отнеслись скептически к данному проекту. Возможно, когда в стране было множество проблем социально-экономического характера, все пункты той программы казались нереальными, чем-то из области сказки; возможно, человеку вообще присущ скепсис, некоторое отторжение и неверие, неприятие нового. Однако сейчас, по прошествии лет, мы убеждаемся в дальнорочности руководителя страны, в целенаправленном проведении твердой линии и, самое главное, в осуществлении большого количества запланированного в программе.

Ежегодные Послания Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана всегда интересны, всегда впечатляют размахом и устремленностью в будущее, именно поэтому мы с нетерпением ждали слов и наказов нашего Лидера к своему народу в этом году.

Все разделы обращения нашего Президента концептуально построены на идее построения государства равных возможностей, опирающегося на экономическую стабильность, толерантность, высокое качество жизни всего общества. Главное ощущение, возникающее при внимательном слушании Послания – его нацеленность на новый прорыв в экономике нашей страны, а значит, повышении надежности, уверенности в будущем каждого жителя государства.

Строки Послания о модернизации системы образования напрямую касаются наших ежедневных нужд и забот.

Наш университет оперативно откликнулся на Послание нашего Президента, на другой же день было проведено большое мероприятие с участием большого количества сотрудников, профессорско-преподавательского состава и студентов Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова, которые прослушали и обсудили значимость Послания народу Казахстана.

В выступлении ректора университета, доктора педагогических наук, профессора Имангалиева Асхата Салимовича прозвучало: «На сегодняшний день – это самый обсуждаемый документ, и каждую строчку надо внимательно изучать всему профессорско-преподавательскому и студенческому коллективу. То, о чем говорит Лидер нации, касается каждого Казахстана, независимо от его возраста и социального статуса».

Далее ректор нашего вуза подробно остановился на каждом блоке послания, отметил, что очень сильным является социальный блок послания, которая, по сути, является грамотной, сбалансированной программой. По словам Асхата Салимовича, для работников высшей школы особую значимость приобрели проблемы и перспективы решения вопросов образования. Президент правильно поставил вопрос о необходимости внедрения современных методик и

технологий обучения, распространения опыта Назарбаев университета. Верно замечено и то, что назрела необходимость новых подходов к качеству подготовки педагогических кадров. Очевидно, что создание независимой системы оценки качества, о которой говорил Президент, позволит успешно решать эту проблему. Отрадно и то, что Н.А. Назарбаев отметил давно назревшую проблему необходимости усиления воспитательного компонента образования. Это необходимо для повышения жизнеспособности подрастающих поколений.

Каждый из выступавших на данном мероприятии, прошедшем в стенах старейшего вуза Казахстана, с удовлетворением отметил своевременность многих озвученных инициатив Президента, их созвучность нашим чаяниям.

Думается, что такое взаимопонимание и соучастие, проникнутое важностью участия каждого гражданина Казахстана, помогут нам реализовать намеченное и приложить все силы для достижения целей, поставленных в Послании.



**С.И. КАДЫРГАЛИЕВА,**  
старший преподаватель кафедры теории и практики обучения иностранному языку и переводу

Послание Президента является отражением современных актуальных потребностей нашего общества, воплощением в жизнь Стратегии развития «Казахстан-2050».

То, о чем говорил Н.А. Назарбаев, касается каждого казахстанца, независимо от возраста и социального статуса. Жизнь показывает, что идеи и планы Президента осуществляются, например, реформа пенсионной системы, внедрение ипотечного кредитования, современная банковская структура. Многие страны мира перенимают казахстанский опыт. Отечественное производство может составить реальную конкуренцию японским и итальянским производителям. В выступлении Президента прослеживается рост благосостояния граждан Казахстана: повышение пенсий, заработной платы бюджетникам и госслужащим, рост единовременных пособий на рождение и ежемесячных пособий по уходу за ребенком.

Постоянное улучшение жизненного уровня каждого казахстанца будет оставаться на первом плане государственной политики.

## Жаңа бағыт, жаңа меже

Бүгінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясын қазақстандықтар қызу қолдап, насихаттауда. Осы орайда мен де өз пікірімді көпшілікпен бөліссем деймін.

Бұл Жолдау – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа межесі. Бұл Жолдау – болашақты бағдарлап, мақсатымызды айқындап берген, бірлігімізді бекемдей, ынтымағымызды жарастыра түсетін тарихи құжат, құнды дүние.

Осы жолғы Жолдаудың мәні мен маңызы неде деп сараптап қарағанымызда бір жағынан келешегіміздің жарқын болатынына, Тәуелсіздігіміздің тұғырлана түсетініне сеніміміз молайса, екінші жағынан әр азаматқа жүктелер жауапкершіліктің артып отырғанын ұғындық.

Нұрсұлтан Әбішұлы әрқайсымызға сөзін арнай отырып, жаһандану барысында әлем бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлерді талдап, ал одан шығар жолдарды нақтылап көрсеткен.

Әсіресе, білім беру саласында игілікті өзгерістерге бетбұрыс қажет болатынын баса айтқан. Білім берудің заманауи жүйесін қалыптастыру, яғни қоғам дамуына бейімделген жас буынды тәрбиелеу - кезек күттірмес мәселе. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік қызметін дамыту туралы да үлкен міндет жүктеген. Бұл - бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енген тұста азаматтардың ең озық заманауи өндірістерде жұмыс істей білуіне жол ашатын маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Елбасының Жолдауда қазақ тілі мен оның болашағы туралы айтқандары да - ойландырар тақырып. Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен қадір-қасиеті Елбасын аз толғандырып

жүрген жоқ. Осы күнге дейінгі Жолдауларында тіл туралы айтқан ұлағатты ой-толғамдары бір төбе десек, осы жолғы толғамдары бір төбе. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» дей келіп, ана тіліміздің табиғи болмысын ұлттың ұйтқысы ретінде бағамдауы көптің көкейіндегі тіл туралы сан сауалға нақты жауап бергендей.

Ал қыз бала тәрбиесі туралы арнайы тоқталып өтуі әр отбасын ойландыруға тиіс. Тек ұрпақты емес, тұтас ұлтты тәрбиелейтін, ұлттық дәстүрімізді келешекке жалғайтын әйел затын құрметтеу, оларға қамқорлық көрсету жөніндегі тапсырмалары әр қазақстандық жанұяның қолдауымен жүзеге асады деп ойлаймыз.

«Қыздарымыз біздерде ешқашан киілмеген, салтымызға жат киімдерге оранып-қымтанбауға тиіс» деген жолдардан жат діннің жетегінде адасып жүрген жас қыздарымыз дұрыс ой түйсе екен дейміз. Ішкі бірлік пен ұйымшылдық бар жерде ұлт мүддесі көзделіп, мұраттан шығуға мол мүмкіндік туады емес пе?

Жолдауда жастарға, біздерге, үлкен үміт артылып отыр. Біздің табысымыз ата-анамыздың, Отанымыздың табысы болмақ. Біз бойымызға еңбексүйгіштік, мақсаткерлік сынды мәңгілік құндылықтарды сіңіре берсек, бойымызда патриоттық рухты жандыра білсек, жүрегіміз «елім, жұртым» деп соғып тұрса, Қазақ елі «Мәңгілік Ел» болады. Күллі әлем қазақ мемлекетінің толайым қадамына қызығып қарайтын болады.

Ендеше, еліміздің жаңа дәуірі, өркендеу дәуірі басталды деп есептейміз.

**Мейрамгүл ЕРМЕНТАЙ,**  
М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың оқытушысы

**Денис ПУЗАН,**  
студент группы 4406, специальность «Информатика»

Несомненно, модернизация системы образования очень важная мера для молодого развивающегося Казахстана. Это связано с тем, что технологии не стоят на месте и довольно быстро развивается.

Внедрение новейших компьютеров с современными операционными системами требуют квалифицированных рабочих. Кроме того, в жизни общества компьютеры занимают далеко не последнее место, и поэтому следует повышать компьютерную грамотность жителей Казахстана. Однако нельзя не учитывать тот факт, что нужно модернизировать и систему образования: внедрять новые методики и технологии в процесс обучения, повышать качество педагогического состава, что значительно повысит образованность граждан. Как уже было отмечено в одном из пунктов Послания Президента, граждане должны не только получать образование, но и уметь использовать знания в жизни. Последний пункт был полностью посвящен усилению процесса воспитания. Таким образом, можно сказать, что Казахстан не стоит на месте во всех сферах, в том числе и в сфере образования.

**Н.И. МОИСЕЕВА,**  
магистрант II курса, специальности «БМ011000-Физика»

Как представителю учащейся молодежи страны, хочу обратить особое внимание на часть Послания, где Президент определяет дальнейшее направление развития всех ступеней казахстанского образования. **«Знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров».** Здесь Президент ставит задачу об увеличении охвата населения всех возрастов и социальных групп образованием: от дошкольного (до 100%) до высшего профессионального, о его доступности, а самое главное, о повышении качества образования до мировых стандартов путем внедрения новых инновационных методик и программ. Особая роль отводится развитию системы инженерного образования и современных технических специальностей с присвоением сертификатов международного образца и научно-исследовательской деятельности ВУЗов.

Через все Послание красной нитью проходит мысль Президента о том, что главная цель нашего государства – повышение благосостояния наших граждан, а главная ценность – это человек и человеческий потенциал. Одним из приоритетов называется сохранение традиционных ценностей нашего общества, поддержание мира и стабильности развития многонационального государства.

**С.М. САТАГАЛИЕВА,**  
театрлік-хореографиялық өнер және кітапханатану кафедрасының аға оқытушысы

Ел дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын саралаған Елбасының Жолдауында білім беру саласына: «Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет. Біз академиялық автономия кепілдігін берген жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс» - деп ерекше мән берілген. Алайда, жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркендейтін кәсіпкерлік өлесе алады.

«Қазақстан-2050» Жаңа бағытын ескере отырып, халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межелеген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді. Осыған байланысты білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуға.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді апараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу...», - деп атап көрсетілген.

Осы бағытта М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің, мәдениет және өнер факультетінің кітапхана ісі мамандығы жаңа білім беру жүйесі – кредиттік оқу жүйесімен оқытылуда.

Университет оқытушыларының ғылыми және әдістемелік тәжірибелері, олардың сабақ өткізуі және материалдық-техникалық базасы жоғары мектеп талабына сай. Студенттерді мамандыққа оқытатын оқытушылар құрамының сапалы кәсіби потенциалы бар және жоғары арнаулы білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен типтік оқу бағдарламасын оқытуға лайықты.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмыстарын жаңарту, оқудың жаңа технологиясын оқу үрдісіне енгізу мүмкіндігі мен оқытудың жаңа әдістемелерімен қаруланған оқытушылар болашақ мамандарды дайындауда жаңа апараттық технологияны пайдалануды ұйымдастырудың мүмкіндігін қарастыруда.

Бүгінгі таңда кітапхана ісі өзінің жаңа даму сатысында тұр, кітапханаға оқырмандардың келуі де, кадрларға деген сұраныс та көбеймесе асайған жоқ.

Сондықтан да, біз қадам басқан XXI ғасыр білім беру мен тәрбиелеудің жаңа ұлттық үлгісі қалыптасу кезеңінде, жан-жақты дамыған, білімді де білікті, саналы, рухани мәдениеті бай кітапханашыларды тәрбиелеуді талап етіп отыр.

# «ҚАЗАҚСТАН-2050» Стратегиясындағы көптілділік мәселесі

Алдына ұлы мақсаттар қоя білген ел ғана ұлы табыстарға қол жеткізе алары ақиқат. Данышпан Сенека айтқандай, «қай портқа бет алғаның білмейтін кемелдің желі де оңынан тұрмайды». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауының баға жетпес аса құндылығы – қалыптасқан Қазақстан мемлекетінің жаңа саяси бағыты «Қазақстан-2050» Стратегиясын алдын-ала сарабдал сүзгіден өткізе, толымды талдаудың айқын үлгісі ретінде ұсынуы. Демек, «Қазақстан-2050» Стратегиясы – тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт өлшемі. «Қазақстан-2050» бағдарламасының түпкі межесі – еліміздің XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарынан ойып орын алуы. Әрине, бұл межеге жету жолында алға қойылған мақсат, міндеттер парадигмасына жаңа сапалық тұрғыдан қарау қажеттілігі туындайды.

Жолдауда тіл саясатына елді біріктіруші басты фактор ретінде басымдық берілген. Бұл орайда рухани негізіміз қазақ тілі тұрасында айта келіп, Елбасы: «Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуіне тиіс міндет», – деп көрсетеді. ҚР Президенті мемлекеттік тілдің позициясын нығайта түсу қажеттілігін, қазақ тілін кеңінен қолдану бағытындағы кешенді шараларды тереңдете түсуді баса айтады.

Елбасы 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміздің нұсқай келе, бұл – ұлт болып шешуіне тиіс принципті мәселе екендігін және балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиістілігімізді орындай атайды.

Елбасы өз Жолдауында Қазақстанның болашағы қазақ тілінде, қазақ қазақпен қазақша сөйлессін деген әрбір ел патриотының еңсесін көтерер, көңілін марқайтар қағидалы тұжырым-түйіндерін сенімді де нық айта келіп: «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады», – деді. Сондай-ақ,

қазақ елінің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын елелер еді», – дей келе: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», – деп түйіндеуі қазіргі және кейінгі ұрпаққа ой салмай қоймайды.

Елбасы Жолдауындағы қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру тұрасындағы айтылған тезисті тұжырымдар да әбден қолдауға лайық. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев үштілділікті, көптілділікті мемлекеттік деңгейде ынталандыру қажеттілігін айта келе: «Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араластырып ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз», – деуі орынды.

Ал Елбасының ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек, қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі сексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады деуін бір кісідей қолдауға тиіспіз.

Тап осы бағыттағы тіл саясатына қатысты жоспарлы іс-шаралар М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да жүйелі жүзеге асырылуда. Биылғы 2012-2013 оқу жылынан бастап университетімізде Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығы ашылып, кешенді кең көлемді іс-шаралар ғылыми-әдістемелік тұрғыда қолға алынуда. «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы тіл саясатына қатысты тұжырымды-түйінді қағидаларды елеп-екшей келе, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығы көптілді білім берудің нормативті-құқықтық базасын дайындау, көптілді білім беру жүйесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуде арнайы мамандықтарға орай ағылшын тіліндегі оқулық, оқу құралдарын, үш тілді терминологиялық сөздіктерді әзірлеу, көптілді топтарда қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруге қатысты оқу-әдістемелік кешендерді даярлау бағытындағы жұмыстарды жүргізуде. Сондай-

ақ, орталықтың кәсіби филолог-тілші мамандардан құрылған ғылыми-әдістемелік кеңесі жоғары оқу орны оқытушылары мен студенттері үшін ағылшын тілі курстарын жүргізу, көптілді білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жоғары оқу орнында көптілді топтар ашу, осы салаға қатысты мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларын әзірлеуге бағыт беру, көптілді білім беруді енгізу мониторингін саралай жүргізу жұмыстарын ұйымдастыруда. Көптілді білім беруді теориялық-әдіснамалық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында көптілді білім беру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу бағыттарын айқындап, көптілділіктің өзекті проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар өткізуді жоспарлауда. Нәтижеде көптілді білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық білім мекемелерімен, жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатуға, университет студенттерімен, орта мектеп оқушыларымен көптілді оқу-тәрбиелік шаралар ұйымдастыруға басымдық берілуде. Университет тарихында тұңғыш рет ашылған Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының «Полиглот» атты басылымы университет ректоры, академик А.С.Иманғалиевтің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өрілген алғы сөзімен алғаш рет жарық көрді. Енді бұл басылым ай сайын жарық көріп, студенттерге көптілді білім алудың құндылықтарын айқындайтын болады. Сондай-ақ, бұл саптан «Жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамытудың ғылыми-тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік семинарын әзірлеуді, «Көптілділік – бәсекеге қабілетті полимәдениетті кәсіби маман қалыптастырудың негізі» тақырыбындағы дөңгелек үстелді, Тілдер фестивалін ұйымдастыруды және т.б. қосар едік. Демек, көптілді білім беруді дамыту – көпқырлы мәселе. Бұл саланы қылы қырынан қарастыру – университет профессор-оқытушылар құрамының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Басты мақсат – көптілді және көпмәдениетті маман қалыптастыру.

Қысқасы, Елбасы Жолдауында айқын көрсетілгендей, нарықтық экономика өзара еңбек сайысында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет етеді. Ендігі кезекте ой үдесін дөп басу үшін, бізге керекі – үш тілді білімді ұстаз. Ал білімі көп адам – құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді. Ендеше, тұзу ғылымнан, тұзу ұстаздан тәлім алған шәкірт неге түзелмесін! Тұзу бағыттағы көшіміз қашан да көрікті болғай!

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**

*М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, п.ф.д., профессор*

## Елбасы Жолдауы жастарға бағдар берді

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты деген атпен Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Жолдауда елдің әлеуметтік жағдайын, экономика-сын, саясатын, ұлттық тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді дамыту мақсатында талап-тапсырмалар басты назарға алынған. Сонымен қатар XXI ғасырдың жандық он сын-қатері, ананы қорғау, баланы қорғау, медициналық білім беру жүйесін жақсарту, экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту сияқты мәселелер кеңінен қаралған.

Қазіргі уақытта ұлттық көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатының арқасында «Қазақстан-2030» Стратегиясы қолдау тауып өз мәресіне жетсе, ендігі меже әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарынан көрінуді мақсат еткен «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауына орай оқытушылар мен студенттер өз ойларымен бөліседі:



**Бекенова Анаргүл Сағындықызы, информатика кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі:**

14-ші желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауын тыңдай отырып, үлкен әсер алдым. Тәуелсіздік күні қарсаңында жолданған «Қазақстан-2050» Стратегиясы - мақсаты мен міндеті айқындалған жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Оны жүзеге асыруда біздің алдымызда үлкен жауапкершілік тұр. Жастар - біздің болашағымыз. Елбасымыз өз Жолдауында жастарға «Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын күдіретті күш», – деп атап көрсетті. Ал жастарға сапалы да қолжетімді білім беру - ұстаздардың міндеті. Болашағымыз жарқын болу үшін жастарға сапалы білім беруде аянбай еңбек етеміз деп ойлаймын.



**Багисова Жәніс Жайлиевич, информатика кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі:**

«Қазақстан-2030» Стратегиясында басты назар экономикалық өсуге аударылды. Нәтижесінде 15 жыл ішінде ұлттық экономиканың көлемі 1997 жылғы 1,7 триллион теңгеден 2011 жылы 28 триллион теңгеге өсті. «Қазақстан-2050» Стратегиясының ерекшелігі сол, жаңа бағыттың экономикалық саясаты - пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм. Жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты кадрлар арқылы нығайтылуы қажет екендігі анық көрсетілген.

Жолдаудың бағыттары мен бөлімдерін талдай отырып, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге айрықша жауапкершілік жүктелетіндігін түсіндім. Сондықтан жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат құндылықтары - ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, табандылық пен мақсаткерлік қасиеттерді бойға сңіріп, тәуелсіз еліміздің көркеюі мен нығаюына өз үлесімізді қосайық!

**Оразғалиева Бұлбұл Жәдігерқызы, информатика мамандығының 4-курс студенті:**

«1997 жылы Біз Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясын қабылдадық. Күні бүгінге дейін «Қазақстан-2030» Стратегиясы өз мақсатынан ауытқымай алға басуға жігерлендірді. Іргесі қаланған мемлекетіміздің нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қолдау, қоғамдық сананы қайта өзгерту тұстары белгіленген болатын. Жаңа сын-

қатерлерді лайықты қабылдау үшін ендігі жерде «Қазақстан-2030» Стратегиясының аясы жеткілікті болмағандықтан, Елбасымыз жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, 15 жыл бұрынғыдай кезекті дүнетанымдық серпіліс жасап ұсынды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттарын оқып, талдай отырып, байқағаным, көпшілік бағыты жастардың дамуына, жастардың жағдайын көтеруге бағытталған және соны Елбасымыз Жолдауында ерекше атап көрсеткен. Әйел анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралту, баланы қорғау, медициналық білім беру жүйесін түбірімен жақсарту бөлімдерін ерекше атап өткізіледі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы жастарға жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді.

Иә, шынымен де, Елбасымыз әрдайым біздің оқуымыз бен өсіп-өнуіміз үшін барлық жағдайды жасауға тырысты. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер ашып, «Болашақ» бағдарламасын құрды. Бұның өзі біз үшін, болашағымыздың жарқын болуы үшін үлкен көмек, аталған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, еліміздің дамуына үлесімізді қосуға атсалысу біздің қолымызда.

Сондықтан жастарды Жолдауды қолдап, қоғамға қызмет етуге, мемлекетіміздің нығаюы жолында аянбай еңбектенуге шақырамын» – деп өз ойын білдірді.

Н.Ә.Назарбаев Жолдауда қазақ тілінің тағдыры мен оны жаңғырту жолында біраз сөз қозғайды. «Тіл – тіршілік бастауы» деп бекер айтылмаған. Ана тілі – халықтың өткен, қазіргі және келешек ұрпақтарын әрқашан біріктіріп тұратын ең сенімді құрал. Тек ана тілімізбен біз өз Отанымызды, өз халқымызды, салт-дәстүрімізді, тарихымызды танып білеміз. Ана тіліміз арқылы ата-аналарымызға, елімізге, Отанымызға деген махаббатымызды жеткізе аламыз. Қазір біз - егеменді, тәуелсіз елміз. Бізде байлық та, жер де, жарқын болашағымыз да бар. Бірақ ана тіліміз өлі де ақсап, дұрыс жолға қойылмай келеді. Тілімізді дұрыс жолға қоюшы – бүгінгі жастар, яғни біз! Ол үшін еліміздегі әр адам ана тілін қадірлеп, өз сөзіне өзге тілдердің сөздерін қоспай сөйлеуі тиіс. Шығыстың бір данышпаны: «Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел, сонаң соң балаң мен достарыңды түзе», – деген екен.

Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте! – деп ақын Қадыр Мырза Әли айтқандай, ең әуелі тілімізді өз деңгейінде, өз мәртебесіне жеткізгенде ғана біз жарқын болашаққа жол тартамыз. Себебі, Елбасымыз Жолдауда «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деп көрсеткен.

Болашағы бағдарлы, келешегі кемел, алдағы күндерге нық сеніммен, нақтылы мақсатпен адымдап бара жатқан Қазақстан елінің рухы асқақ, еңсесі биік, тәуелсіздігі баянды болсын!

**Зухра МАКСИМҚЫЗЫ,**

*информатика кафедрасының оқытушысы*

**Ия, осыдан жиырма жыл бұрын біз, Қазақстан халқы тәуелсіздіктің алғашқы таңын атырып, туымызды тіктеген болатынбыз. Біз сол кездері егемен де еңселі ел болуға, өзге алпауыт елдермен тең болуға аямай күш-жігерімізді жұмсадық. Бұл бәлесті бағындыру басында оңайға соқпаса да, «Мақсат – жетістіктің желкөні» деген ұранмен орынды мақсаттардың табысқа жеткізетінін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз халқына дәлелдеп берді.**

## Стратегия - жарқын келешекке апаратын жол

Осыдан он бес жыл бұрын біз Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясын қабылдадық. Стратегияның негізгі мақсаты әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру болса, бүгінгі өзінде Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-ші орында табан тіреді. Ендігі біздің алар асуымыз Қазақстанда XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына қосу. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсан күні «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын арнады.

Әлемнің алпауыт отыз елінің қатарына қосылу үшін әуелі өзге дамушы елдермен экономикалық тайталасқа дайын болуымыз қажет. Сондықтан да, Елбасының «Әуелі экономика, содан соң саясат» ұранын біз белсенділікпен қолдаймыз.

Білім беру саласының маманы болғандықтан да, Елбасының Жолдауындағы «Балапан» бағдарламасының 2020 жылға дейін ұзартылуы бірден-бір маңызды бағыт деп есептеймін. Себебі, балаларға мектепке дейінгі фундамен-талды білім беру – біздің басты міндетіміз. Біздер бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін жай ғана сауаттылықтың жеткіліксіз болатынын берік ұғынып, әрбір азаматтың мәдениетті тұлға ретінде жетіліп, үш тілді де меңгеріп, толыққанды білімді болуы үшін сапалы жұмыстар жүргізуге тиіспіз. Үш тілді білу – біздің азаматтарымыздың жан-жақты мүмкіндігін арттырса, өз тілімізді ең бірінші орынға қойып, құрметтеу, сыйлау біздің азаматтық парызымыз деп білемін. Бұл азаматтардың еліне деген патриоттық сезімінің көрінісі болмақ. 2025 жылға қарай латын тілінің енгізуі, қашықтан оқыту мен онлайн жүйесінде білім беруді жетілдіру – Қазақстанның білім саласындағы инновацияға бағытталған жетістігі болмақ. Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген сөзі - бәрімізге де ой салар терең даналық.

Біз үшін аталған Жолдаудың жөні бөлек. Еліміздің ертеңі тек бір адамның еңбегімен өлшенбейді. «Жерге қараған жеті ұлы болғанша – ел танитын бір ұлы болсын» деген бабаларымыз. Қазақтың санын көбейтіп қана қоймай, болашақтың интеллигенциясын тәрбиелеуді бүгіннен бастасақ, ұлтымыздың да, мемлекетіміздің де тарихы өміршең болады деп сенемін.

Елбасымыздың «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деген сөзін ұран қылып, ел ертеңіне енжарлықпен қарай алмайтын барлық азаматтарды «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру жолында нәтижелі еңбек етуге шақырамын.

Өйткені, Стратегия – жарқын келешекке апаратын жол.

**Мейрам ИСАТАЕВ,**

*М.Өтемісов атындағы БҚМУ тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі*

## «Қазақстан-2050» Стратегиясы - кемел болашақтың кепілі

Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауы еліміздегі ең маңызды оқиғаға айналды. Бұны, өз кезегінде, келесі ұрпаққа арналған даму бағдары деп қарастыруға болады. Осының негізінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың даналығына, көрегендігіне және стратегиялық ой-өрісінің тереңдігіне тағы бір мәрте көз жеткізуге болады. Елбасының көреген саясатының арқасында Қазақстан бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасты. Қазір біздің алдымызға ұзақ мерзімді міндеттер қойылды, бұл біздің мемлекетіміздің болашағының зор екендігін көрсетеді.

Бүгінгі күні Қазақстан экономикалық және әлеуметтік салалардағы жетістіктері бойынша әлемнің көптеген елдеріне үлгі бола алады. Жаңа стратегия – Елбасымыздың көрегендігі мен даналығының тағы бір дәлелі.

Жақында ғана біз Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында қойған негізгі міндеттерін тыңдадық. Бұл стратегия бізді жауапкершілікке, дамуға ұмтылуға бағыттайды. Президент біздің алдымызға қойып отырған міндеттер – орындалуда. Біз әлемдегі анағұрлым бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруге тиіс болдық – бұл міндетті орындадық. Бұдан әрі, біз 2015 жылға қарай жоғары табысты елдер қатарына кіруге тиіспіз – осы міндетке қол жеткізуге тырысамыз», - деді ол.

Жолдау қарқынды өзгеріске ұшырап отырған заманауи жаһандық сын-қатерін жан-жақты талдаудан тұрады. Президент мұны он негізгі пунктте жүйелендірген. Бұлар тарихи уақыттың жеделдеуі, жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер, судың тым тапшылығы, энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстардың сарқылуы, Үшінші индустриялық революция, әлеуметтік тұрақсыздық, өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы және әлемдік тұрақсыздық қаупі.

Осыларға көңіл бөле отырып, Елбасы қазақстандық мемлекеттілікті, демократия мен ұлттық бірлікті әрі қарай күшейту қажеттілігін атап өтті. Күшті экономика және бәсекеге қабілетті адам әлеуеті, ең алдымен, мемлекеттік дамудың масштабты міндеттерін жүзеге асырудың негізі болып табылады. Елбасы жаңа бағыттың экономикалық саясаты-пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм,

кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылықты жан-жақты қолдау, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту алғышарттарына көп көңіл бөліп отыр. Осы мәселелерді шешу Астанадағы «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесін өткізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері кей мемлекеттер 100 жылда жетпеген жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, соңғы 60 жылда әлемдік жалпы өнім 11 есеге өссе, Қазақстанда соңғы 15 жылда бұл көрсеткіш 16 есе артты.

Соңғы жылдардың ішінде Қазақстан экономикасына 160 млрд. доллар инвестиция тартылды. Еліміз шетелдік қаражатты Қазақстанға тартумен қоса, озық тәжірибені де меңгерді. Ақыр соңында еліміздің өзіндік ешкімге ұқсамайтын экономиканы дамыту стратегиясы пайда болды. Соның арқасында жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 7 есеге өсті. Қазір біздің еліміз әлемнің бәсекеге қабілетті елдердің арасында 51-ші орындамыз. Биылғы жыл қорытындысы бойынша да еліміз жақсы көрсеткішке қол жеткізеді.

Болашақта Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіреді деген жоспар бар. Осы орайда Елбасы: «Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Біздің жетістіктеріміз бен қазақстандық даму үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – «Қазақстан-2030» Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. «Біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» деген сұрақтарға жауап осы. **Жас ұрпақтың нақ осыған мүдделі екеніне сенімдімін.** Осыған орай, **ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытының жобасын ұсынамын. Бұл менің Қазақстан халқына Жолдауым болады. 2. Біз қайда бара жатырмыз? Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс»** - деп атап өткен болатын.

Президент Қазақстанның болашағын білімді де, білікті жастармен ұштастырып отыр. Мұндай ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыратын да солар деп сенеді Елбасы. Сондықтан жас буынды ел өміріне етене араластыру, оларға мейлінше жағдай жасау жаңа стратегиядан айрықша орын тапты.

**Сауда УТЕШЕВА,**  
менеджмент және кәсіпкерлік кафедрасының оқытушысы

### Отзывы к Посланию Н.А.Назарбаева

Благодаря Президенту Республики Казахстан Н.А.Назарбаеву наша страна имеет большие успехи в развитии образования и науки. Впечатляет выступление своей своевременностью тем и силой изложения. Немало внимания в нынешнем Послании уделено молодежи, что, конечно же, очень важно.

В нашем университете предоставляются все возможности для достижения целей, поставленных Лидером нации. Я, студентка 4-го курса специальности информатика - научная, с июля по октябрь проходила стажировку в университете экономики и бизнеса, институте информатики и мехатроники г. Быдгощ (Польша). Обучаясь на 3-м курсе, по программе академической мобильности в течение одного учебного семестра проходила обучение в России, РК, г.Элиста.

**Айнура БИКЕТОВА,**  
студентка группы 04408, специальность «Информатика»

Накануне главного праздника всех казахстанцев - Дня Независимости Глава государства Н.А.Назарбаев выступил с ежегодным посланием народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», где он подытоживает достижения Казахстана за 15 лет, за время принятия программного документа «Казахстан - 2030», вместе с тем, учитывая новые перспективы для развития Казахстана до 2050 года. Мне, как студенту, было интересно послушать аспекты, касающиеся вопросов образования. Н.А.Назарбаев всегда обращает особое внимание на образование и науку, развитие инновационных технологий. Призывая нас к самосовершенствованию и стремлению к знаниям.

Хочу остановиться на отдельных строках обращения Лидера нации, которые заставляют проникнуться чувством глубокой ответственности: «...Я полагаюсь на вас, новое поколение казахстанцев. Вы должны стать двигателем нового курса. ...Помните: ваш личный успех - это успех ваших родителей, успех ваших родных и близких, успех ваших семей, успех всех ваших соотечественников, успех нашей Родины». Действительно, когда на тебя на самом высоком уровне возлагают такие большие надежды, хочется с удвоенной силой учиться, работать над собой, чтобы в будущем стать высококвалифицированным, востребованным специалистом своей профессии. Ведь именно нам предстоит на практике реализовывать Послание Президента, «Стратегию «Казахстан-2050».

Также одним из важных вопросов, который поднял Глава государства - это проблема религиозного экстремизма, которая волнует нас всех. Так как этому фанатическому вероубеждению в исламе больше всего подвержена молодежь, не окрепшая психологически. Волнует рост количества девушек и женщин, одевающих хиджабы, не свойственные нашим национальным традициям, навязанные извне. Я думаю, сегодня молодежь должна смотреть на эту проблему через призму нового времени, соблюдая при этом присущие нашему менталитету качества миролюбия и добропорядочности.

В завершении хочу заверить от имени казахстанской молодежи, что мы приложим все усилия, чтобы оправдать высокое доверие нашего Президента Н.А.Назарбаева.

**Алуа ЖАМШИТОВА,**  
студентка группы 04209, специальность «Вычислительная техника и программное обеспечение»

Со времени обретения независимости Казахстан достиг значительных успехов и нашел собственный путь развития. Реальные успехи страны дали нам уверенность в собственных силах. Послания Президента страны Н.А.Назарбаева народу Казахстана ежегодно ставят перед нами смелые задачи.

Не стало исключением и нынешнее Послание, прозвучавшее на пороге празднования Дня Независимости. В нем были выделены 10 направлений по социально-экономической модернизации государства. Большое внимание уделяется улучшению жизни населения, ставятся ясные цели, что дает нам возможность уверенно смотреть в будущее.

Хочу отметить, что в своем Послании Н.А.Назарбаев особое внимание уделяет образованию. Ведь будущее любой страны зависит от уровня всеобщего образования. Мы, студенты, будущие педагоги, понимаем и горячо поддерживаем внедрение в процесс обучения и воспитания современных технологий, повышение качества педагогического состава, доступность образования. Для реализации этих грандиозных проектов необходимо, подчеркнул он, создать оптимальные условия, одним из которых является модернизация системы образования, которая обеспечит качественную подготовку квалифицированных специалистов.

Особо подчеркнул Президент, что в деле образования надо обратить внимание на воспитательную его сторону: патриотизм, воспитание нравственных качеств. На мой взгляд, важно, что в своем Послании Президент неоднократно возлагает надежды в реализации этих грандиозных задач на молодежь, а значит, лично на меня.

Послание народу отобразило насущные вопросы в воспитании подрастающего поколения, акцентируя внимание на усилении воспитательных моментов во всех учебных заведениях. Отмечена решимость Казахстана прилагать максимальные усилия в антикризисной программе, превращение страны в огромную строительную площадку, создание новых рабочих мест, что вселяет в нас уверенность за наше будущее.

**Арайлым КАМЕНОВА,**  
студентка группы 04406, специальности «Информатика»



### ЖАҢА ДӘУІР БАҒДАРЫ

ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 14 желтоқсан күні, яғни, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Қазақстан 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жиырма жылдық тарихы бар еліміздің қазіргі кездегі барлық саладағы орасан зор жетістіктерімен қатар, болашаққа нық сеніммен қараған, «Мәңгілік ел» болу жолындағы мақсатты көздеген көшбасшының көрегендігін аңғарамыз. Сөз жоқ, XXI ғасыр қазақ тарихында «Алтын Ғасыр» болары айдан анық. Стратегияда кешегі мен бүгінгі күнге сараптама жасалып, қазақстандықтардың тұрмыс-тіршілігі ел танымастай өзгергені туралы, Тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңі аяқталып, алдағы уақытта әлемдегі табысты, қуатты мемлекеттермен иық тірестіру міндеті тұрғаны жазылған. Біз 2050 жылға қарай дамыған экономика және жалпыға ортақ еңбектің негізінде дәулетті қоғам құру бағытын ұстаным етіп отырған елміз. Қазақстандықтар Жолдауды өзінің өмірлік бойтұмары ретінде сезініп, алдағы мақсат-мұраттарын осы құжат негізінде жоспарлау қажеттілігі туындап отыр.

Жолдау әрқайсымызға үлкен жауапкершілік міндетін артып отыр. Өз басым педагог-ғалым ретінде, біріншіден, Президенттің жаңа кадрлық саясаты туралы жоспары қатты қызықтырады. Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті маман дайындай алмасаң болашағың бұлыңғыр болуы мүмкін. Сондықтан, тек аянбай еңбек етіп, халқымыздың қалыптасқан ұлы дәстүрінің бір сабақты жібі болайық деген арманымыз бар. Екінші, Стратегиядағы

қыздарды тәрбиелеу мәселесі үлкен ой ұялатуда. Өйткені, XXI ғасырдың ортасында дүниеге ұрпақ әкеліп, білім беріп, еңбек ететін де - қазіргі біз оқытып жүрген студенттер. Олардың өнегелі жанұя құрып, бала тәрбиелеп, қоғамда абыройлы болуы да, түптеп келгенде, бізге міндеттелуде. Себебі, жақсы маман болу – ол болашақтың кепілі. Отбасылық құт-береке, дәулетті өмір, болашаққа сенімді болу үшін қазіргі заманда шебер маман болудың маңызы зор. Үшіншіден, табысты өмірдің кепілі ретінде Президент ұлт денсаулығы деп атап көрсетеді.

Өркениеттің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылатын мәдениет пен өнерге мемлекет тарапынан әрдайым қолдау жасалуда. Елбасымыздың тікелей ұйғарымымен көптеген бағдарламалар іске асырылып, жаңа нысандар ашылып, шығармашылық ұжымдар қолдау табууда. Игі бастамашылдықтардың жарқын белгісі ретінде, үстіміздегі жылдың қазан айында Астана қаласында Тілеп атындағы қобызшылар сарайы мен «Astana opera» атты жаңа үлгідегі опера театрының ашылуы - өнер құдіретіне деген үлкен тағзымның белгісі. Осы тұрғыда қобызшылар сарайы - бұл еліміздегі жеке бір аспаптың құрметіне арналған тұңғыш ғимарат десек, опера театры - әлемдегі «La Skala» мен «Metropolitan opera»-дан кем түспейтін өнер ордасы.

Осындай, келешегі жарқын, болашағы қуатты, дәулетті елде өмір сүріп, еңбек етуімізді үлкен бақыт деп түсінеміз.

**Айгүл ЕРҒАЛИЕВА,**  
өнертану ғылымдарының кандидаты,  
вокал және аспаптық өнер кафедрасы

В последние годы система современного технического и профессионального образования претерпевает значительные изменения. Так, например, с 2012 года практически все профессионально-технические училища и лицеи приобрели статус колледжей. Данный статус предъявляет особые требования к подготовке специалистов широкого профиля. В связи с этим руководство колледжей выступают с инициативой расширения научных связей с высшими учебными заведениями, интеграции рабочих учебных программ, создания совместных методических пособий, подготовки специалистов максимально адаптированных к высшей школе. Ректорат университета, поддержав данную инициативу, 21 ноября 2012 года пригласил директоров колледжей ЗКО на круглый стол «О перспективах сотрудничества колледж - вуз». В мероприятии приняли участие 39 директоров колледжей области и их заместители по учебной работе, а также проректора, деканы факультетов, руководители структурных подразделений университета.

## ОБРАЗОВАНИЕ МОЛОДЕЖИ - СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ



Открывая встречу, проректор по учебной работе Г.К.Жусупкалиева обозначила ее актуальность и необходимость. При этом сделала акцент на новые возможности перспективного, успешного сотрудничества во всех направлениях учебной и научной деятельности.

В выступлении директора Центра карьеры А.С.Аманбаева были затронуты вопросы сотрудничества в области практик студентов с обеих сторон, проблемы сдачи комплексного тестирования выпускниками колледжей и пути их решения.

Ректор университета А.С.Имангалиев отметил огромный потенциал сотрудничества университета и организаций технического и профессионального образования, выразил уверенность в организации совместной учебно-методической и научно-исследовательской деятельности по созданию, развитию и внедрению эффективных образовательных программ и технологий обучения. Асхат Салимович выделил главные цели круглого стола, такие как обеспечение качества подготовки нового поколения высококвалифицированных специалистов через реализацию системы непрерывного образования «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ-ВУЗ» и подготовка студентов колледжей к поступлению в высшие учебные заведения Республики Казахстан с использованием современных достижений университета и современных технологий педагогической науки.

Выступление ректора поддержал начальник отдела ТипО управления образования ЗКО Ж.Т.Искалиев. Жумабай Тлешевич в своем докладе о развитии системы ТипО области, ее проблемах и перспективах остановился на таких моментах, как низкий уровень сдачи выпускниками колледжей комплексного тестирования в июле 2012 года, необходимость

взаимодействия организаций высшего образования и колледжей.

Председатель Совета директоров колледжей Ш.Х.Курманалина подчеркнула важность создания совместных образовательных программ, поиска новых путей учебно-методического и научного взаимодействия. Также ею была высказана надежда на помощь университета в повышении конкурентоспособности выпускников учреждений образования технического и профессионального образования на конкурсе по присуждению образовательных грантов на обучение в организациях образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования.

Директора колледжей высказали пожелания тесного взаимодействия в деле повышения качества образовательных услуг и совместной деятельности всех участников. Они предложили взаимный поиск методов повышения качества образования на рынке труда. В частности, по специальности профессиональное обучение есть возможность трудоустройства выпускников университета в колледжах при расширении практической части учебной программы подготовки данных специалистов.

По итогам встречи ректором университета А.С. Имангалиевым и председателем Совета директоров колледжей Ш.Х. Курманалиной был подписан Меморандум о взаимодействии и сотрудничестве. Данный документ даст возможность тесного сотрудничества в оказании необходимой теоретической и практической помощи для совместной научно-методической работы, в организации совместных мероприятий в подготовке студентов колледжей к комплексному тестированию, сотрудничестве в деле профессиональной ориентации будущих специалистов.

В рекомендации круглого стола можно выделить такие основные моменты, как:

1. Оказание содействия в проведении учебно-методической и научно-исследовательской деятельности по созданию, развитию и внедрению эффективных образовательных программ и технологий обучения.
2. Выполнение мероприятий по подготовке выпускников учреждений образования технического и профессионального образования области к вступительным экзаменам в высшие учебные заведения Республики Казахстан, в частности, такие как привлечение студентов на подготовительные курсы университета.
3. Создание равноценных условий для обучения и прохождения практик студентам колледжей и университета.

А.С. АМАНБАЕВ,  
директор Центра карьеры

25 декабря состоялся традиционный ежегодный ректорский бал.

## На ректорском балу



Участниками бала стали студенты-активисты и порядка 60-ти студентов из числа социально уязвимых слоев. С новогодними поздравлениями и пожеланиями выступил ректор ЗКГУ Асхат Салимович Имангалиев.

В этом году все было необычно. Банальный банкет был превращен в праздничное, веселое новогоднее действо, на котором приглашенные были одновременно и участниками и зрителями. Каждый факультет подготовил и представил свою концертную программу. Кроме этого, были проведены конкурсы, на которых выбирались лучший танцор, лучший певец, лучшее новогоднее пожелание, самый талантливый студент.

По словам студентов, было очень необычно и весело. Одно дело быть зрителем, другое – совместно творить праздник.

В номинации «Лучший танцор» победила Меруэт Токмамбетова (ф-т «История и право», 1 курс), «Лучший певец» - Мади Хасенов (педагогический ф-т, 1 курс), «Лучшее новогоднее пожелание» - Дария Койлыбаева (педагогический ф-т, 2 курс), «Самый талантливый студент» - Наурызбай Касымов, (ф-т «Культуры и искусств», 1 курс). Каждый участник получил новогодний подарок от Общественного объединения «Профессиональный союз студентов ЗКГУ им. М.Утемисова».

- В этом году мы постарались сделать праздник необычным. Ведь это юбилейный для нашего вуза год. Желаю всем в новом году исполнения всех заветных

желаний, успехов во всех начинаниях. И с Новым 2013 годом! – пожелала председатель ОО «Профессиональный союз студентов ЗКГУ им. М.Утемисова» Айжангуль Пергалиева, студентка 4 курса Филологического факультета.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

► Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті 29 қараша 2012 жылғы 2013-2015 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсын жариялады.

Осы конкурстық құжаттамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 Қаулысымен бекітілген Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына сәйкес «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру шеңберінде ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға өтінімдер дайындау үшін ғылым саласындағы уәкілетті органмен әзірлеген.

Гранттық қаржыландыру конкурсы ғылымды дамыту бойынша негізгі бес ғылыми бағыттарымен анықталған: олар энергетика, шикізат пен өнімдерді терең қайта өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, өмір туралы ғылым, елдің интеллектуалдық әлеуеті. Конкурсқа аккредиттелген ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары қатысуға құқылы.

Аталған конкурсқа М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылым-оқытушылары ғылыми-зерттеу жобаларын арнайы дайындап, конкурстық құжаттамаларын тапсыруда. Университетімізден 25 оқытушының ғылыми-зерттеу жобалары дайындалып, ұсынылып отыр.

► Польшаның Халықаралық туризм және мәдениет институтымен жасасқан келісімнің негізінде үстіміздегі жылдың 14-25 желтоқсан аралығында университетіміздің 5 студенті мен 7 оқытушысы Польшаның Халықаралық туризм және мәдениет институтына халықаралық семинарға қатысып келді. Осы семинар шеңберінде қатысушыларға Европаның 5 еліне экскурсия ұйымдастырылды. Семинардан соң студенттер мен оқытушылар сертификатқа ие болды.

► Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 15-29 желтоқсан аралығында Уфа қаласының Башқұрт мемлекеттік университетінен тарих ғылымдарының кандидаты Ильясов Тимур Тагирович М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасында әлеуметтану және халықаралық қатынастар мамандығының студенттері мен магистранттарына дәрістер оқыды. Башқұртстан мен Қазақстан арасындағы этносаяси байланыс, әлеуметтік саладағы қарым-қатынас сөз болған және этникалық ортадағы әлеуметтік қатынастар жөніндегі мәселелер қозғалған ғалым дәрісін қатысушылар үлкен қызығушылықпен тыңдады.

## Ұстаз – ұлы есім

Ұлағатты ұғымның бір бөлшегі – ұстаз. Оны мен солын танып білмеген жас жеткіншектердің көңіліне сенім ұялатып, қияға қанат қақтыратын, көгілдір балапанна аққудай өсем де әдемі құсты баулып шығаратын ұстаздар қауымы десек қателеспейміз.



Қылыштың өткір жүзді жарқылындай, заманның жетіп болмас қарқынындай ақ пен қараны, жақсы мен жаманды санамызға сіңіріп, білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздардың адам өмірінде алатын орны ерекше. Осындай біздің қадір тұтатын ұстаздарымыздың бірі - Темірғали ағай. Ұлағатты ұстазбен жүздесу мақсатында университетте мұражай меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызы Есикенованың ұйымдастыруымен Қайырғалиев Темірғали Қайырғалиұлымен кездесу болып өтті. Темірғали Қайырғалиұлы - университет түлегі, жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану кафедрасының аға оқытушысы.

Кездесуге Темірғали ағайдың әріптестері, шәкірттері және студенттер қатысты. Кеште кездесудің басты куәгерімен студенттер қауымы сұхбат алысты және ұстаз құрметіне әннен шашу шашты. Салтанатты кеште ұстаздың еңбегі мен жетістіктерінен көрме ұйымдастырылды.

Темірғали ағай - бала тәрбиесіне, баланың сапалы білім алуына өз септігін тигізіп жүрген құрметті жандардың бірі. Студенттердің жан-дүниесін сезіне біліп, оларға түсініктікпен қарайды. Студенттермен тығыз қарым-қатынас жасап, болашақтарынан үлкен үміт күттіретін елеулі, еңселі жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруде. Қарапайым болмысы мен бітімі жайдары да ашық мінезімен ұштасып жатырған аяулы ұстазымызға денсаулық, еңбегіне жемісті нәтиже тілейміз.

Перизат АҚҚҰЛОВА,  
Педагогика факультетінің студенттік деканы

Қазақстаннан барған студенттерді поляк халқы жылы қабылдады. Польша еліндегі беделі жоғары, танымал қорлардың бірі болып табылатын Дипломатиялық және иммиграциялық мұражайында халықаралық консулдар конференциясы өтті.

## ВҚМУ студенттері Польшада

Бұл маңызды конференциядан Қазақстаннан барған студенттер де тыс қалған жоқ. Мексика, Украина, Босния және Герцоговина, Германия, Италия, Испания, т.б. елдерден келген қонақтар Азия елдерінің тынысы туралы пікір алмасып, студенттер қазақ елінің бүгінгі жағдайы туралы өз ойларын айтты. Дипломатиялық және иммиграциялық мұражайдың басшысы, Польша елінің дипломаты Адам Судол мырза Польша дипломаты әлем бойынша шашырап жүрген поляк халқы үшін Тәуелсіздік күні – айрықша мейрам екенін атап өтті. Барлығымыз білетіндей, 123 жылғы бодандықтан кейін 1918 жылы Польша елі өз егемендігіне ие болған еді,»-деп келген қонақтарға Польша елінің тарихы, өткені мен бүгінгі туралы көптеген мағлұматтар беріп өтті. Конференцияда Быдгощ қаласының Президенті де Қазақстаннан келген студенттерге өз ризашылығын білдіріп, жақсы маман болып шығуларына өз тілегін білдірді.

Быдгощ қаласының ең бай адамы Қазақстаннан келген студенттерді қонаққа шақырып, Польша елінің қонақжайлығын көрсетті. Студенттер бадминтон, шағын футбол ойындарын ойнап, велосипед жарысын өткізді.

Халықаралық Туризм және мәдениет университетінің студенттері мен ұстаздар қауымы Польша тарихындағы маңызды көпірдің ашылуына куә болды. Бұл көпір эсперанто тілін үйреніп жатқандарға арналып, «Эсперанто көпірі» деп аталды. Жергілікті және республикалық телеарналармен өткен бұл шарада ресми түрде тұсаукесу рәсімі Қазақстаннан келген студенттер Жансұлтан Нұрмұханов пен Айдана Тажмухановаға бұйырды. Ресми шарадан кейін арнайы дастархан жайылып, ел тарихындағы жаңа көпірге ақ тілектер айтылды.

Студенттер түрлі бағытта ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға белсене қатысты. Мәселен, Туризм және мәдениет университетінің ұстаздар қауымы студенттерді «Сәлем Поляк еліне» атты қалалық ұлттық аспаптар оркестрінің концертіне шақырды. Концерттік бағдарламада ұлттық өндермен бірге опералық шығармалар орындалды. Сонымен қатар, Быдгощ қаласының Жастар сарайында орыс тілді поляк студенттерінің қатысуымен «Әрқашан күн сөнбесін...» деген тақырыппен мультимедиялық мастер класс өтті. Біздің елден барған

студенттер «Қазақстан тарихы», «Қазақстан салт-дәстүрлері», «Қазақстанның бүгінгі тынысы», «Қазақстан жастары», «Қазақ өні мен киносы» тақырыптарында өздері дайындаған видео баяндамаларымен таныстырды.

17-қараша - халықаралық студенттер күнінде қазақстандық студенттер мен Торун жоғары университетінің студенттері халықаралық конференция-кездесу өткізді. Алғаш болып



сөз алған ректор Ивона Пржеор-Пастурсжак студенттерге ризашылығын білдіріп, бүгінгі кездесудің университет үшін маңыздылығын атап өтті. Қазақстаннан келген студенттер атынан Алпамыс Шаримов «Қазақстан – менің Отаным» атты презентациялық баяндамасын оқып, Торун жоғары университетінің студенттерінің қазақтардың салт-дәстүрлері, оқу жүйесі туралы сұрақтарына жауап берді. Аталмыш конференция ректор ханым Ивона Пржеор-Пастурсжактың түсі асқа шақыруымен аяқталды.

Польша еліне барып қайтқан студенттер сол елдің мәдениетімен, дәстүрімен кеңірек танысып, мол мағлұматтар ала алды. Тәжірибе жинақтаған студенттер мұндай іссапарлардың маңызы жоғары екенін атап өтті.

## Уроки неравнодушия

**Что вы сделаете, если на ваших глазах человек прямо на улице потеряет сознание? Или ребенок вдруг подавится косточкой? Большинство из вас, желая помочь пострадавшему, полезет в карман за сотовым телефоном, чтобы вызвать скорую. Скорая или сотрудники ЧС наверняка знают, что делать в таких случаях. Но пока придут бригады помощи, могут быть потеряны драгоценные минуты.**

- У спасателей есть понятие о «золотых пяти минутах». Это те самые первые мгновения, которые собственно решают дальнейшую судьбу попавшего в беду. И поверьте, эти минуты

для демонстрации и обучения спасательным мероприятиям специальное оборудование стоимостью более тысячи евро. Это муляжи взрослого человека и ребенка, снабженные искусственными легкими, двустороннее одеяло для быстрого обогрева и охлаждения (с виду обыкновенная фольга), пластиковая маска для проведения искусственного дыхания в целях безопасности спасателя и многое другое.

-В Европе давно кардинально пересмотрено содержание автомобильной аптечки. Никаких таблеток. Маска, резиновые перчатки, одеяло-фольга и другие приспособления. Так что все-таки предпримете вы, если увидите лежащего на улице человека?



стоят человеческой жизни. А важнее чем человеческая жизнь не может быть ничего! – рассказывают о содержании программы и методики подготовки преподавателей физкультуры польские ученые супруги **Александр и Татьяна Скалий**, проводившие в рамках академической мобильности в ЗКГУ им. Махамбета Утемисова занятия и мастер-классы.

Александр Скалий является директором института здоровья и физической культуры экономического университета г. Быдгощ (Польша), а также он - председатель комиссии по образованию Европейской федерации спасения, руководит процессом образования безопасности в 24 странах Европы. Татьяна Скалий является преподавателем вышеступающего института, также является спасателем, она же мастер спорта международного класса по гандболу. Помимо теории ученые привезли с собой

– и, расстегнув чехол привезенного оборудования, Александр расположил на полу условного пострадавшего.

С полминуты потоптавшись у муляжа, я робко предложила свой мобильник для вызова скорой, при этом от растерянности не вспомнив номера.

-Телефон – это важно, но в данном случае второстепенно. Кстати, номер – 103, - предупредила мою панику Татьяна.

Первоначально **оцените ситуацию** – вам самим ничто не должно угрожать. На дороге - остановить транспорт, у электрического столба – обезвредить от проводов. Любого **прохожего попросите вызвать скорую и службу спасения**, очень четко называя адрес и возможные причины беды. Затем послушать, есть ли дыхание у пострадавшего. Желательно достаточно громко попробовать дозваться. Если ответа не последовало,



Кафедра теории и практики обучения иностранному языку и переводу с радостью делится новостью: две наших магистрантки, Гульнара Есбергенова и Фариза Курмангали, стали обладателями стипендии «Болашак»!

Новый Казахстан нуждается в кадрах новой формации: свободно, ситуативно владеющих иностранными языками, способных самостоятельно добывать знания и находить ответы на самые сложные вопросы, желающих двигаться вперед по пути постижения новых знаний и научных высот.

## Болашаковцы из ЗКГУ

Переводчик – это профессия, потребность в которой обнаружилась с освоением Карачаганакского газоконденсатного месторождения. В 2003-2009 г.г., созданная в ЗКГУ для подготовки переводчиков кафедра теории и практики перевода сделала многое, чтобы покрыть потребность в переводческих кадрах.

Теперь для страны нужны не только переводчики-практики, но и переводчики, обладающие солидными теоретическими знаниями. Нужны переводы самой разнообразной в жанровом отношении литературы с основ-



ных европейских языков на казахский язык и с казахского на европейские языки. Такой работой и, в частности, её организацией могут заниматься только специально подготовленные научные кадры.

Как заведующая кафедрой, я всегда мечтала о таких специалистах, в особенности, получивших образование в стране изучаемого языка – Великобритании.

Великобритания справедливо считается страной перевода. Научные кадры этой страны внесли большой вклад в разработку проблем перевода с английского на другие иностранные языки. Вряд ли сейчас в Великобритании кому-либо придет в голову назвать перевод второстепенной специальностью, а переводчика – человеком, способным лишь повторять то, что сказали другие. В Великобритании переводчик – столь же уважаемая интеллектуальная профессия, как врач или адвокат. Осознание того, что переводчик выполняет великую посредническую миссию, обеспечивая контакты между культурами и взаимопонимание между людьми, сложилось в этой стране в результате всего исторического развития их нации.

В связи с потребностями нашей страны в переводческих кадрах, необходимости вести научную работу по сопоставительному переводу с казахского и европейских языков, считаю достижением кафедры поступление двух наших магистранток в зарубежную магистратуру.

Гульнара Есбергенова поступила в ЗКГУ им. М.Утемисова, окончив СОШ в районном центре Казалы Кызылординской области. Родители Гульнары – отец – Исамадин и мать – Мауегуль, люди творческие: мама – дизайнер одежды, папа – художник.

Фариза Курмангали поступила в наш университет после окончания средней школы в поселке Егиндикуль Каратобинского района Западно-Казахстанской области. Родители Фаризы – отец – Тлепкали и мать – Саржан работают в Уральске: папа – агрономом в частном предприятии, а мама – врачом-стоматологом.

Гульнара Есбергенова и Фариза Курмангали закончили ЗКГУ им. М.Утемисова в 2012 году. В этом же году, сдав вступительные экзамены, поступили в магистратуру по специальности 6M011900 - «Иностранный язык: два иностранных языка». Обе выразили желание специализироваться в области теории перевода и переводческой практики в магистратуре за рубежом.

Желаем Вам, дорогие наши болашаковцы, творческих успехов, научных открытий, удачи, личного счастья!

С нетерпением будем ждать Вашего возвращения в родной вуз, ЗКГУ им. М.Утемисова!

**А.Г.АБУХАНОВА,**  
зав.кафедрой, к.ф.н., доцент

внешних ран нет, дыхания нет – можно приступать к искусственному дыханию. Тридцать ритмичных надавливаний на грудь и два выдоха. И у подыхавших к этому времени врачей будет больше шансов спасти человека жизнь. Студенты, а это около сорока человек, прошли обучение и получили сертификаты спасателей. Блок занятий включает цепь действий по выживанию в различных ситуациях, в том числе на воде. В дальнейшем, при желании им можно продолжить обучение и получить сертификат спасателя-международника.

**Марта Джумагалиева**



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні белгіленіп, ресми түрде тойлануы - барша қазақстандықтар үшін тамаша мереке. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы - өз Отанымыздың өркендеуіне, экономикасының дамуына баса назар аударып, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды азамат. Осындай ұлты үшін жаралған азаматты ұлықтар күннің Қазақстан халқы үшін артық етпесі анық. Осы мереке аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылды. Солардың бірі – «Елбасы Н.Ә.Назарбаев және жаңа әлемдегі Қазақстан» атты ғылыми-теориялық конференция.

## ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ және жаңа әлемдегі ҚАЗАҚСТАН

Бұл маңызды шара Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Конференцияны ашқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы Әсет Сембайұлы Тасмағамбетов мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтап, еліміздің өсіп-өркендеуіне бәріміз үлес қосайық, - деп, жастарға үндеу тастады. Конференцияның қонағы Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Серік Кенжебекұлы Сүлеймен баршамызды тамаша мейраммен құттықтап, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына арналған мазмұнды баяндамасын тарту етті. Конференция жұмысы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Әсет Сембайұлының «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы және республикадағы білім жүйесінің дамуы» тақырыбындағы баяндамасымен жалғасып, тәуелсіздіктің арқасында Елбасының бастамасымен асқар асуларды, биік шыңдарды бағындырған қазақ елінің келешегі жарқын екендігін атап өтіп, жоғары білім беріп, ғасырға жуық шежірелі тарихы бар білім ордамыздың жемісті жетістіктерін де өз жұмысына арқау етті.



Тәрбиелік мәнге ие бұл жиында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті академиялық мәселелер және Болон процесі жөніндегі департаментінің директоры, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Қайсағалиева Гүлжихан Смаилқызының «Модернизация деятельности вуза и индустриально-инновационное развитие региона», Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Байболсынова Әлфия Сабырғалиқызының «Елбасы және интеграциялық мәселелер», дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сүлейменова Гүлнар Бахықызының «Роль Н.Назарбаева в развитии теории Еразийства» және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің IV курс студенті Мергенева Динараның «Н.А.Назарбаев: стратег, дипломат, политический деятель» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалып, ұсыныс-қарарлар қабылданды.

Светлана БЕККУЖИЕВА

## ЕЛІМЕН ЕТЕНЕ ЕЛБАСЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні кең көлемде аталып өтуде. Қазақстан тәуелсіздік алған жиырма жылдан астам уақыт ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тарихтың сын сағаты соққанда туған халқының көреген көшбасшысы, жарқын істердің жасампаз тұлғасы ретінде қазақ халқының мақтанышына айналды. Осы мереке аясында 2012 жылдың 27 қарашасы мен 3 желтоқсаны аралығында М.Өтемісов атындағы БҚМУ бас ғимаратында 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елімен етене Елбасы» атты тарихи кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Тарихи көрмеде Елбасының елді басқарған жылдарындағы хронологиялық томдық басылымдары, Президенттің әр жылдары жарық көрген кітаптары, ол туралы жазған авторлардың томдық кітаптары, отбасылық өмірбаяны, алғашқы еңбек жолын баяндайтын құжаттар мен марапаттары, елдің ішкі және сыртқы саясаты, әлеуметтік саланың өркендеуі жөніндегі құнды басылымдар көрмеден орын алады. Сонымен қатар «Қазақстан - 2030» Стратегиясы, Елбасының Қазақстан халқына Жолдаулары (1998-2012жж.),

ЕҚЫҰ саммиті, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, интеллектуалды ұлт қалыптастыру және елімізде саалауатты өмір салтын нығайту жолында жетістіктер көрсетілген. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің салиқалы саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды беттері әлемдік қоғамдастық тарапынан шынайы бағасын алғаны ақиқат әрі оның маңызы да зор.

Ғылыми кітапхана

1 декабря 2012 года в ЗКГУ им. М.Утемисова прошел областной дебатовый турнир, организаторы которого Департамент внутренней политики ЗКО и ЗКГУ им. М.Утемисова при поддержке областного центра «Ақиқат», посвященный Дню Первого Президента Республики Казахстан на тему: «Единство страны - пьедестал независимости!»

## «Единство страны - пьедестал независимости!»



Турнир начался с торжественного открытия. Первым поздравительное слово выразил главный специалист ОЮЛ «Ассоциация молодежи» Западнo-Казакстанской области Айтбаев Нурбек Еркенович, выпускник ЗКГУ им. М.Утемисова. Следом за ним слово было предоставлено руководителю культурно-досуговой работы ЗКГУ им. М.Утемисова, председателю молодежного

общественного объединения «Дебатного центра «Ақиқат» ЗКГУ» Мergenу Куанышевичу Сулейменову, который поздравил всех с праздником, отметил значимость этого дня для народа Казахстана и объяснил правила ведения игры.

«Қазақ сөз қадірін ертеден жете түсінген. Ұтымды ой айту, құнды сөз арқылы ойындағысын жеткізу ата-бабадан қалған игі дәстүр десек те болады. «Шешендік – көп сөздікте емес, тапқырлықта» деп Ғабиден Мұстафин айқандай, шешендік өнердің қыр-сырын жетік меңгеріп, саналы да ұтымды ойды тапқырлықпен ұштастыра білген жастарымыз - ел үмітін ақтар ертеңі болашағымыз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан да еліміздің ертеңі тұтқасын ұстар болашақ жастарымыз саналы да сапалы білім игеріп, тәлім-тәрбие алып, қандай жерде болмасын өз ойын еркін түрде жеткізе алатындай тұлға болып қалыптасуы қажет. Ата-бабадан келе жатқан осы бір шешендік дәстүрдің жойылып кетпей, керісінше жаңғырып келе жатқанының айқын көрінісі ретінде Батыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қолдауымен «БҚМУ «Ақиқат» пікір-сайыс орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған облыстық пікір-сайыс турнирін атауға болады және бүгінгі «Ел бірлігі - тәуелсіздік тұғыры» тақырыбындағы пікір-сайыс турнирі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналып өткізіліп отыр», - деп баса айтты Мерген Куанышұлы.

В турнире приняли участие 15 команд казахской лиги и 11 команд русской лиги. Встреча прошла живо, интересно. Члены жюри отметили хорошую подготовку и творческий подход.

Участникам были представлены такие темы: ЭП за ассоциативность бизнеса в связи с вступлением Казахстана в ВТО; ЭППЭМ изменения пенсионной системы; ЭППМ развития бренда Астаны как города мира и согласия; ЭПС, что если во главе стран мира будут стоять женщины, мир будет безопасным; ЭП добавит один день к числу государственных праздников; ЭП назовет 3 великих

## Қазақ елі өз Елбасымен МАҚТАНАДЫ

Тұңғыш Президент күні еліміздегі еңселі де мерейлі мереке ретінде өзін елінің патриоты санайтын әрбір тұлғаның кеудесін қуанышқа толтырды, мерейін тасытты. Қазақ елі тәуелсіздігінің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтеріп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қауымдастыққа танытқандығына халқымыз дән риза. Былтырғы жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында бір топ қоғам қайраткерлері 1 желтоқсанды Тұңғыш Президент күні ретінде мемлекеттік мерекелер санына қосу туралы бастама көтерген-ді. Ұсыныстың мәні Тұңғыш Президенттің дәл осы 1 желтоқсанда сайланып, Қазақстан Республикасында Президенттік институтқа қадам дәл осы күні жасалуымен түсіндірілді. Осылайша «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға тиісті қосымша енгізіліп, 1 желтоқсан ресми негізде Тұңғыш Президент күні ретінде белгіленді. Бұндай халықтық мереке әлемде бар үрдіс екендігін де айрықша атап көрсету орынды. Бұған Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Атазаңын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын қорғаушы ретіндегі рөлі негіз ретінде алынған. Шын мәнінде, Елбасының елімізді аяғынан нық тұрғызып, әлемге танытудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Иә, Қазақ елі өз Елбасымен мақтанады. Елге танымал марғасқа ғалымдар сөзіне сүйене айтар болсақ, бүгінгі Елбасына берілген халықтық баға аса жоғары. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, халқының күллі қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрін жете білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, жұртшылықты алақанына салып аялайтын, сенімін, үмітін ақтай алатын, ел тағдырына жауап бере алатын Азамат; Бар қазақты бауыр тұтып, басынан сипай алатын мейірімді Жанашыр; Қар жауса, күрек, жел тұрса, тірек бола алатын халықтың қамқоршы Қызметшісі; Ағаны ағдай, ініні інідей сыйлайтын, әдептен аттамайтын, ешкімді бөліп-жармайтын, халқының мұңдасы, Тағдырласы; Ол қорыққанда – қорған, тарыққанда – пана, зарыққанда сана бола білетін, ел таныған, көпшілік мойындаған, мінезге бай, антқа адал, сертке берік, пейілі кең, байлыққа құнықпайтын қазақ халқының шын Перзенті; Ел басына күн туса ауыздықпен су ішетін, етікпен су кешетін; туған жерін, Отанын қызғыштай қорғайтын, көзінің қарашығындай сақтайтын; іске алымды, сөзге шалымды, бүгінгісін оза ойлайтын, ертеңін дұрыс болжайтын көреген Көсем; Адамзат тарихын, дін тарихын, қоғамның, мемлекеттік даму заңдылықтарын, әлемдік процесті жетік білетін, оны жүзеге асыра алатын Іскер; Қазақстанның байлығын төгіп-шашпай халықтың игілігіне айналдыратын, Қазақстанды озық елдердің қатарына қоса алатын, нардың жүгін көтеретін қайталанбас Қайраткер; Халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсері басатын, елден-елден мейірімін шашатын аузы дуалы Саясаткер. Берілген бұл баға-тұжырымдарға ел куә. Оған дәлеліміз де жеткілікті. Мәселен, бүгінгі таңда Қазақстан жерінде жаһандық іс-шаралар өтуде. Бұған жуырдағы ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесін өткізу құқығына ие болуымызды қосыңыз. Елбасы сөзімен түйіндесек, «бұл отандық экономиканың дамуына, инновациялық дамуға, орнықты экология мен «жасыл экономиканы» енгізуге зор мүмкіндіктер береді».

Демек, Нұрсұлтан ағамыздай, Елбасыға тән қасиеттер бойынан түгел табылатын, яғни, төселген көнігі саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі, ғалым, кешкіл емес, текшіл, жікшіл емес, көпшіл, жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім менің – өзегім меніңдейтін Азаматымыздың – Қазақ елі Президенті болғанына мақтанамыз. Бұл – ұлттық құндылық, ұлттық мақтаншыл! Лайым, тұлғамыздың жолы ашық болғай, тіл-көзден сақтағай, сүзгіден өткендей сүбелі істерінен сүріндірмей!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Халықаралық көптілі білім беруді дамыту орталығының директоры, п.ф.д., профессор

политиков всемирной истории

При разборе этих тем разгорелись горячие споры между студентами. Каждый участник областного дебата показал умение критически мыслить и рассуждать. Несмотря на сложность вопросов, были поставлены все точки над «і», благодаря подкованности студентов в политике.

Таким образом, в ожесточенной ораторской схватке среди казахской лиги одержала победу команда «Жалын КЗ» - участники команды студенты ЗКГУ им. М.Утемисова Еркебұлан Мырза, Әділет Орынбасаров. Второе место забрала команда ЗКАТУ им. Жангир хана «Алаш». Команду представили Еркен Муратов и Жансая Жадиева. Третье место у команды ЗКГУ им. М.Утемисова «Ғибрат» - Еркін Муратов и Мерхан Абдулов.

Среди русской лиги первого места была удостоена команда ЗКАТУ им. Жангир хана «One love» - Динара Жабанбаева и Асхат Ергалиев. Второе место у сборной команды АТИСО и ЗКГУ им. М.Утемисова «Lex» Муханбета Нугманова и Айжан Мазалиевой. Третье место забрала сборная команда ЗКГУ им. М.Утемисова и МГУ им. Ломоносова «Pride», участники которой Алмас Мустафа и Талгат Берсеменов.

Кроме того были присуждены номинации «Лучший спикер» и «Лучший судья». Так, лучшим спикером оказались Еркен Муратов, представитель команды «Алаш» в казахской лиге, и Талгат Берсеменов - участник команды «Pride» в русской лиге. Лучшими судьями стали Мерхан Абдулов и Ренат Бердалиев.

Организаторы вручили победителям подарки и дипломы в память о прошедших дебатах, которые стали еще одной ступенью в образовании, еще одним вкладом в устойчивое развитие нашего общества.

Р.К. МУХАМЕДЬЯРОВА,

студентка 3-го курса филологического факультета, стипендиантка Н.Назарбаева

## Долгожданная встреча

Вот и наступил долгожданный праздник. ЗКГУ – 80 лет! Юбилей собрал дорогих гостей – общественных, политических, культурных деятелей страны, ветеранов и выпускников разных лет! Главный корпус университета – одно из старейших зданий Уральска – заметно принарядился. Красная дорожка, вдоль которой выстроились студенты, с раннего утра ожидала гостей. Под крики ура и радостные приветствия прошествовали первые гости праздника. Но не просто было войти в двери университета. Неутомимый проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Туймеш Малбагаровна Даришева задумала проводить с каждым гостем импровизированное интервью. Растеряв волнение и неловкость, именитые гости отвечали на вопросы, вместе со студентами скандировали «ЗКГУ-БКМУ» и под оглушительное «ура!» переступали порог университета.

До минуты спланированное мероприятие чуть не сорвалось в самом начале. Ведь в этот праздничный день встретились вчерашние студенты. И пусть их головы посеребрила седина, они вновь были молоды. Шутки, смех, всеобщее ликование. Разбившись на группы, фотографировались вчерашние однокашники, с почтением здоровались с преподавателями, будто вновь сдавать зачет или экзамен. В числе почетных гостей – аким Западно-Казахстанской области Нурлан Аскарлович Ногаев. К чести первого руководителя области, в этот праздничный день он, отложив все важные дела, лично присутствовал на всех запланированных мероприятиях юбилейного праздника.

Впрочем, бывалые люди знают толк в



# Дүркіреген той өтті



порядке. В розданных программах празднования юбилея, где главным событием было проведение научной конференции на тему «Жоғары оқу орындағы білім, ғылым және инновация: кешегісі, бүгінгі және келешегі», первым пунктом было посещение обновленного музея ЗКГУ.

В числе гостей с трепетом разглядывала экспонаты музея мажилисмен Елена Ивановна Тарасенко.

*«Я горжусь тем, что училась в этом вузе. В далеких семидесятых это был естгеофак пединститута имени Пушкина. Незабываемые полевые практики, знаменитые своей продолжительностью и содержательностью, на которых практически усваивались все теоретические познания. Это были настоящие уроки жизни, где учились дружить, преодолевать трудности, понимать мир. По окончании института я смело пошла в школу, семь лет проработала в 20-ой школе. Работа в органах власти будет позже. Но уроки, полученные в стенах института, помогают мне до сих пор.»*

И как призналась депутат Тарасенко, она робеет при виде своих преподавателей, будто снова стала студенткой, ожидающей невероятных открытий при общении с любимыми преподавателями.

## МҰРАЖАЙ – университет айнасы

Мерекелік шаралар М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тарихи мұражайының ашылу салтанатымен басталды. Мұражай кешенінің ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлан Асқарұлы Ногаев, қазір де халқымыздың қалаулыларына айналып үлгерген университеттің әр жылдардағы түлектері мен ардагер ұстаздар қатысты.

Оқу ордамыздың 1985-1989 жылдардағы ректоры, экономика ғылымдарының докторы Сағындық Сатубалдин мен ардагер ұстаз Мерует Жолдықайырова мұражайдың тұсаукесер рәсімін жасады. М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов салтанатты шара қатысушыларын мұражай экспонаттарымен таныстырды.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мұражайы жұмысының негізгі қызметі – студент жастарды университеттің тарихымен, ғалымдарымен, ғылыми-жұмыс бағыттарымен, танымал қайраткерлерімен таныстыру, патриоттық және идеялық-рухани тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады. Мұражайда университеттің қалыптасу тарихы мен дамуы туралы сыр шертетін экспонаттар орналастырылған. 1932-2012 жылдар аралығында оқу ордамызды басқарған басшыларымен қатар, оқу орнының негізін қалаған, көрнекті ғалымдардың құжаттары мен фотосуреттері бар. Сол сияқты әр жылдарда қызмет

еткен ғалымдардың, оқытушылардың ғылыми еңбектері, фотосуреттері сақталуда. БҚМУ оқытушылары М.Отаров пен А.Әбдешовтің «Махамбет» экспозициясы мұражай төрінен ерекше орын алған. Батыр баба бейнесі «Махамбет» бөлімінде ашыла түседі. Бұл бөлімде Махамбеттің ақындық, батырлық, күйшілік қырларын мұражайға қойылған шығармаларынан үзінділер, әр жылдары баспадан шыққан кітаптар, домбыра, бес қару айқын көрсетіп тұр. «Президент бөлімінде» тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың суреттері мен еңбектері көрнекі жерде орналасқан.

Университетімізді бітірген түлектердің көпшілігі – республикаға, шетелге танымал ғалым, қоғам қайраткерлері. Осыған орай «Университетмақтанышы», «Оқу орда түлектері» экспозициялары университеттің түлектеріне арналған. Білім мен ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан, көп жылғы және маңдайгер еңбектері марапатталған университеттің академиктері мен ғалымдарына, профессор-оқытушылық құрамына, білім беру саласына



еңбегі сіңген қызметкерлеріне арналған экспозициялары толық қамтылған. Мұражайда

олардың фото-суреттері мен еңбектері де лайықты орын алған. «Университеттің спорттық жетістіктері» атты мұражай экспозициясында университет оқытушыларының жеке спорттық наградлары көрсетілген. Олардың арасында қысқы Азия ойындарының жеңімпаздарын ерекше атап өтуге тұрарлық. Сонымен бірге мұражайда университет факультеттерінің оқу-әдістемелік жұмыстары, тарихтағы мазмұнды оқиғалары, 2005 жылдан бергі халықаралық марапаттары, білім мен ғылымдағы жетістіктері көрсетілген. Мұражайда қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрін айқындайтын өткен ғасырдың айшықтары сақталуда. Атап айтқанда, кебеже, сандықтар, ұлттық музыка аспаптары, тұрмыста пайдаланатын заттай экспонаттар және шаруашылық заттар және профессор М.М.Тілеужанов ел арасынан жинаған зергерлік бұйымдары да мұражайдан орын алған.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына орай қасетті қара шаңырақтың қадірлі қонақтары «Қадірлі меймандар» кітабында жылы лебіздерін білдіріп, қолтаңбаларын қалдырды.

Нұрлан Асқарұлы Ногаев - Батыс Қазақстан облысының әкімі:

«Университеттің 80 жылдық мерейтойымен ұлағатты ұстаздарды, педагогтарды, барлық қызметкерлерді, ардагерлерді шын жүректен құттықтай отырып, атқарып жүрген ісістеріңізге шығармашылық табыстар, дендеріңізге саулық, шәкірттеріңіздің мол шапағаты мен ыстық ықыластарына бөлене берудеріңізді тілеймін.»

Ақсұңқар ҒАЗИЗҚЫЗЫ,  
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының  
2-курс студенті

## Студенттерге сыйлық

Студенттік өмір – адам өмірінің қызығы мен шыжығы, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін албырт шақ. Білім қуып келген студенттерге ата-анадан шалғайда, бейтаныс орта, ережесі бекітілген жатақхана, қиын соққанымен, қызықты тұстарымен есте қалары хақ. Уақыт өте



келе бәріне үйреніп, тіпті қимас достар тауып жатады.

Студенттік өмір, соның ішінде жатақхана нағыз қайнаған өмір ордасы болып табылады. Жатақхана студенттері группаластарымен қоса, 399 адаммен дос болады. Оның үстіне күндегі қызықты оқиғалар тағы бар. Жатақхана тұрғындары үшін бұл мекен біздің екінші үйімізге айналды десек артық айтқандық емес. Жатақханамызда студенттерге барлық жағдай жасалған.

Биыл қасиетті қара шаңырағымызға 80 жыл толуына орай студенттер қауымына жаңа үлгіде салынған, 308 орындықты, ауданы 5675 км болатын студенттер үйі пайдалануға беріліп отыр.

Бұл – студенттер үшін қуанышты жаңалық. 400 орындықты №1 жатақханамызда 400 студент қызықты да қимас сәттерін өткізіп жүрсе, енді жаңа студенттер үйінде 308 студент ұмытылмас дәурендерін өткізетін болады. Иә, студенттер үйінің студенттері үшін студенттік өмір жаңа баспанада

жаңа парақтармен ашылды. Жаңа мекеннің №1 жатақханадан ерекшелігі, әр бөлмеде тамақ пісіретін, жуынатын бөлмесі сондай-ақ әжетханасы да бар. 308 орындықтың 258-і 5 адамдық болса, 50-і 2 адамдық. Онымен қоса, кітапханасы, әр қабатта оқу залы, үлкен 1 оқу залы, артық заттарды сақтайтын қоймасы да бар. Мұның бәрі – студенттерге жасалынып жатқан сыйлық. Студенттер есінде 80 жылдық мерейтойымыз ұмытылмас болатынына ешкімнің таласы жоқ. Енді студенттерге қойылар талап – ғылымда үздік, оқуда алда болулары.

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,  
жатақхана кеңесінің мүшесі



# БҚМУ-да

## Инновационные достижения

Открытие Парка информационных технологий «Махамбет» было приурочено к юбилею вуза. Это современное детище новаторской мысли было создано многими людьми, вдохновителем идеи которого является проректор по учебной работе Галия Кайдаровна Жусупкалиева. Право перерезать ленточку было предоставлено ветерану Великой Отечественной войны, директору Военно-патриотического музея ЗКГУ Павлу Романовичу Букаткину и Базару Кабдошевичу Дамитову, кандидату физико-математических наук, в прошлом ректору вуза-юбиляра.

Экскурсию по Парку, который включает в себя мультимедийный кабинет, интернет-кафе, видеоконференц-зал, виртуальную IT-лабораторию, лабораторию учебного телевидения и графического проектирования, интерактивную лабораторию естественных наук, провел директор Департамента инновационных технологий Даурен Гарипович Габдуллаев.

Пословам Аллы Рафшатовны Габдуллиной, выпускницы Уральского пединститута, ныне

доктора филологических наук, профессора кафедры языкознания и русского языка Донбасского государственного педагогического университета, впечатления от Парка информационных технологий потрясающие.

«Вновь оказавшись в своем родном вузе переживаю самые теплые воспоминания. Узнаю и не узнаю свой институт. Я бесконечно рада видеть, как вырос вуз за эти годы. На порядок выше, чем в Донбасском государственном педагогическом университете в Украине, в котором я сейчас преподаю. Ощущается настоящая забота в воспитании новой, молодой научной мысли, молодых ученых. Я искренне потрясена условиями обучения и проживания ваших студентов, техническим оснащением учебных аудиторий. Украине есть чему поучиться у Казахстана.



Как сказал, знакомя гостей с Парком, Даурен

Гарипович, информационные продукты, разработанные IT-специалистами нашего университета, отвечают современным требованиям и внедряются с 2003 года. «Электронные учебные материалы профессорско-преподавательского состава ЗКГУ разработаны на языке высокого уровня программирования C# и Object Pascal с применением интерактивных технологий обучения».

Таңертеңнен бастау алған мерекелік шара түстен кейін БҚО «Нұр Отан» ХДП ғимаратында жалғасын тапты. Салтанатты жиын басталардың алдында кештің қадірлі қонақтары көрмені тамашалады.

Көрме аясында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың мәдениет және өнер факультетінің оқытушылары мен студенттерінің қолдарынан шыққан туындылары: түрлі өшекей-бұйымдар, түрлі бағыттағы шығармашылық жұмыстармен қоса, «БҚМУ-ға 80 жыл: өрлеу биігі, самғау



сатысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Тарихи көрмеде БҚМУ-дың тарихы мен даму барысын қамтитын кітаптар қойылса, келесі бөлімде редакциялық баспа орталығында басылып шыққан университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері мен монографиялары, түрлі олимпиадаларда, байқауларда, жарыстарда орын алған студенттердің грамоталары мен дипломдары қойылды. БҚМУ ғылыми кітапханасы электронды оқу залы қорының бір бөлігі қойылған көрмеге оқытушы-профессорлар құрамының электронды оқулықтары шығарылған.

Салтанатты шараны ашқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев қасиетті қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті тек облыстық немесе аймақтық білім беру жүйесінде ғана емес, республикалық аренада да өзіндік озық дәстүрлерін қалыптастырған, қоғамға жоғары білімді мамандар даярлауда 80 жылдық бай тарихы мен айшықты қолтаңбасы бар өңірдегі бірегей білім ордасы, нәм, ірі ғылыми-оқу орталығы екендігін атап өтіп, бүгінгі той – университет тойы, білім мен ғылым тойы, қай заманда да, қай қоғамда да университет – ақыл-ой антологиясының алыптары мен марғасқалары мойындағандай, мәңгілік парасаттың киелі ғимараты, -деп баса айтты.

Ұлы тойдың қуанышымен бөлісуге келіп, мерекелік шараның куәгері болған Батыс Қазақстан облысының әкімі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев барша ұстаздар қауымын, ардагерлерді, студенттерді мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтап, 80 жылдық тарихы бар жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолды салып берген қара шаңырақ еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналатындығын сөз етті және университетке жоғары баға берген Нұрлан Асқарұлы ұстаздардың еңбектеріне жеміс, университетте білім шырағының мәңгі маздап тұруын тіледі.

## БҚМУ: білім, ғылым, мәдениет

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушылары Батыс Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен, қала әкімінің Алғыс хатымен, БҚО кәсіподағының құрмет грамотасымен, құнды сыйлықтармен марапатталса, ҚР Білім және ғылым министрлігінің наградаларымен, биология және экология кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы Т.Е.Дәрбаева «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, педагогика және психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Б.А.Молдағалиев, тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.М.Дәрішева «Ы.Алтынсарин» белгісімен, физика және математика кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты

Киелі білім ордасының дамып-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, әр жылдарда ректорлық қызмет атқарған Сатубалдин Сағындық Сатыбалдыұлына, Дамитов Базар Кабдошұлына, Сыдықов Мұрат Наурызғалиұлына, Рысбеков Тұяқбай Зейітұлына қажырлы еңбектері үшін «Құрметті ректор» куәлігі табысталап, құрметпен мантияны кигізу салтанатты кештің көрігін қыздыра түсті.

Жиынды университеттің 80 жылдығына арналған халықаралық конференцияның пленарлық мәжілісінің баяндамалары тыңдалды. Конференция өз жұмысында болашақ командаларды дайындауда зерттеу әдістерін қолданудың оңды тәжірибесін қарастырған көптеген үлкен мәселелерді қамтыды.

Халықаралық конференцияның секциялық жұмыстары қарашаның 24-ші жұлдызында жалғасын тауып, шараға Польшадан, Германиядан, Мимар Синан көркем өнер университетінен (Түркия), Қалмақ мемлекеттік университетінен (Ресей), Краснодар мемлекеттік мәдениет және өнер университетінен (Ресей), Самара мемлекеттік өнер және мәдениет академиясынан (Ресей), Астрахань мемлекеттік университетінен (Ресей), Пятигор мемлекеттік университеті (Ресей), Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина), Башқұрт мемлекеттік университетінен (Ресей) және республикамыздың ЖОО-нан ғалымдар қатысты.

Конференцияда тыңдалған тақырыптық хабарламалар ұсынылған зерттеулерінің әр түрлілігімен ерекшеленді. Маңызды жиында Қазақстан тарихы ғылымының



А.Е.Кузьмичева, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы А.М.Нұрғалиева, халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаев, география кафедрасының меңгерушісі, география ғылымдарының кандидаты, доцент В.И.Амельченко Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, бас есепші, экономика ғылымдарының кандидаты М.Қ.Бегеева, музыкалық білім беру кафедрасының доценті М.М.Попов «Құрмет» грамотасымен, менеджмент және кәсіпкерлік кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты Б.Қ.Сағынова А.Байтұрсынов атындағы медальмен марапатталды.



өзекті мәселелері, әлеуметтану және құқық саласындағы зерттеулер, жаңадану жағдайындағы экономиканың дамуы, білім жаңару жағдайындағы педагог кадрларды дайындаудың қазіргі жағдайы, сурет өнеріне инновациялық-коммуникациялық технологияларды енгізу, Қазақстан білім жүйесіне көп тілді білім беруді енгізу, қазақ, орыс және әлем



әдебиетінің өзекті мәселелері қарастырылды. Конференция жұмысына қатысушылар М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да әлеуеті жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлар қалыптасқандығын, отандық ғылымның өзекті мәселелерін табысты шешу маңызды факторы ретінде зерттеушілер мен ғалымдардың өзара ынтымақтастығын, баяндамалардағы көрсетілген мәселелерді шешу, сондай-ақ осы бағыттағы ұсыныстарды дайындау үшін жаңа зерттеулер мен жаңа тәсілдерді қажеттілігін, баяндамалардың жоғары деңгейде екендігін және олардың ғылыми жаңалықтары мен қолданбалы сипатқа ие екендігін атап көрсетті. Конференция қорытындысы бойынша шешімдер қабылданып, қарарлар қабылданды.

Салтанатты шара соңы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың шығармашылық ұжымы ұйымдастырған мерекелік концертке ұласты.

Светлана БЕККУЖИЕВА

■ Мерейтой



## Ардагер ұстаз 70 жаста

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының білікті маманы, бүгінгі күн талабына сай бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда өзінің қомақты үлесін қосып жүрген тәжірибелі ұстаз, аға оқытушы Мерғали Серғазыұлы Хусаинов асқаралы 70 жасқа толып отыр. Әр кез сырбаз, әр сөзін есеппен сөйлейтін, өзінің мұғалімдік мамандығына берілген Мерғали ағамыз әлі де қылаң бермеген күйінде.**

Ағамыздың өткен өмірі талай жастарға өнеге бола алады. Жалпақталдағы балалар үйінде тәрбиеленіп, осы жерде орта мектепті тәмамдаған Мерғали ағамыз 1960 жылы Орал педагогика институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оқуды үздік бітірген шәкіртін ректорат осы оқу орнына оқытушы қызметіне алып қалады. Сол 1965 жылдан бері бүгінге дейін мұғалімдік мамандықтан қол үзбей, барлық саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап келеді. Еңбекқор, өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын,

ізденімпаз ұстаз 1972-1975 жылдар аралығында аспирантураны да аяқтады.

1980 жылы Мерғали Серғазыұлы облыстық оқу бөліміне мұғалімдік-басшылық жұмысқа шақырылып, 1985 жылы М.Өтемісов атындағы санаториялық мектеп-интернатының директоры болып тағайындалады. Осы басшылық еткен 16 жыл ішінде мектеп ұжымы мерейтой иесін тек білгір басшы ғана емес, мықты әдіскер, ұлағатты ұстаз ретінде таныды. Өйткені ол кісі балалармен үнемі қоян-қолтық жұмыс істеуге де, іс-шаралар өткізуге де интернаттың қарбалас тірлігімен айналысуға да қашан да уақыт таба білетін.

Сондай-ақ бұл байланыс бүгінгі күні де өз жалғасын табуға, бұл орайда ағамыздың жылма-жыл демеушілік көрсетіп, материалдық көмек беріп отыруын ерекше атап өтуге болады. Әрбір ортада айналасындағыларға күн шуағындай мейірімін төгіп жүретін қарапайым болмысын шәкірттері мен жас ұстаздар үнемі үлгі тұтып жүреді және жасаған игі ісіне дән риза.

Мерғали ағамыз зейнеткерлікке шықса да, қазіргі күні майталман ұстаз, өз мамандығының нақ шебері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қызметінде жемісті еңбек етіп келеді. Ректорат, деканат, кафедра тарапынан ерекше қолдау мен сый-құрметке ие ұстаздың жеткен жетістіктері бүгінгі жас буынға үлгі-өнеге.

«ҚР білім беру ісінің үздігінің», Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, 40-тан астам ғылыми мақалалар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы Мерғали Серғазыұлы Хусаинов - ардақты әке, үлгілі отбасы басшысы, сүйікті жұбайы Зоямен бірге бес немере сүйіп отырған бақытты ата.

**Байжан МОЛДАҒАЛИЕВ,**  
БҚМУ доценті

«Темірді қызған кезінде соқ» демекші, күні кеше ғана болып өткен съездің делегаттарынан бұл жиынға М.Өтемісов атындағы БҚМУ тәрбие ісі жөніндегі бөлім жетекшісі, облыстық жастар мәслихатының депутаты Исатаев Мейрам Исатайұлы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жастар ісі жөніндегі бөлім жетекшісі, облыстық жастар мәслихатының депутаты Ержақыпов Мұратбек Санақұлы, «Болашақ жастардікі» облыстық жастар қоғамдық қорының директоры Мұхамбетқалиев Ермек Самұратұлы, «NIDS» компаниясының директоры, облыстық жастар мәслихатының хатшысы, «БҚО жаңа толқыны» ЖҚБ төрағасы Сатқанов Дәурен Сәбитұлы, «Жас Отан» ЖҚАтқарушы хатшысының орынбасары Азат Сағатов және съезге қатысушы өңіріміздің өзге де делегаттары қатынасты. Мұндағы басты мақсат, Астана қаласында өткен ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қатысуымен 8000 адам бас қосқан съездің күн тәртібінде қаралған мәселелер («Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының 2020 жылға дейінгі стратегиясы туралы; «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысын сайлау туралы; «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының орталық кеңесін сайлау туралы; «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу) мен онда алған әсерлерін бөлісу болды. Осындай игі бастаманың өту барысында съезге қатысып келген делегаттарымыз өз көрген, білгендерін бөлісуде аянып қалмады.

Осы съезде қарастырылған мәселелерді бір арнаға тоғыстырып, бар түйгенін М.И.Исатаев өз сөзінде былай деп атап өтті: «Ел азаматтарының 5 миллионға жуығы 14 пен 29-дың аралығындағы жастар, сондықтан да тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың да, мемлекеттің де ең басты назарында болды. Солардың дәлелі ретінде атап айтып өтер болсам, «Болашақ», «Жасыл Ел», «Жастар - Отанға», «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жас мамандар қоры» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып отыр. Сондай-ақ, жастар саясаты саласындағы жобаларды қаржыландыру соңғы 7 жылда 10 есеге артты. Тек биылдың өзінде

**2012 жылдың 20 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде үстіміздегі жылдың 16 қараша күні Астана қаласында өткізілген «Жас Отан» жастар қанатының II съезіне облысымыз бойынша делегациясы болып барып қайтқан бір топ аға буындарымыз бен белсенді студенттермен кездесу жиыны болып өтті.**

## «Жас Отан» жастар қанаты: Арман! Еңбек! Сенім!



жас мамандардың баспаналы болуына және оларды қолдау көмегіне 12 миллиард теңге жұмсалған екен. Президент Н.Ә.Назарбаев 2020-жылға дейін жас отбасыларға арнап 1,2 миллион шаршы метр тұрғын-үй салуды тапсырды. Бірақ бұлар, әрине құрғақ цифрлар ғана емес, әрбір көрсеткіштің артында орасан еңбек пен жастарға деген шексіз қамқорлық жатыр. Сондықтан да Елбасымыз осынау еңбектің жемісі мен қамқорлықтың жылуын жастардың жақсы білетініне кәміл сенеді».

Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Жас Отанның» студенттік құрылыс отрядтары күллі ел жастары үшін шынайы отансүйгіштік пен жанқияр еңбектің үлгісіне айналды.

Тек Батыс Қазақстан облысының өзінде осындай 20 отряд жұмыс істеді.

Мен Батыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарының жастарына, сонымен қатар табиғат апаттарынан зардап шеккендерге жанашырлық танытқан барша студенттерге жалынды сәлем жолдаймын!» деген ыстық ықыласын жеткізді.

Мейрам Исатайұлы съезден алған әсерімен бөлісіп, Елбасын

құрметтеумен қатар Отанға деген патриоттық сезімнің басым болуын студенттер қауымына ашық түрде үлгі-өнеге ретінде насихаттап өтті.

Жиында сөз алған Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті колледжінің 4 курс студенті Әділгерей Зұлхаров пен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Машина жасау» мамандығының 2-курс студенті Саян Мединовтың бастауымен «Жас Отан» жастар қанатының «Арман! Еңбек! Сенім!» ұраны да жастар арасында қайта жаңғырды.

Сондай-ақ кездесу соңында өзге де студенттер пікірлерін ортаға салып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Ақиқаты, студенттердің осы кездесу нәтижесінде бірлігі жарасқан 130-ға жуық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астында бір атаның баласындай біріктіре білген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа деген құрметтері, елге, Отанға деген патриоттық сезімдері арта түсті. «Елім маған не береді деп емес, мен елім үшін не істей аламын?» деген жастар қатары көбеюде деп нық сеніммен айтуға болады.

**Әугерім ҚАУЕН,**  
М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті

## Встреча с проректором

14 декабря в зале ученых научной библиотеки прошла встреча магистрантов с Галией Кайдаровной Жусупкалиевой, проректором по учебно-методической работе, кандидатом педагогических наук, доцентом. Встреча, организованная сотрудниками научной библиотеки ЗКГУ и магистрантами, была посвящена 80-летию университета. Для участников встречи магистрантской 1-го курса Асель Гайсаковой была продемонстрированы слайды «О жизни и деятельности Жусупкалиевой Г.К.». На выставке представлены научные статьи, книги, диссертационные работы.



Галия Кайдаровна - автор многих работ. В том числе работы «Вопросы изучения астрофизики в школе», «Теоретико-методологические основы профильного обучения», «Оценка результатов обучения и совершенствование образовательных программ», «Академическая мобильность». В настоящее время Галия Кайдаровна работает над совместными образовательными программами с европейскими вузами. Также она принимает активное участие в международных конференциях, читала курс лекций «Вхождение в системы высшего образования в Казахстане в Болонский процесс» в институте культуры и туризма (г.Быгдоц, Польша).

Под руководством Галии Кайдаровны на физико-математическом факультете организована научно-исследовательская работа магистрантов, которые успешно защищают свои диссертационные работы.

Галия Кайдаровна прошла большой путь от преподавателя до проректора, проявив целеустремленность и научную и творческую активность, любовь к своему делу. Благодаря ее труду, ЗКГУ занимает одну из ведущих позиций в совместной деятельности с иностранными вузами. Принимала активное участие в создании инновационного центра «Махамбет», осознавая важность информационных технологий в жизни вуза. Продукцию центра Галия Кайдаровна представляла на ряде выставок, неизменно вызывая интерес со стороны других вузов региона.

Участники встречи выразили глубокую признательность за многолетний целеустремленный и скрупулезный труд в научно-методической работе и пожелали ей дальнейших творческих успехов.

**Асель ГАЙСАКОВА,**  
**Сергей ЛУКЬЯНОВ,**  
магистранты физико-математического факультета

## Спорттың биік шыңын бағындырған азамат

Ұлы батырлар салған сара жолды жалғастырып, спорттағы биік жеңісін халқымен бірге тойлап, оның жемісін де туған халқымен бөлісіп отырған ардақты азамат, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбо күресінен КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, Халықаралық дәрежедегі спортшы Жұбанышқали Садырұлы Жардемөвтің 60 жасқа толу мерейтойына орай Батыс Қазақстан облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен қазақ күресінен 1994-1995 ж.ж. жастар арасында қазақ күресінен батыс аймақтық турнир өткізілді.

Ұстаз бейнесі - шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі. Ұстаз - келешек үшін тырмысып, жан аямай күрескен, өз бойындағы пенделілігін жая білген жан.

Шәкірттерінің жүректеріне қуат құйып, көңілдеріне шуақ нұрын сеуіп, өзінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, Орда өңірінің тумасы Жардемөв Жұбанышқали Садырұлының қол жеткізген жетістіктері аз емес, қажырлы еңбегінің арқасында КСРО спорт шебері атағына бірнеше мәрте ие болған.

Ұлағатты ұстаз құрметіне арналған салтанатты шарада М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик А.С.Иманғалиев, Жұбанышқали Садырұлының ұстазы, университет доценті, самбо күресінен КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қ.И.Исмағұлов құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне жылы лебіздерін жолдады.

Жардемөв жүлдесі үшін ұйымдастырылған турнирге облысымыздың барлық аудандарының, Ақтөбе, Атырау қаласының және М.Өтемісов атындағы БҚМУ палуандары қатысты. Жарыс 54, 60, 66, 74, 82, 90, +90 келі салмақ арасында оздырылды.

Додаға қатысып, университет намысын қорғаған дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенттері 66 келі салмақ дәрежесінде Дарын Фаритов, 74 келі салмақ дәрежесінде Темірлан Хатизов (жаттықтырушылары: Қ.И.Исмағұлов, Т.С.Хасанғалиев) III орынды қанжығаларына байлады.

Шараға белсенділік танытып, жүлделі орындарға ие болған спортшылар БҚО туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының дипломдарымен және жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

**Светлана ӘДІЛХАНҚЫЗЫ**

## АЙТЫС: «Жасай бер, білім ордасы!»

Дүние жүзі халықтарының бірде бірінде жоқ қазақ халқының болмысына ғана бұйырған баға жетпес құндылығы, қазақтың ұлттық мақтанышы ол – айтыс өнері. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісуімен қатар, халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған осы бір әмбебап өнер бүгінгі таңда да жұртшылықтың делебесін қоздырып, намысын қайрайтын жыр бәйгесі қалпында. «Аттың жалы, түйенің қомында» дегендей көп дайындықты керек етпейтін, кез келген жерде өте беретін қазақтың халық аңыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті үлкен бір саласына айналған айтыс өнерінің саңлағы болу – ақындықпен қоса әртістік, әншілік, шешендік, тапқырлық секілді қасиеттерді де қажет етеді. Заманына лайық өрбіген тартыстың неше бір формалары өлденеше тарау болып, тармақталып кетеді.

Мінеки, сөз өнерінің аса асқақ үлгісі, нағыз қайшылықтар аспанынан шағырмақ бұлттай жай тастар құбылысы саналған бұл айтыста біраз танымал болған ағаларымыз бен жаңа буын айтыскерлеріміздің өзара сөз қағыстырулары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіміздің өнер сахнасында көрініс тапты. Білім ордасымыздың 80 жылдық мерейтойы мен Халықаралық Студенттер күніне арналған мерекелік «Жасай бер, Білім ордасы!» атты шара өңіріміздің бір топ жас ақындары дүйім жұрттың алдында елдің көкейіндегі ойды көрікті оймен кестелеп, жырдан шашу шашты.

Бұл жас ақындардың басқосу айтысын республикамызға танымал адуынды айтыскер ақын, БҚМУ магистранты әрі осы додалы сөз бәйгесін ұйымдастырушылардың бірі Жансая Мусина жүргізді. Университетіміздің 80 жылдық мерекесімен құттықтауға Теректі ауданынан БҚМУ түлегі Эльдар Ихсанов пен Бөрлі ауданынан БҚМУ студенті Жарқынбек Шынтаев, Ақжайық ауданынан БҚГА студенті Айнабек Бисенғалиев пен Жаңақала ауданынан БҚМУ студенті Азамат Базарбаев, Казталов ауданынан БҚМУ студенті Айдана Сұлтанмахмұд пен Казталов ауданынан Естеміс Мұхамбетов, Ақжайық ауданынан Мейірман Шәкенов пен Сырым ауданынан БҚМУ студенті Санат Кәрімов, Бөкейорда ауданынан БҚМУ түлегі Талғат Мықи мен Жәнібек ауданынан БҚМУ түлегі Мұрадым Мирланов сынды ақындарымыз келді. Әр ақын өздеріне бұйырған сөз кезегі барысында бір-бірлерімен айтысып қана қоймай, студенттердің қызығы мен шыжығы қатар жарасқан өмірлерінен біраз сыр шертті. Бүгінгі таңда көрініс тауып отырған жоғары оқу орындарының шәкірттері бастан кешіп



жүрген хал-ахуалды тілге тиек етті. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» демекші, бүгінгі өзіміздің білім ордасымызға қарасты студенттер үйінің жағдайын да, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», өзін-шыны аралас сыр ғып шертті де. Сондай-ақ, бұдан өзге университетімізден түлеп ұшқан Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов, бұрынғы білім министрі Бірғаным Әйтимова, айтыскер ақын Мәліс Қосымбаев, Жансая Мусина, марқұм Асылбек Ишанов сынды талай саңлақтарымызды жырға қоса отырып, ректорымыз академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлы бастаған бүкіл университет ұжымы мен студенттерін білім ордасының айтулы 80 жылдық мерейтойымен құттықтады. Көпшілік алдында сөз сайысына түскен ақындардың жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, ақындардың тілеуін тілейтін жанкүйер көрермен қауым ыстық ықыласпен қол соғып қолластап, көтермелеп отырды. Алайда бір-бірінен айналып асып, оза шапқан жас ақындарымызға бұл жолы халық емес, арнайы тағайындалған әділқазылар Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған ақын Ақшұтап Бақтыгереева, ақын Шолпан Қыдырғиязова және айтыскер ақын Бауыржан Халиолла әділ төрелігін жасады. Сондай-ақ бұл сөз додасына арнайы қонақ ретінде Ақтөбеден ақын Аян Сейітов те келді.

Кеш барысында мың ойланып, мың толғанып, ақ қағаз бетіне түскен маржан жырларын арқаланған жазба ақындарымыз да сахна төрінен табылды. «Нарату» сынды жас та болса өнерлі топ әуелете әннен шашу шашты.

Айтыс соңында ақындарымыз Қазақстан жазушылар одағы (БҚО), «Шапағат» баһа орталығы, БҚМУ тәрбие ісі бөлімі, «БҚМУ студенттер кәсіподағы» бірлестігінің демократиялық алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Әйгерім ҚАУЕН

2012 жылыдың қараша айында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «IV Махамбет оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция оздырылды.

## Елім деп еміренген ер МАХАМБЕТ

(«IV Махамбет оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция)

Махамбет – қара қазақ қамы үшін бұқара халықтың мұңын мұңдап, жоғын бірге жоқтаған қас батыр. Намыстың пірі, ердің ері, сөз асылын таңдай білген ерен дарын иесі Махамбетке арналған оқулар өткізу батыр бабам атындағы киелі қара шаңырақтың дәстүріне айналды.

Осы орайда республикалық деңгейде өткізілген конференцияны М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар ашып, 2003 жылы білім ордасына арнайы қаулымен Махамбет есімінің берілуі оқу орнына үлкен міндет жүктегенін, қарашаңырақта Махамбет есімімен байланысты тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың жүйелі түрде өтіп тұратындығын, Махамбет ғылыми оқу орталығының жұмыс жасайтындығын, білім ордасының мерейтойына орай «Махамбет» ақпараттық технологиялар паркінің ашылып отырғандығын атап өтті.

Пленарлық мәжілісте Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сәуле Сергоқызы Дүтбаева «Проблемы сохранения целостной структурно-функциональной системы произведений Махамбета Утемисова в переводе на русский язык» атты баяндамасында орыс тілдеріне аударылған Махамбет шығармалары аудармаларының сапасына, құрылысына тоқталып, салыстырмалы түрде өзіндік ерекшеліктерін сөз етті. Махамбеттанушы Амангелді Бек-Құрақ мамандығы инженер-механик бола тұра, өке аманатын орындауды жөн санап, қазіргі уақытта тарихи зерттеулермен шұғылданып жүрген жайы бар. Ол өз сөзінде Махамбетті зерттеу Қажым Жұмалиевтен бастау алғандығын, оның күйлерін ноғата түсіріп, өңдеген Қаршыға Ахмедияр екендігін, өзінің арғы атасы Бектұрған мен Махамбет көрші тұрғандығын, бүгінде Махамбеттің есімін дәріптеу, өскелең ұрпаққа ерлік істерін насихаттау мақсатында ескерткіш орнату жөнінде біраз есіктерді қағып, ел басқарушы ағалардың да алдынан өтіп жүргендігін айтты. Өлкетанушы Ғабділше Өтебәлі «Әділет сарбаздары» атты жұмысында Махамбет есімімен қатар жүретін Исатай еңбегінің де зор екендігін, бірақ, өкінішке орай, Исатай

жерленген бейіттің табылмай тұрғандығын тілге тиек етсе, Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Еркін Шаяхметұлы Нұрымбетов «Махамбет күйлерінің оркестрмен орындалу ерекшеліктері» тақырыбындағы баяндамасында Махамбеттің музыкалық мұрасына назар аударған Ахмет Жұбанов, - дей келе, Махамбеттің бірнеше күйлері оркестрге түсіріліп, қазіргі таңда күйлері ұлттық оркестрдің



орындауларында үлкен сахналарға шығып жүргендігін айтып өтті. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының докторы Ғабит Қайыржанұлы Хасанов Махамбет өлеңдері мәтініндегі ерекшеліктер туралы сөз қозғап, 5 басты ерекшелікке баса тоқталып, Махамбет өлеңдерінің текстологиясын зерттеп, өңдеп шығару – тілшілердің міндеті, - деп, атап өтті.

Конференцияда «Махамбет және қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық әдістемелік мәселелері», «Қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар ерекшеліктері», «Жаратылыстану, экономика, өнертану ғылымдарының мәселелері» тақырыптарындағы 3 секция аясында баяндамалар тыңдалып, талқыланды.

Халқымыздың ат құлағында ойнаған ақын батыры - Махамбеттің рухы ешқашан өшпесі анық. Махамбеттің батырлық тұлғасы, халқым, елім, жерім деп саққан жүрегі, сол тулаған жүрегінің суырыпсалма ақындық тілімен сипатталуы - халқымыздың баға жетпес қазынасы. Махамбеттің жырларын жырлаған өскелең ұрпақтың болашағы зор деп сенуге болады.

Ал, батыр баба атында ескерткіш орнатуды ағаларымызға аманаттап, келешектің еншісіне қалдыралық.

Светлана БЕККУЖИЕВА

## Поэзия әлемінде

Қараша айының 28-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 80 жылдық мерейтойына арналған республикалық жас ақындар мүшәйрасы өтті.

Мүшәйра университетіміздің 80 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтуге атсалысу, университеттің 80 жыл ішіндегі жетістіктері мен алған асуларын сабақтастыра отырып, жырға қосу, жас ақындардың қаламын ұштап, шығармашылық қабілетін арттырып, әдеби ортада танылуға ықпал ету мақсатын көздейді.

Бұл мүшәйраға еліміздің түкпір-түкпірінен 39 қатысушының өтініші қабылданып, қазылар алқасының сараптамасы бойынша үздік деп танылған 19 қатысушы байқауда бақтарын сынады. Мүшәйраға қатысушылар «БҚМУ - келешекке кемел біліммен», Махамбетті ұлықтар ұрпағы мың және еркін тақырыптар бойынша ешбір жерде жарияланбаған авторлық үш өлеңдерін оқып, сыңға түсті. Еркін тақырып кезеңі бойынша қарапайым ғана болмысымен шымыр да шынайы, терең өлең жолдарын өрнектеген ақындарымыз жан-жақтылық танытып, сезім, махаббат сияқты поэзиядағы өлмес ұғымдармен қоса, «Астана мен ару қыз», «Тәуелсіздік», «Анаға хат», «Ұйқыдағы Табылды», «Тырналар» «Таңбалы тарлан» тақырыптарындағы өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақындық – бұл киелі өнер. Иә, ақындық өнердің қызығынан гөрі қиындығы, ләззатынан гөрі азабы көп, бұны біреу білер, біреу білмес. Сөз атауының айшықты өрнегі саналатын ақындық өнер - әу бастан ата-бабамыздан қалған қасиетті мұра, қастерлі аманат. Ақындар – екі дүние елшісі. Ол кейде пенде қатарына түсіп, кейде періште қанатында ұшып жүреді. Ақындар

бейне бір кішкентай сәби секілді, ақкөңіл, аңғал, халықтың еркесі.

Жүрегің тербеген жырды қағазға төгіп, қарапайым ғана болмысымен шымыр да шынайы, терең мағыналы өлең жолдарын өрнектеген жас ақындарымыз Иманғали Тасмағамбетовтей дана ұлды, Мәліс Қосымбаевтай дара ұлды, Бірғаным Әйтимова, Елена Тарасенко, Рысты Сариевадай халық қалаулыларын түлетіп ұшырған, білімнің ордасы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойын және өр ақын, нас батыр Махамбет Өтемісұлын жүректен шыққан шығармаларына арқау етіп, жырдан шашу шашты.

Жыр құдіретін жете түсінген жас ақындарымыздың өнерін ақын, ҚР жазушылар одағының мүшесі Ф.С.Сейтақов, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Ш.Б.Қыдырғиязова, «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы А.Б.Таубаева, «Тіл жанашыры» медалінің иегері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры С.Ф.Шарабасов, айтыскер ақын, республикалық ақындар айтысының бірнеше



мәрте жеңімпазы Ж.Ф.Мусиналардан құралған қазылар алқасы бағалады.

Жеңімпаздарды анықтау барысында қазылар алқасы талапкерлердің ақындық қабілетіне, өлең жазу шеберлігіне, жырларының мазмұндылығына, ойларының тереңдігіне баса назар аударды. Мүшәйра қорытындысы бойынша қатысушылар алғыс хаттармен марапатталып, жүлделі ІІІ орынды А.Ұябасова (БҚМУ) мен Ә.Әлішер (ОҚМУ) иеленсе, ІІ орынды А.Сансызбаева (Қ.Жұбанов атындағы АМУ) қанжығасына байлады, ал өзінің ерекше ақындық өнерімен көпшілік көңілінен шыққан экономика және ақпараттық технологиялар колледжінің студенті, Сырым ауданының намысын қорғаған Б.Мұстафиев І орынға лайық деп танылды. Жас ақындардың талантын шыңдау және оларды ынталандыру мақсатында естелік сыйлықтармен қоса, І орын жүлдесі үшін 80 мың, ІІ орын 60 мың, ІІІ орын иегерлеріне 40 мың теңге көлемінде қаржылай сыйлықтар табысталды.

Мүшәйра соңында республикалық жас ақындар мүшәйрасының қатысушылары өздерінің ойларымен бөліскен-ді:

**Бауыржан (I орын иегері):**

- Еліміздің білім беру ісінде өзіндік үздік сара жолымен, салиқалы білімімен танылған БҚМУ бүгінгі таңда 80 жасқа толып отыр. Бұл - үлкен белес. Марғасқа Махамбеттің есімін иемденгелі бері жаңа бағытқа, тың серпінге ие болды деп толық айтуға болады. Осы 80 жылдық мерейтой аясында республикалық жас ақындар мүшәйрасын ұйымдастыруды жөн санаған аға-апаларымызға алғысымыз шексіз. Мұның өзі - біз үшін үлкен мәртебе.

Бүгін, міне, жастардың шыңдалуына, қанаттарының қатаюына үлкен серпін беретін сайыс болды. Әр қатысушының жас шамасына, шама-шарқына қарай өз туындыларын ұсынғанына әділқазылар алқасы әділ бағаларын берді деп ойлаймын. Қазылар қатарында отырған ағаларымыздың сын-ескертпелерін қатысушылардың жақсы қабылдауын сұраймын.

**Нұрбол Ибраев - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің студенті, байқау қатысушысы:**

- Менің бүгінгі республикалық мүшәйраға көңілім өбден толды. Мен үшін орын маңызды емес, бастысы - көрерменнің ыстық қылына ие болып, «Көрермен көзайымы» аталымы бойынша марапатталғаным. Университеттің 80 жылдығы ғасырларға ұлассын!

Ақсұңқар ЖҰМАБАЕВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының  
2 курс студенті

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ ЕДІ

Сонау 1934-1935 оқу жылынан бастап ұйымдастырылған алғашқы жалпы институттық кафедраларда көптеген ұстаздар қызмет етті. Сондай жалпы институттық кафедралардың бірі педагогика және психология кафедрасында аға оқытушы Жанболат Сдықұлы Сдықов 1981-2007 жылдары ұстаздық қызмет атқарды. Ол өзінің барлық өмірін шәкірт тәрбиесіне арнады. Оның 1967-1968 жылдары Чапай (қазіргі Ақжайық) ауданының Мерген ауылындағы мектептегі мұғалімдік қызметі және А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтты тәмамдаған соң, облыстық өлкетану (1973-74ж.ж.) мұражайында аға ғылыми қызметкері болған еңбек жолдары, ал 1974-1981 жылдары Облыстық сауықтыру мектебіндегі ұстаздық өмір жолдарында қаланған тәжірибесі кафедра өміріне елеулі әсер етті.

1981-2007 жылдары аралығында университетте еңбек еткен Жанболат Сдықұлын қасиетті қара шаңырағымызға 80 жыл толу мерейтойы қарсаңында өзінің әріптестері мен шәкірттері сағына еске алады. Ж.С.Сдықов өзінің 15-тен астам ғылыми және әдістемелік еңбектерінде студенттерді мектептегі жұмысқа даярлау орайындағы саналы білімді сапалы еңбекпен ұштастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Өзінің ізденісімен және еңбексүйгіштігімен танылған Жанболат Сдықұлы ұлағатты ұстаздардың бірі ретінде, адамгершілігі мол, талап қойғыш оқытушы ретінде шәкірттері мен әріптестерінің

алдында үлкен беделге ие. Қазір Жанболат Сдықұлы арамызда болса, 7 қараша күні 65 жасқа толар еді. Бүгінде Жанболат Сдықұлының балалары ел қатарлы еңбек етсе, зайыбы Жанат Камжиева ардагер ұстаз, физика және математика кафедрасының аға оқытушысы қызметін абыроймен атқаруда.

Кафедра, университет ұжымы атынан Жанболат Сдықұлын сағынышпен еске ала отырып, артында қалған тұяқтарына, жан-жарына отбасылық бақыт, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тілейміз.



**Т. ҚАЙЫРҒАЛИЕВ, Қ. ҚАЖЫМОВА,**  
жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану кафедрасының аға оқытушылары

## КӘСІПТІК БАҒДАР - БАСТЫ НАЗАРДА

80 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 70 мыңнан астам мамандарды дайындап шығарды. Бүгінде батыс өңіріндегі алғашқы оқу орнының түлектері қоғамның әр саласында қызмет атқарып, алдыңғы қатарлы маман ретінде ел дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары рейтингісінің қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті республикадағы үздік жоғары оқу орындарының қатарынан орын алды. Біздің университет облыста алғашқылардың бірі болып институционалды және 11 мамандық бойынша халықаралық аккредиттеуден сәтті өтті. Университетте студенттеріміздің сапалы білім алуына, шығармашылық қабілеттерін шыңдауына, спортпен шұғылдануларына барлық жағдай жасалған. Олар да ұстаздар үмітін ақтап, БҚМУ-дың туын желбіретіп жүр бүгінде. Университетте студенттер мен магистранттар контингентін қалыптастыруға және ұлғайтуға үлкен мән беріледі. Облыс көлеміндегі мектеп бітірушілеріне кәсіптік бағдар беру жұмысы жолға қойылған. Орталық кәсіби бағдар беру ісінде ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектеп бітірушілерінің университетке түсуіне көмектесу үшін үгіт-насихат жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрады. "Ашық есік" күндерін ұйымдастырып, мектеп бітіруші түлектермен, олардың ата-аналарымен, мектеп мұғалімдерімен және орта білім беру орындарының директорларымен кездесулер, "Мамандығым - мақтаным" атты дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Мектеп бітірушілер университеттің тыныс-тіршілігімен, тарихымен, әрбір мамандықтың ерекшелігімен, университет жетістіктерімен, атқарылып жатқан істермен танысып, кемелді келешекке көз жүгіртеді. Оқу орнымызда осылайша кәсіптік бағдар беруде жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

**Кәсіптік бағдар беру дегеніміз** - педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен

бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс. Мамандық туралы жеткіліксіз білу - мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу, сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мінеки, осы мәселелер турасында кәсіптік бағдар беру көптеген негізгі міндеттер бойынша жұмыстанады. Мысалы, оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыруды, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және таңдау мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеуді, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесуді, сондай-ақ оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеуді қолға алады. Әр түрлі мамандықтардың ерекшеліктеріне байланысты оқушылар үшін конференция, пікірталастар, тақырыптық кештер ұйымдастыру, т.б. кәсіптік бағдар беру ісін жетілдіруге мүмкіншілік жасайды. Әрбір ата-ана кәсіптік бағдар беру жұмысын өздерінің мамандықтарымен таныстырудан бастауы керек. Оларды өздері жұмыс істейтін кәсіпорындардағы еңбектің мазмұны мен механизмдерімен, өндірістің принципімен және технологиялық процестерімен таныстырады. Тәрбие жұмысының мұндай түрлері ата-аналардың еңбек іс-әрекетіне балалардың ынтасын көтереді. Балалардың кәсіби ынтасын дамыту үшін ата-аналар әр түрлі мамандықтар жөнінде олармен әңгіме өткізгені абзал.

**Л.М. МАДЕНОВА,**  
магистр, оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

### ■ Малая родина

На больших географических картах не найти горы Алмазтау, но это удивительное творение природы составляет достопримечательность нашего края. Гора Алмазтау начинается у совхоза Алмазный Чингирлауского района и тянется на восемь километров до села Константиновка. Ширина ее пять километров и высота – 230 метров. Высота ее не ахти какая, но это не умаляет ее притягательности для туристов.

## АЛМАЗТАУ

Не счесть тропинок, проложенных по склонам и поверхности горы, маленьких пещерок со множеством углублений (воронки). Во время таяния снега или сильных дождей многочисленные ручейки устремляются вниз, образуя бурные потоки. Вода, размывая углубления, увеличивает их, придавая самые причудливые формы. Поверхность горы не богата растительностью, встретить здесь польну да ковыль, которые как-то хитрились прижиться на каменистой почве и белой глине, которую жители села используют на обмазку домов и кошар. Вокруг горы Алмазтау животноводы Алмазного и Константиновки заготавливают грубые корма на зиму и пасут здесь скот.

Гора служит обиталищем для лис, зайцев, волков. Летом здесь гнездятся дрофы (дуадак), журавли (тырна), стрепеты (безгельдек), жаворонки (бозторгай). Издали Алмазтау кажется близкой и легкодоступной, однако нужно затратить много сил, прежде чем добьются до ее вершины. Неожиданно на пути появляются ущелья, небольшие скалы, которые нужно обходить. Тропинки петляют, теряются в оврагах. Но, кто хоть однажды пойдет на Алмазтау, тот не пожалеет о потраченном времени, ибо он познает красоту родного края и, наверняка, его полюбит.

О названии горы рассказывают легенды. По одной из них казахский джигит Алмаз вместе с местными жителями в течение 70 дней защищал родной аул от калмыков до прихода сарбазов (об этом упоминается на страницах журнала «Жұлдыз» за 1958-1959 год). За этот подвиг в бою с калмыками в честь героя назвали гору. Когда-то у подножья горы на месте совхоза Алмазного располагался поселок, в котором были мельница, мечеть, медресе, базар. Жители занимались животноводством и ремеслом, производили сельхозпродукты, изготавливали кошмы, паласы, шили тулупы, шубы, валяли валенки, вязали носки из

шерсти. В окрестностях поселка проходил «Шелковый путь» («Жибек жолы»), частыми гостями были восточные купцы, и народ жил сытно и в достатке. Старая мечеть, мельница, медресе и некоторые дома сохранились до 1970 года, а затем администрация совхоза снесла их для строительства новостроек на центральной усадьбе.

С горы Алмазтау берет начало степная речка Калдыгайты. Когда-то ее подпитывали родники, бившие из-под земли, и речка бурным потоком текла мимо поселка, пересекая территорию трех районов степного Приуралья – Чингирлауского, Каратобинского и Тайпакского. Со временем, в результате неразумного хозяйствования, родники заилились, перестали подпитывать реку. И сейчас она течет медленно, сток ее незначительный, осадков выпадает мало, а испаряемость велика, поэтому в жаркие летние месяцы она в некоторых местах даже пересыхает. Длина реки 235 километров, в верхнем течении ширина ее 15-20 метров, в нижнем – 25-30 метров, глубина – до 1 метра. У Калдыгайты имеются притоки – речки Баянас и Жарлы, которые, подпитываясь родниками, поят основную реку.

За внешней простотой всего течения Калдыгайты скрывается ее богатый растительный и животный мир. В речке водятся щука, окунь, красноперка, карась, сом и другая рыба, а из растительности – водоросли, кувшинки, камыш, куга.

В последние шесть лет уровень воды в речке заметно понизился, маленькие ее притоки пересыхают, а ведь в свое время природа не поскупилась, создавая это степное чудо. С давних пор люди говорили: «Солнце – отец, а вода – мать». Вот и надо вернуть таким малым рекам, как Калдыгайты, жизнь, активно участвовать в этом благородном деле. Для этого надо следить за родниками, питающими степные речки, и вовремя чистить их.

Совхоз Алмазный был создан в декабре 1962 года и просуществовал 37 лет, до января 1999 года. За это время он пережил и годы подъема, и годы упадка. Совхоз имел 26743 га пашни, 7886 га земель коренного улучшения, 35634 га естественных

## Будущее Казахстана - ЗА ЗНАНИЯМИ

Интерактивная лекция нашего Президента Нурсултана Назарбаева, прочитанная для студентов и преподавателей в Назарбаев Университете, всеми нами была прослушана с большим интересом и произвела сильное впечатление.

Как это свойственно Главе нашего государства, содержание лекции было раскрыто доступным и понятным языком. Н.А.Назарбаев четко изложил свою позицию по решению целого ряда наиважнейших проблем современности, подчеркнул роль образования в дальнейшем развитии Казахстана. Несмотря на мировой экономический кризис в Республике Казахстан идет масштабная индустриализация.

Мы рады, что по-прежнему уделяется большое внимание развитию образования, подготовке высококвалифицированных специалистов, от которых зависит конкурентоспособность страны и благополучие ее граждан. А для этого он призвал студенческую молодежь неустанно «грызть гранит науки», постигать фундаментальные основы будущей профессии. Н.А.Назарбаев правильно подчеркнул, что для того, чтобы достичь высот в карьере, молодым специалистам нужно крепкое здоровье. Для этого он призвал молодежь заниматься спортом, вести здоровый образ жизни. Очень хорошо, что в своем выступлении он говорил о важности использования инновационных технологий, о развитии исследовательской работы, внедрении результатов в производство. После прослушивания данной интерактивной лекции студенты пришли на занятия вдохновленными и настроенными на получение качественного образования.

**В.П.КАПЛЕНКО,**  
преподаватель кафедры

«Общая педагогика, психология и самопознание»

## ОТКЛИК

на лекцию Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева «Казахстан на пути к обществу знаний»

Профессорско-преподавательский коллектив и студенты педагогического факультета Западно-Казахстанского гуманитарного университета с заинтересованностью прослушали в режиме онлайн интерактивную лекцию Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева, адресованную всему казахстанскому народу, хотя прежде всего лекция ориентирована на молодежь.

Прослушав лекцию, мы, преподаватели, будем еще долго анализировать глубокий смысл, ключевые положения триады «образование – наука – инновации», роли знаний как фактора производства, формирования новых ценностных ориентиров.

Важным является не просто осмысление лекции, но и прежде всего действия, обеспечивающие достижение поставленных Главой государства целей. Работая с молодежью, мы, в соответствии с новой Концепцией молодежной политики, до 2020 года должны поднять на новый уровень гражданское воспитание. Выпускник вуза должен быть не только высококлассным, конкурентоспособным специалистом, но и патриотом, гражданином своей страны.

Развитие страны связано, прежде всего, со становлением человека, его саморазвитием, самоформированием в личность, что невозможно без образовательной мобильности и обмена студентами с зарубежными вузами.

Студенты нашего факультета обучались в этом году в вузах ближнего и дальнего зарубежья.

Президентская лекция способствует осознанию всех проблем, стоящих перед высшим педагогическим образованием в период стремительного развивающегося и меняющегося мира.

**Л.Б.АМЕЛЬЧЕНКО,**  
преподаватель кафедры «ТуМРВ»

сенокосов, 15 га картофельной плантации, на пяти гектарах расположился плодовый сад. Население совхоза насчитывало 2537 человек. Коллектив совхоза Алмазный занимался в основном производством зерна и животноводством. С 1990 по 1992 год под руководством молодого энергичного директора Гимрана Бисенова много было сделано для процветания совхоза: построена теплица, завершено строительство колбасного и кондитерского цехов, построен Дом культуры «Аккум», построена и полностью оборудована совхозная врачебная амбулатория, в местном быткомбинате действовали швейные, вязальные цеха, парикмахерская, построена школа-интернат, пекарня, типовая котельная, мост, баня и другие объекты. Это был последний взлет. Вскоре началась ломка старой системы, грянул кризис. В январе 1999 года совхоз перестал существовать. На его обломках было создано несколько крестьянских хозяйств. Из вышеперечисленных совхозных новостроек сейчас остались только типовая средняя школа, дом культуры «Аккум» и частные дома, которые строила бригада учителей, выполняя программу «Жилье-91».

Но не хотелось бы завершать рассказ о своем родном поселке в минорных тонах. Надеюсь, что трудовые крестьянские руки сумеют вновь возродить бурную жизнь на великом «Шелковом пути».

**Аскар АБУБАКИРОВ,**  
действительный член  
Географического общества СССР, краевед, фенолог

Елбасымыз Н.Назарбаев Жолдауларында, ресми сөздерінде қайта-қайта қазақ тілін меңгеруді, ең алдымен, қандастарымыздан, өзінен басталу қажеттілігін, кең байтақ елімізде еркін-еркін тұрып, еңбек етіп жатқан басқа ұлттардың қатынасуына үнемі еске салуы жайдан-жай емес. Ана тілінің тағдырын біржолата шешіп, нүктесін қою қажеттілігі де – уақыт талабы.

Қазақ тілінің республикада тұратын барша ұлттың қатынас құралына айналуына мүмкіндігі жеткілікті және солай болуы міндетті де. Түптің түбінде туған тіліміз туыстық бәйтерегінің терең жайған тамырына айналуы тиіс.

Тіл – талас, тартыс құралы емес, тіл – бірлік, ынтымақ құралы. Тілдің өркендеуі – ұлттың өсіп, өркендеуі. Қай елде тұрса, сол елдің тілін білу міндеттілігі бұрыннан айтылып келеді. Ол – елге құрмет қана емес, өзіңе деген құрмет. Мұны даналар әу бастан байқаған. «Кімде-кім басқа тілді білмесе, өз тілі туралы ештеңе білмейді». Ғұлама Гете осылай пайымдайды. Бұл – ақиқат. Басқа тілді үйреніп, білу арқылы басқа мәдениетті, басқа әлемді танып, оның ерекшеліктерін, өз ерекшелігіңді таразылайсың. Міне, осындай пікірді ұстанған жандардың бірі – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті, «Достық» студенттер клубының төрайымы – Рапацкая Ольга. Өзге ұлт түгілі, өзіміздің қандас бауырларымызға үлгі боларлық Ольга бүгінгі таңда қазақ тілін жетік меңгерген. Сәті түсіп, біз Ольганы әңгімеге тартқан едік.

## Тілің біргің – тілегің бірің

Ольга, соңғы жылдары елімізде тұратын қазақтан басқа ұлт өкілдерінің тілімізге, салт-дәстүрімізге қызығушылық танытып келе жатқаны сүйсінтеді. Сен де солардың бірісің. Ең алдымен, өзіңді таныстырсаң...

- Мен өзім туралы айтар болсам, менің кіндік қаным тамған құтты мекенім – Зеленов ауданы, Степной ауылы (қазіргі Өркен ауылы). Отбасымызда 6 ағайынбыз. Әкеміз – белорус, анам – қазақ. Степной ауылында 9 жылдық мектепті тәмамдап, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжге оқуға түстім. Колледжден 2011 жылы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығын алып шықтым. Биыл, міне, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне бақытыма орай ақысыз бөліміне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түстім. Бұл университетте, ең бастысы осы мамандықта білім алу – мен үшін қайталанбас зор бақыт. Қазақ тілі әдебиеті бөлімінде білім алу мен үшін арман болатын. Сол арманымның орындалғаны үшін шексіз бақыттымын.

**Мемлекеттік тілде таза сөйлейсің. Біреулер «тіл үйрену қиын» деп жатады. Ал сен қазақ тілін қалай үйрендің?**

Бала кезімде ауылымызда орыс мектебі жабылып, қазақ мектебі ашылған соң, ата-

анам қазақ мектебіне берген. Мектептің табалдырығын аттағанда бір ауыз сөз қазақша білмеп едім. Бірақ алғашқы ұстазым – Деулетова Гүлсара Мизамқызының арқасында қазақ тілін үйрену қиынға соққан жоқ. Ұстазым – менің бойыма қазақ тіліне деген ерекше ықыласты ұялатқан ең басты тұлға. Анам да менімен бірге оқыды десем қателеспеймін. Бір қызығы, анам әлі күнге дейін менің 1 сыныпта жатпаған 4 шумақ өлеңдерімді ұмытқан емес. «Ине, ине, инелік, инелікке тимелік...» деп кейде менің балғындай балалық шағымды еске салады. Анама өте ризамын. Отбасымызда орыс тілінде аралассақ та, бұл менің қазақ тілін еркін меңгеруіме кедергі жасамайды. Кішкентай кезімде әкеме «мен қазақпын» деп тәкаппарлық танытушы едім, әкем тегінді ұмытпа деп ренжитін. Бірақ кейін қазақ тілін еркін меңгеруім мені өмірде жақсы бетбұрысқа әкелгенде, әкем сабасына түсіп, жетістіктеріме қуана қарады.

Алғашында сыныптас-құрдастар да «орыс» деп жақтырмай, қатарға қоспай үнемі бөлуші еді. Сондағы қазаққа ұқсасам деген арманымның зоры соншалық, бойжеткенде аты-жөнімді қазақша ауыстырып, куәлікке қазақпын деп жазуды армандайтынмын. Кейін, әрине, бұл арманымның орындал-масын түсіндім. Мүмкіндіктің жоқтығынан

емес, әкемнің «тегіңді ұмытпа» деген сөзінің мағынасын түсінгендігімнен.

**Байқауымыша, қазақтың тілін үйреніп қана қоймай, өнерін де бойыңа сіңірген сияқтысың... Бұған не себеп, ері осы қазақ тілі арқылы бағындырған белестерің туралы айтып берсең...**

Қазақы ортада өсіп, қазақы дәстүрді бойы-ма жиып тәрбиеленгендіктен қазақтың ұлттық тәрбиесі ұлттардың ішіндегі ең қасиетті, құнды тәрбие деп ойлаймын. Тегім өзге болғанмен, қазақ тіліне, дәстүріне, өнеріне өте жақынмын. «Жаным қазақ» деуге арланбаймын. Мен жалпы мектеп қабырғасынан бері қазақ тілінде мәнерлеп оқудан, шығарма жазудан, өлең шығарудан түрлі сайыстарға қатысып келемін. Мектеп кезінде қазақ тілінен аудандық олимпиададан II орын, 2010 жылы облыстық «Абай оқулары» байқауында II орын, 2011 жылы облыстық «Мемлекеттік тіл – менің тілім» сайысында бас жүлде, 2012 жылы республикалық «Абай оқулары» байқауында бас жүлдеге ие болдым.

**Тілге қатысты қызықты оқиға болып па еді?**

Мектепте оқып жүргенде бір сайысқа қатыспақшы болып, Абай атамызға арнап өлең шығарғанмын. Қазақ тілінде еркін сөйлесем де, кейбір қазақ сөздерінің мағынасын түсінбеуші едім. Жазған өлеңіме ұйқас іздеймін деп ақындардың өлеңдерін оқи бастадым. Содан бір ақынның поэзиясында «даттайды» деген сөзді өлеңіме ұйқас болады деп жазып алдым. Осыдан шыққан қорытынды:

«Ардақтайды оны ел, «даттайды»,  
Өсиетін көкірегінде сақтайды...»

Өлеңімді алдын-ала мұғаліміме тексеріске бергенім шүкір. Өйтпесе, бұл өлең жолдарымен аудандық сайысқа барғалы жатыр едім. «Әділқазылар сенің бұл өлең жолдарыңды тыңдап, дереу сахнадан қуып шығады ғой» деп, мұғалімім маған «даттайды» деген сөздің мағынасын ашып берді.

**Ұлттық намыс таразыға салынар заманда өзінің ана тілін өгейсітіп жүрген қазақ жастары туралы не айтар едің? Сенің ойыңша қазақ тілінің болашағы қандай?**

Өз ана тілін өгейсітіп жүрген кейбір қазақ жастарына айтарым, Қадыр Мырзалиев атамыз айтқандай: «Тіліңнен түңілме, сол жебер түбінде». Тіліміздің болашағын қазақ жастары ойламаса, басқа кім ойлайды? Еліміздің болашағы – жастар демекші, тілімізді де, ділімізді де басқа елге танытатын – жастар. Сондықтан әрбір қазақстандық жас қазақ тілінің өркендеп, қанат жаюына өз септігін тигізуі керек.

**Ал біздің БҚМУ-дың студенттері қандай болуы керек?**

Менің ойымша, БҚМУ студенттері мәдениетті, өнерлі, ғылым-білімге ынтық және сол білімді іске жарату арқылы нәтижесін көре алатын жаңа заманғы талаптарға сай жан-жақты болуы керек.

**Жаңа өзіңнің бір сөзінде хакім Абай атамызға арнап өлең шығарғаның жөнінде айтып өттің. Ақындық қабілетіңнің де барына қуанамыз. Бір өлеңіңді оқып берсең...**

Сіздерге «Бұл өмірде оқыған тек озады» деген өлеңімді оқып берейін, ендеше.


Бұл өмірде оқыған тек озады,  
Білім – қиын, инемен құдық қазғандай.  
Ғылым үйрен, сонда мұны ұғасың,  
Тек ойлама қазамын деп азғантай.  
Терең қазсаң, адам болып шығасың,  
Білім, ғылым – адамдықтың бұл түбі.  
Даналықтың аса биік шыңдары,  
Уақыттың да өтсе оқумен көп күні,  
Бұл дүниенің ашылар қыр-сырлары,  
Насихаттап даналықты Абай да,  
Ресей елдің Пушкині де қозғады.  
Оқы, оқы, оқы, досым, қалайда,  
Бұл өмірде тек оқыған озады.

«Талабыңа нұр жаусын!» Білімнің биік шыңдарынан көріне бер! Өңгімелескеніңе рахмет!

Әйгерім ҚАУЕН

## «Здесь живут отзывчивые люди...»

Этого парня легко можно заприметить в веселой и шумной толпе студентов даже на перемене. И не только потому, что ходит он в синей бандане на голове, с цветными фенечками на запястьях и порядком потрепанным ранцем за спиной. Открытый взгляд широко распахнутых серо-голубых глаз излучают доверие, вызывая желание сделать этому человеку что-то очень доброе и ответить улыбкой на улыбку.



Виктор Караулов приехал в Уральск из белорусского города Витебск. Это культурная столица Республики Беларусь известна всему миру ежегодным Славянским базаром. «Красивый город, но...» - на минуту задумывается Виктор. Он родился в Кызыл-Орде в 1992 году. Чуть позже семья Карауловых, как и многие в то лихое время, покинули обжитые места, боясь... сейчас и не вспомнить чего. Прошли годы, и нет-нет да и возникало желание вернуться в Казахстан, будто родина тянула. Но как-то не сложилось пока.

Возможно, разговоры взрослых повлияли на выбор молодого человека. Порывшись в интернете, Виктор попал на сайт ЗКГУ в Уральске. Прочитал условия поступления в университет, написал. Ему ответили. За полгода до вступительного тестирования в Уральск приехали родители, чтобы своими глазами взглянуть на

выбранное учебное заведение сына и остались довольны.

-Единственный человек, с которым я был знаком в Уральске, - рассказывает Виктор, - во время поступления и первого месяца после был Аскар Сайынович Аманбаев. Наверное, я его сильно достал своими бесконечными вопросами, слюбой мелочью обращался, но ни разу этот человек не отказал в помощи. Элементарно, где пройти медосмотр, как пройти регистрацию как иностранному гражданину – все объяснял лично, ни разу не отмахнулся. Подготовился к тестированию, но больше всего боялся за историю Казахстана, ведь этот предмет точно ни в одной школе Беларуси не изучается. Но каково было мое удивление, когда именно этот предмет я сдал лучше всего, баллы получил больше, чем по русскому языку. Поступил на дизайнера на факультет культуры и искусства. Родители поддерживают меня, и не

только материально. Все строится на доверии, думаю, что не будут против, если даже останусь здесь и после окончания вуза. Реально радует внимание со стороны руководства страны к молодежи, есть для молодых большие перспективы роста. Мне нравится в Казахстане, в Уральске. Все-таки я родился на казахстанской земле, хотя чувствую себя космополитом.

Кстати, о материальном. На каникулах Виктор планирует съездить домой, в Витебск, повстречаться с друзьями. Поэтому обратился к руководству университета помочь найти работу. Еще участвую в Витебском государственном колледже культуры и искусств, он успел поработать: на стекольном заводе – расписывал зеркала аэрографией, в фотосалоне – обрабатывал снимки, часами просиживал моделью у художников в колледже. Готов был и дворником, к примеру, поработать. Но из-за отсутствия гражданства официально работать он не может. Зато он оказал неоценимую помощь в изготовлении печатной продукции к 80-летию юбилею ЗКГУ. За что редакционно-издательский центр выражает ему огромную благодарность.

Он не ставит целью – зарабатывать, чтобы разбогатеть. Живет прекрасным настоящим. Увлёкся еще в колледже мультипликацией, списался с такими же ребятами через интернет. Но не только мультипликация объединяет тех ребят. В свободное время они занимаются благотворительностью. Был волонтером и Виктор Караулов. Вместе с другими ходил в детскую онкологическую клинику, чтобы хоть как-то скрасить долгое и мучительное пребывание там детишек, в глазах и в речах которых только одно – жить.


-Тяжело было видеть глаза малышей. Они знают о своей болезни, и многие даже знают, что обречены, но очень хотят выздороветь. Мы кормили лежачих, приносили игрушки. Еще посещали приюты – носили одежду, вещи. Я узнал, что мои новые товарищи, без чьей-либо подсказки, совершали добрые дела уже несколько лет. Года три назад президент Беларуси А.Лукашенко наградил их денежной премией, которую они также направили в благотворительность.

В университете вступил в клуб «Достық». «Как-то неудобно было отказываться, раз предложили, вот только на сцене выступать – испытание!» Всегда готов выручить друзей. Попросили нарисовать картину в подарок – не вопрос! И так во всем.

Может, именно поэтому в его жизни встречаются добрые и отзывчивые люди.

Әр ғылымның тұр шарты - ақпарат

Ақмолла



№ 8, қараша - желтоқсан 2012 жыл

Тарих және құқық факультетінің жаршысы

## КЕДЕРГІСІЗ БІЛІМ

Университетімізде оқушылар, студенттер және жас ғалымдар арасында дәстүрге айналған Технопарк «Алгоритм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірге БҚО жас ғалымдар кеңесінің қолдауымен кезекті облыстық инновациялық жоба «Жас Ғалым-2012» байқауы тарих және құқық факультетінде жалғасын тапты.

Аталған байқауға әлеуметтік маңызды бағыт бойынша «Кедергісіз білім» жобасын ұсынды. Жобаның мақсаты - қосымша оқыту бағдарламасы арқылы оқытылатын балаларды әлеуметтік ортаға тартуды инклюзивті оқытуды дамыту арқылы қамтамасыз ету.

Қоғам дамуындағы мәселелер, қоршаған ортаның ластануы, денсаулық жағдайының күрт төмендеуінен аналар денсаулығының нашарлауы салдарынан жылдан-жылға түрлі патологиялық аурулары бар балалардың дүниеге келіп жатқандығы белгілі. Сондықтан бұл балалар қайда барады? Кім болады? Қалай білім алады? Мәселенің шешімі қалай жүзеге асады деген мазасыз ойлар кім-кімді де толғандырары анық.

Қазіргі қоғамның дамуына, түрлі өзгерістерге студенттер де өз үндерін қосуда, бүгінгі таңның өзекті мәселелері жастардың да назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Өзекті проблемалары негізге алған студент жастар өмірдің өткір проблемаларын ортаға салудан қаймықпай, өз ой-пікірлерін ашық білдірді. Тарих және құқық факультетінің аймақтану мамандығы бойынша білім алып жүрген бірқатар студенттер өз ойларын жоба барысында ортаға салды. Шонова Айкөркем, Таймағамбетова Нұргүл және Теженова Перизат кураторы Журасова Алтынай Шұғайқызының қолдауымен «Кедергісіз білім» жобасын ұсынып, III орынға ие болды. Осы белесті бағындырған бұл студенттер әлі де талай шыңға жетеді деп ойлаймыз.

«Қазіргі таңда БҚО-да жалпы 8024 мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Мемлекет олар үшін арнайы мектептерде қолайлы жағдайлар жасап отырғанымен, балалар мұндай мектептерде қоғамнан оқшауланып, өмірге дұрыс бейімделе алмайтындығы түсінікті. Қазіргі таңда бұл мәселені жалпы орта мектептерде арнайы сыныптар ашу арқылы шешуге тырысуда, алайда бұл дұрыс емес. Себебі, инклюзивті білім кеңістігін



құру дегеніміз арнаулы деген ұғымды жою болып табылады. Өйткені, инклюзивті білім беру - бұл мүмкіндігі шектеулі балаларды қарапайым балалармен бірге оқыту арқылы оларды әлеуметтендіру, ал қарапайым балаларды адамгершілікке баулу. Біздің жобамыз осы міндеттің біздің қала мен облыста жүзеге асуына көмек беру болып табылады. Жалпы байқау жоғары деңгейде өткізілді, ұсынылған жобалар да әртүрлі болды. Біз бұл байқауға қатыса отырып, көп ақпарат алмасып, жаңа ойлар қорыттық және бұл байқаудың ғылымға құштар жастарға берері мол деп ойлаймыз», - дейді жас ғалымдар.

Әсем МЫРЗАБАЕВА,  
аймақтану мамандығының студенті

## Красота должна быть доброй



4 ноября в ДК Молодежи прошел заключительный региональный этап Национального конкурса красоты «Мисс Уральск 2012»

В этот вечер перед зрителями предстали 12 финалисток. Девушкам пришлось пройти нелегкий путь отбора, учебы, занятий с хореографом, психологом, дизайнерами. Эта работа начинается задолго до финала. В программе конкурса девушки дефилировали в вечерних платьях от организаторов и спонсоров конкурса, а также отвечали на вопросы членов жюри.

По словам Алмаза Качиева, организатора конкурса, девушки приняли участие в благотворительной акции в детской деревне «Шанырак». Они представили небольшой концерт и провели фотосессию с детьми-сиротами. Конкурсантки пришли к детям с подарками. Было очень трогательно. Было ощущение, что день прожит не зря. В итоге звание «Мисс благотворительность» присвоили Асем Мурзабаевой, студентке ЗКГУ.

- Я знала, что жизнь модели - это не только праздник. Целый день ходить в туфлях на 16-сантиметровых каблучках, постоянно следить за фигурой, много читать. К тому же, современная модель должна владеть иностранными языками, - делится с нами, участница этого конкурса Асем Мурзабаева. - Организаторы конкурса дали понять нам, что жизнь модели - это не только съемки, платья и макияж, но еще и благотворительность.

## Анамның тілі - ардақтым менің!

Өлемнің құты,  
шешемнің сүті.  
Сіңірген тұла бойыма.  
Бар асылың халықтың,  
Ұлағатың ұлы тарихтың,  
Құйған сана-ойыма,  
Туған тілім, өркенде,  
Бола бер күшті, көркем де!

С.Мұқанов

«Сүйемін туған тілді - анам тілін. Жөргекте жатқанымда-ақ берген білім», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров бекер жырламаған. Ана тілі ананың ақ сүтімен, ананың әлдімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, бойға дариды. Ана тілі деп аталуының өзі де сондықтан болса керек деп ойлаймын. Иә, ана тілім - ардағым. Ана тілі жайлы толғанбаған ақын-жазушы да жоқ шығар. Ана-тілінің қадір-қасиетін сезініп өскен ұрпақтың елінің болашағы жолында атсалысатын саналы адам болып шығатынына мен сенемін. Өзім де осы жолдан табыла білемін деп ойлаймын.

Қазіргі кезеңде өзін-өзі сыйлаған мемлекет, ең алдымен, тілінің тазалығына мән беретіндігіне күнделікті ақпарат көздері күе.

Тілімізді дамыту, оның күнделікті өмірде қолданылу аясын кеңейту - үлкен-кішінің парызы. Онсыз біз ертең мықты мемлекет бола алмаймыз. Менің ана тілімнің оған мүмкіндігі толық жетеді.

Болашақта қазақ тілі нағыз мемлекеттік тіл дәрежесіне сай болатын күн алыс емес екеніне мен сенемін.

Іс-қағаздар қазақша қатесіз толтырылып, түрлі жарнамалар ана тілінде ілініп тұратынына, оқушылар үзілісте қазақша сөйлесіп, жиналыстар, сайыстар қазақша өтетініне, өзге ұлт өкілдері қазақ сыныптарына көптеп оқып, техника, өндірісте қазақ тілінің қолданылу ауқымы басым болатынына мен кәміл сенемін.

«Егер туған тілім ертең жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын» - деген ақын Расул Ғамзатовтың сөзімен түйін жасамақпын. Халқыңмен мәңгі жаса, қадірменді қазақ тілім, ардақты ана тілім!

Қымбат маған ана тілім, бал тілім  
Қымбат маған дана тілім, ар тілім,  
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,  
Ана тілім - ардақ тұтар алтыным.  
Ана тілін жырлап өткен талайлар  
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.  
Қасиетті менің ана тілімде  
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.

Галина БЕДЕЛЕВА,  
педагогикалық тарих мамандығының студенті

## Қазақ тілі - ана тілім!

Қазіргі таңда аландатып отырған мәселелердің бірі - қазақ тілі мәртебесін көтеру.

Қазақ тілі - шаруашылығымыздың бар саласын өркендету түсуге себепші күш. Халқымыздың мәдени дәрежесін көтеретін бірден-бір құрал. Жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің қуатты қаруы. Қазақ тілі - біздің мақтанышымыз. Ол - біздің ата-бабаларымыздан қалған баға жетпес мұрамыз. Алайда, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Жалпы ана тілінің түбіне бойлай білу - саналы азамат болғысы келетін адамның бірінші парызы. Ол дегенің - туған жерді, елді, Отанды, Атамекеніңді сүйе білу деген сөз.

Ана тілінің, байлығын пайдалана алмаған адам - сорлы, мазаққа сай жан. Құрметті ақынымыз Қ. Мырзалиевтің:

«Ана тілің арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!» - деген тұжырымы жастармен қатар, үлкендерге де қойылатын талап.

Ана тіліміз өз мәртебесіне ие болады деген үмітпен, көркейіп-дамуы үшін қарқынды қадам басуы үшін аянбай тер төгейік, жастар!

Дамира ҚАТАЕВА,  
аймақтану мамандығының студенті

## \*\*\* ЗКГУ \*\*\*

Когда с большим трудом на ступень абитуриента стала, Когда передо мною в вузы открытой дверь стояла. Я приложила все усилия, чтоб осуществить мечту, Был сделан мною выбор - поступить в ЗКГУ. ЗКГУ - большая летопись студенческих побед, В ЗКГУ вопросам любой сложности находится ответ. ЗКГУ - начало новой жизни, листаем новый белый лист, Студент наш юн, своими мыслями он чист. Здесь желают нам новых знаний С успехом грызть крепкий гранит, Увлечаться вместе с друзьями Дисциплиной под названием - жить.

Ару МУСТАФИНА  
07102-группа. Факультет истории и права.

Бетті дайындағандар:  
Әсем МЫРЗАБАЕВА,  
аймақтану мамандығының 2 курс студенті  
Галина БЕДЕЛЕВА,  
тарих мамандығының 1 курс студенті

### ■ 20 қадам

Елбасымыз «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында ең басты мәселе «әр қазақстандыққа қамқорлық көрсету» деген еді. Қазіргі заманның талабына сай бұл қамқорлық әр қазақстандық үшін аса қажетті деп ойлаймын, өйткені, әлеуметтік мәселелерді шешуге еліміздің барлық азаматтарының өмірі мен күн сайынғы өзін-өзі сезінулері тәуелді. Әсіресе, болашақ ұрпақ, жастар үшін бұл мәселе маңызды рөл ойнайды. Жастар көз келген мемлекеттің көшенді дамуы үшін стратегиялық ресурс болып табылады. Жастар саясаты мемлекет мүддесі мен мемлекеттің болашақта дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері бар интеллектуалды және рухани-саналы тұлғаның қалыптасу қажеттілігі аясында айқындалады.

## Кемел келешек кепілі - БІЛІМДІ ЖАСТАР

Елбасы жастар саясатын жаңа тұрғыда дамыту үшін Үкіметке де, Парламентке де тапсырма беріп отыр. Осы орайда, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осы бағдарламасының 17-тапсырмасында Үкіметке 1 қыркүйекке дейін «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп, «Әлеуметтік жұмыс орындары туралы» арнайы заңды әзірлеуді жүктеді. Соның ішінде Үкімет Қазақстан Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңеспен біріге отырып, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға жас маманның мәртебесін құқықтық айқындау, оның ең төменгі әлеуметтік пакеті және басқа да мәселелер бойынша өзгерістер енгізу жөнінде нақты тапсырма берді. Сонымен қатар, Елбасы 2012 жылдың соңына дейін жастарды техникалық және кәсіптік білім алуға және еліміздің барлық өңірлерінде сәтті жүзеге асып жатқан индустрияландыру бағдарламасына қатысуға ынталандыру мен тартудың нақты шараларын әзірлеуді тапсырды.

Ең бастысы, егемен еліміздің ертеңгі болашағы - бүгінгі жастардың біліктілігі мен саналы әрекеттеріне байланысты. Кезінде АҚШ Президенті Дж.Кеннеди «Бізге өзімізде ешқашан болмаған дүниелер жайлы армандайтын жастар керек» деген болатын. Сондықтан жастар Қазақстанның даму жолында өз мақсат-міндеттерін ұштастыра отырып, бар қабілеттерін жұмсайтындықтарына сенімдімін.





# Е.Е. и Р.Р.:

## Вечер двух поэтов

16 ноября на филологическом факультете прошел вечер-знакомство, посвященный двум выдающимся поэтам XX века – Евгению Евтушенко и Роберту Рождественскому.

В первые минуты прозвучала песня в исполнении Александра Малинина на стихи Евгения Евтушенко «Дай Бог!»:

Дай бог всего, всего, всего  
И сразу всем – чтоб не обидно...  
Дай бог всего, но лишь того,  
За что потом не станет стыдно.

Эта песня настроила слушателей на восприятие творчества поэтов.

Студенты начали читать стихи, слаженно натягивая нить жизней поэтов, связывая их воспоминания, их мысли, их слова...

Стихотворение «Свадьбы», являющееся автобиографическим, открыло гостям детские воспоминания Евгения Евтушенко, где он, маленький мальчик, отбивает дробь на свадьбах перед войной, перед смертью, изо всех своих сил стараясь хоть чем-то помочь, отвлечь безутешных влюбленных от скорого прощания:

О свадьбы, в дни военные!  
Обманчивый уют,  
Слова неоткровенные  
О том, что не убьют...

Студентка 1-го курса филологического факультета Лаззат Шынгалиева познакомила всех со стихотворением Мухтара Шаханова «Закон дружбы» в переводе Е.Евтушенко:

Если жил бы Козы,  
Не погибла б Баян.

Не смогли бы осилить враги Махамбета,

Если б не был врагом побежден Исатай,

Беззащитным оставив поэта.

Стихотворение Е.Евтушенко «Заклинение», прочитанное мной, тоже не было обделено вниманием.

«Со мной вот что происходит» Евгения Евтушенко заинтересовало всех своей реалистичностью и вечным вопросом:

А той, скажите, бога ради,  
Кому на плечи руки класть?  
Та, у которой я украден,  
В отместку тоже станет красть?

Стихотворение Роберта Рождественского «Знаешь» прочитала талантливая студентка 1-го курса Анна Криуля:

Знаешь, я хочу, чтоб февральская вьюга  
Покорно у ног твоих распласталась.  
И хочу, чтоб мы любили друг друга  
столько,

Сколько нам жить осталось.

Поэма «Бабий Яр» переведенная на 72 языка и сделавшая Евтушенко знаменитым, была посвящена геноциду евреев. Евтушенко впервые увидел Бабий Яр, который был превращен... в самую настоящую свалку, гору мусора, под которой были похоронены сотни невинных. Весь ужас памятного дня передала студентка 1-го курса Людмила Петрушкевич:

Над Бабьим Яром памятников нет.  
Крутой обрыв, как грубое надгробье.  
Мне страшно.

Мне столько лет,  
Как самому еврейскому народу.  
После тяжелого стихотворения о военном времени, на мирный и позитивный лад помог



настроиться Кирилл Новиков со стихотворением «Хиппи» Роберта Рождественского:

Мы – хиппи,  
Не путайте с «Хеппи».  
Не путайте с нищими.  
Денег не суйте...

После Мария Федотова прочитала нежное стихотворение, посвященное Белле Ахмадуллине.

Вечер украсил еще и живое звучание знаменитой песни «Позвони мне, позвони» (на стихи Рождественского), которую исполнили трио студентов-первокурсниц Анна Криуля, Яна Гумарова, Лаззат Шынгалиева.

На этот вечер были приглашены ученики школ и студенты экономического факультета, которые с удовольствием прочитали свои любимые стихотворения поэтов.

Смог ли кто-нибудь из присутствующих после этого вечера остаться равнодушным к творчеству Евгения Евтушенко и Роберта Рождественского?

Как выяснилось – нет.

Яна ГУМАРОВА,

гр. 03107 «Филология: русский язык»

## Қасіретім, қасиетім – ЖЕЛТОҚСАН

Желтоқсанда сынға салып,  
тағдыры мен бастарын,  
Тәуелсіздік туын тікті ұран  
тастап жастарым.  
Қарлығаштай қанатымен отқа  
суды бүріккен  
Сол жастардың ерлігімен, еркіндікті  
бастадың.

Жастар шықты ұлтын сүйген сілкіндіріп  
аймақты,  
Қолға алып азаттыққа желбіреген байрақты.  
Озбырлықтың отын үрлеп сөндірген де  
сол – жастар,  
Қанын төгіп, жанын беріп,  
азаттықты жайнатты.

Желтоқсанда көрді жастар тағдырының  
сұмдығын,  
Алаңдарға ойып жазып,  
заманының шындығын.  
Тағы қазақ... қанын төккен,  
бодан болған ұлтының,  
Ашып беріп, дауыл жапқан тәуелсіздік  
түндігін.

Қайта оралып, кемеліне бұрмаланған  
тіліміз...  
Үміт берді халқымызға қасиетті дініміз.  
Желтоқсанда жастар көрген  
қасіреттің жемісі-  
Тәуелсіздік туы биік, қазір бейбіт күніміз.

Құрбан болдық, шырмауынан шығу  
үшін мазақтың,  
Көз жастары көл боп аққан жан түршігер  
азаптың.  
Азаттықтың асқар шыңын бағындырған  
боздақтар,  
Желтоқсанға ізін салған еркіндігін қазақтың!

Өтті маздап көз жасымен талай қыстар,  
талай күз  
Желтоқсанды киелі жыл, тәуелсіз жыл  
санаймыз.  
Тарихыңның таңбасы боп, сақталатын  
жадында  
Отты жылды, санамыздан өшірмеспіз  
оңай біз!..

Жанерке БАҚТЫҒАЛИЕВА,  
орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі  
орыс тілі мен әдебиеті мамандығының  
1 курс студенті

## Білекпей арқасында өртен бұрым

Қараша айының 7-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Филология» факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы Ахатова Нұрсәуле Кәкімжанқызы жетекшілік ететін 02102-топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Бұрымды қыз» атты бұрымдылар байқауы болып өтті.

Бұл сайыста «Қыз өссе, елдің көркі» демекші, шолпысының күміс күлкисін ғана естіріп, қазақ қызы бойындағы әдептілікті, ибалықты сездірген, қос бұрымы арқада тулап жүрген, өсемдігі мен ұяңдығы жарасқан 9 қыз бәсекеге түсті. Олар: Ақмаржан Файзулліева (03102-топ студенті), Ақнұр Болатова (02104-топ студенті), Гүлбарша Абуова (02102-топ студенті), Жанаргүл Бисенова (02202-топ студенті), Айсана Хасен (02205-топ студенті), Әйгерім Қауен (02204-топ студенті), Шаттық Дәрменова (02201-топ студенті), Алтынай Амандурдиева (02105-топ студенті), Самал Ахметқалиева (02101-топ студенті). Кеш шымылдығы Дидар Әлиқеновтің орындауындағы «Қыздар-ай» әнімен ашылып, байқау шарттары таныстырылды. Байқау барысында әділ баға беруші қазылар алқасы, тілдерді оқып-үйренудің практикалық курсы кафедрасының магистр оқытушысы Қобашева Назира Айболатқызы, сәндік-қолданбалы өнер мамандығының 2-курс студенті, «Exclusive fashion» сән театрының дизайнері Хайырболатова Жанар Нұрланқызы қатысушы аруларды әр кезең сайын бағалап отырды. Алғашқы байқауда, яғни, «Шолпысы сылдырлап» кезеңінде бұрымды аруларымыз түрлі үлгідегі қазақтың ұлттық киімдерін киіп, көпшілік алдында жүріс-тұрыс, өзін-өзі ұстау бойынша сайысқа түсті. Одан әрі таныстыру бөлімінде аруларымыз өлеңдетіп өздерін таныстырумен қатар, слайд, видеолар арқылы



өздерін таныстырып, сайыстан тыс жаңа қырынан таныта түсті. Бұл сайыс барысында,

сонымен қатар, аруларымыз өз топтарынан шашы ұзын қызды шығарып, берілген уақыт

көлемінде шаш үлгісін жасаудан бақ сынасты. Сайыс мұнымен тоқталмай, одан әрі «бақ шаба ма, бап шаба ма?» демекші, арулардың білімін сынау мақсатында салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты сұрақтар берілді. Осы «Зерделі болса үкілім» кезеңі барысында әрбір қатысушының шешендік өнер, сөз саптауына баса назар аударылды. Ал, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» өнер сайысында аруларымыз мүлдем басқа қырынан жарқырап алға шықты. Бірі әуелетіп әуендете ән салса, енді бірі мың бұралып би биледі. Ал енді бірі мәнерлетіп өлең оқыса, өзге аруларымыз суретшілік, шеберлік, ақындық қабілетін алға тартты. Соңғы кезең сәтінде он саусағынан бал тамған аруларымыз берілген азық-түлік өнімдерінен 15 минут ішінде салат жасаудан сайысқа түсті. Сайыс барысында факультеттің өзге де өнерлі студенттері өз өнерлерімен ортадан табыла білді. Күміс Дәулетияр (02203-топ студенті) «Сәукеле» әнімен, Айнұр Даулова «Кел, достар» әнімен, Гүлнәр Мұханова «Тойға тілек» әнімен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленсе, ұйымдастырушы топтың биші арулары «Науаи» биімен кешті ажарландыра түсті. Ал Наурызбек Лесов пен Мақсотова Ләйлі сынды студенттеріміз жырдан шашу шашты. Сонымен қатар, бұл байқауда 02102-топ студенттерінің сахналық қойылымдары көпшілік көңілінен шықты.

Байқау нәтижесінде Ахметқалиева Самал «Көрермен көзайымы», Амандурдиева Алтынай «Инабатты ару», Қасен Айсана «Өнерлі ару» номинациялары бойынша марапатталса, бағы мен бабы қатар шауып, көпшілікті сан қилы өнерімен тәнті еткен Қауен Әйгерім кештің «Бұрымды ару» аталымын жеңіп алды.

Анар ҚАПАШЕВА



# ЖАҒЫЛЫС

Педагогика факультеті 5В010300 «Педагогика және психология», 5В010200 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», 5В012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бөлімінің жаршысы

№8(10), қараша-желтоқсан 2012 жыл

*Жас жігерге табын, білсең, сол барың, бос өткізбей, ізде зейнет жолдарың.*

Жүсіп Баласағұн

## БҚМУ - болашақтың білім ордасы

Педагогика және психология мамандығының 3 курс студенттері және Исмагулова Жанар Сансызбайқызының ұйымдастыруымен университетіміздің 80 жылдық мерейтойына арналған «Болашақтың білім ордасы» атты тәрбие шарасы ұйымдастырылды.



«Адақсан әріптер» кезеңінен көрініс

Ұйымдастырушылар шараны «Аманат» (06204) және «Жалын» (06203 топ студенттері) топтарының арасында сайыс түрінде жоспарлап, университет тарихын қамтитын 7 бөлімнен тұратын бағдарлама түрінде ұсынды. Тапсырмалар студенттерден білім, жан-жақтылық, ептілік, жылдамдық, тапқырлық, шешендік қасиеттерді талап етіп отырды. Сайысқа сақадай сай әзірленіп келген «Аманат» және «Жалын» топ студенттері

намысты қолдан бермеуге тырысты. «Жалын» тобының қатысушысы Ажар Жәдиева «Білім ордан – мақтанышым», «Аманат» тобынан Аягөз Галиева «БҚМУ студенттеріне арнау», Толқын Мурсалимова «Махамбет» атты жырдан шашу шашып, көрермендер ықыласына бөленді. Мерекелік шараны әсем ән мен мың бұралған бимен әрлеген 1 курс студенттері тамаша көңіл-күй сыйлап, өнерлерін ортаға салды.

Сайыстың қорытындысы бойынша «Аманат» тобы жеңіске жетіп, екі топқа университет тарихы баяндалған кітаптар сыйлыққа ұсынылды. Кафедра меңгерушісі Жанат Исмагуловна ұйымдастырушылар мен қатысушыларға, белсенділік танытқан студенттерге және ұйымдастырушыларға зор алғысын білдірді. Кеш соңында БҚМУ Әнұраны шырқалды.

«Күш жарыстырып емес, ақыл жарыстырып алға басатын мына заманда» 80 жылдық тарихы бар еліміздің іргелі оқу орындарының бірі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жалынды да жігерлі, білімді де жан-жақты студенті болып, тарихи оқиғаларға куә болу зор мақтаныш деп білемін.

Факультетімізде осындай тағылымға толы тәрбиелік шаралар жалғасын таба берсін деген тілекпен, тәрбие шарасын ұйымдастырушыларға әсерлі кеш үшін алғысымызды білдіреміз.

Махамбет атын ту қылған БҚМУ-дай білім ордамыздың мерейтойы құтты болсын! Болашағы жарқын болсын ордамның!

Айсәуле АРТИГАЛИЕВА,

педагогика және психология мамандығының  
4 курс студенті

## ЕЛБАСЫНА арналған кеш

Педагогика факультетінде студенттік деканаттың ұйымдастыруымен 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне арналған «Ақ орда және Елбасы» атты тақырыптық кеш өтті. Кешке педагогика факультетінің декан орынбасары Қ.Р.Қажымова және дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Төлеген Талғатұлы, сонымен қатар факультет студенттері қатысты.



«Ел десе – Елбасым деп, ал, мақтанам,

Сабырлы саясатын салмақтаған.

Тәуелсіз мемлекеттер бір ауыздан,

Түркінің Нұрсұлтаным ардақтаған.»-деп кештің жүргізушілері Каженов Оралхан мен Сержанова Гүлнара ай сайын өркендеп, көркімен көз тартып, тамашасымен таң қалдырып келе жатқан Елордамыз Астана мен Елбасымыз туралы мәліметтерге шолу жасады.

Кештің алғы сөзін айтқан декан орынбасары Қарлығаш Рахымқызы «Адам - ісімен ардақты. Өр адам өз өмірінде ұрпақ өсіруі керек, ағаш отырғызу керек және үй тұрғызу керек деген ұғым бар дей келе, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев еліміздегі ең жоғары лауазымды қызметті атқару барысында мемлекетіміз үшін жаңа Астана салудың ұйытқысы болып тағы да бір ұлы іс тындырды»- деп сөзін жалғастырды. Шара барысында студенттер Елбасымыз туралы баяндамаларын оқып қана қоймай, жүректен шыққан туындыларын да тарту етті және әннен шашу шашты.

«Біз өз болашағымызды ару шаһардың ертеңімен, оның гүлденіп көркеюімен байланыстырамыз. Біз - қазақ елінің үлкен өмірге қадам басқалы отырған жас азаматтарымыз. Біздің Отанымыз - Егеменді, Тәуелсіз қазақ мемлекеті. Біздің мақсатымыз осынау кең байтақ еліміздің келешекте еңселі де, іргелі елге айналуына үлесімізді қосу» - деп тақырыптық кешті педагогика факультетінің студенттік деканының м.а. Аққұлова Перизат аяқтады.

Перизат АҚҚҰЛОВА

## Білікті ұстаз — заман талабы

Мектеп қабырғасында да, жоғары оқу орындарында да әр сабақтың, әр пәннің өзіндік алар орны орасан зор. Ал сол сабақтардың түрлі деңгейде өту барысы педагог пен оқушыларға тікелей байланысты. Шәкірттерінің сабаққа белсенді қатынасуы ұстаздар үшін сабақты тұшымды да түсінікті етіп өткізуге өте ыңғайлы әрі тиімді. Алайда, сабақтың үнемі бір сарынды өтуі екі жақтың да пәнге деген қызығушылығының бәсеңдеуіне әкеп соқпаса кім келіп? Мұндай олқылықтарға жол бермеу – әр мұғалімнің басты қағидасы болуы шарт. Міне, дәл осындай олқылықтардың орын алмауын ескеретін ұстаздарды да біздің М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың өзінен оңай таба аласыздар. Тілге тиек болғалы отырған сондай педагогтардың бірі, «Жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану» кафедрасының педагогика пәнінің оқытушысы, магистр – Маденова Ләззат Мүтиғоллақызы. Ол кісінің сабағында әр студент сабақты еркін әрі әдебиет ғылымымен байланыстыра өзі түсінген тақырыптарын жеткізе алады. Мұнымен қоймай, оқытушымыз өзінің тәрбие жұмыстарының әдістемесі пәнінен студенттерге пән бойынша теориялық білімді меңгертумен қатар арнайы тәрбиелік шараларын бөліп ұйымдастыруды қолға алуды тапсырма қып ұсынған болатын. Мектеп табалдырығынан бері мұндай тәрбие сағаттарын сынып жетекшілерінің тарапынан қабылдаған студенттер үшін бұл тапсырма қиын да қызғылықты болды. Тәрбиелік шараларды өздері жеке өткізіп көрмеген студенттер үшін бұл жауапты іске айналды. Студенттер өздерінің жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілеттерін байқатып, ашылып, бойындағы бар қабілеттерінің арқасында, «әп» дегеннен-ақ сүрінбей бірінші сабақтан-ақ өздерінің жақсы қырынан көрсете білді. Атап айтар болсам, тәрбие жұмыстарының әдістемесі сабағында Жоламанова Лунара (02204 топ студенті) өзінің киелі 80 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы БҚМУ туралы шарасын жоспарлағандай жоғары деңгейде өткізіп шықты. Жарты сағатқа созылған уақыт ішінде Лунараның толқыныстары мен өзгелердің назарынан тыс қалмау ниеттері бірден көзге шоқпай басылды. Біздер бұл сабақта 1932 жылдан бастау алған университет тарихына қанық болдық. Лунараның бұл ісіне демеу болған 02204 топ студенті Базарбаев Азамат университетке арналған жыр шашуын домбыраның күмбір қаққан қоңыр әуезімен қоса жырлағанда жаңа серпіліс беріп, тәрбие сағатын одан бетер әрлей түсті. Үзіліссіз бұл сабақтың жалғасын одан әрі іліп әкеткен аталған осы топтың студенті



Сарбас Маржан тәрбиелік сағатын мектеп оқушыларына, яғни мамандық таңдау алдында тұрған 11-сынып түлектеріне арнаған бағытта өткізді. Сабақ барысында студенттер белсене араласып отырды. Сұрақ-жауаптар арқылы әр студенттердің қандай мамандықтарға мейлінше лайықты екендіктерін анықтап берді. Мұнымен тоқталмай жұмбақтар арқылы мамандықтардың қыр-сырларына тоқталып өтті. Әр студент біздерге көп таныс бола бермейтін, таңсық заманауи мамандықтардан мәліметтер беріп өтті. Ең бастысы, нағыз адам болуды басты мақсат етіп қоюды санамызға сіңірген Маржан өз ісіне жауапкершілік қабілетінің басы екендігін өзінің тірек-схемалары мен кестелері арқылы таныта білді. Болашақта студенттерін өз шәкірттерінің алдында нағыз ұстаз боларлықтай үлкен ұйымдастырушылыққа шындай түсуді көздеген ұстазымыз Ләззат Мүтиғоллақызы мұндай тапсырмаларды өзге де студенттерге бөліп берді. Әрине, әуелі өзіміздің қатарластарымыз алдында өз тәжірибелерімізбен бөлісіп, мұндай сағаттарды өткізуге біздер қуана-қуана келісеміз. Әр сабақ соңында талқыға сала отырып, өз кемшіліктерімізді жойып, артықшылықтарымызды шындай түсеміз деген ойдамыз. Мұндай тәрбиелерден өте отырып, болашақта мектеп табалдырығын ұстаз болу аттағаннан-ақ жатсынбай өз мамандығымызды оңай игеріп кету біздерге қиынға соқпайды деп нық сеніммен айта аламыз. Мұндай тәжірибе алмасулар әр сабақ барысында жүзеге асырылса, әрқайсысымыздың пәнге деген қызығушылығымыз артып, сабақтарды игеруіміз жеделдей, әрі жеңілдей түседі деген сенімдеміз.

Өз тілішіміз

## СПОРТ - денсаулық кепілі

Осындай тақырыппен 2012 жылдың 27-30 қараша аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына арналған студенттер арасында педагогика факультетінің дене шынықтыру және спорт кафедрасының ұйымдастыруымен баскетболдан жарыс оздырылды. Аталмыш шараға өз факультетінің намысын қорғаған ұлдар мен қыздар құрамалары және педагогикалық колледждің спортсүйер студенттері қатысты.

Жарыстың негізгі мақсаты - жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, қалыптастыру, олардың демалыс уақытын тиімді пайдалану, бұқаралық спортты дамыту.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Даришева студенттердің жалпы спорттық шараларға оң көзбен қарап, қатысуға ынта білдіргендері үшін алғысын білдіріп, командаларға сәттілік тіледі.

Барлығы ұлдардан құралған 8 команда және қыздардан құралған 8 команда қатысып, бақ сынады. Баскетбол жарысының қорытындысы бойынша үздік белсенді ойын көрсеткен командаларға дене шынықтыру және спорт кафедрасының атынан алғыс хаттар табыс етілді. Тартысқа толы өткен кездесулерде барлық командаларды жеңген педагогика факультетінің қыздар және ұлдар командасы бірінші орынды, тарих және құқық факультетінің ұлдар командасы және физика-математика факультетінің қыздар командасы екінші орынды, жаратылыстану-география факультетінің қыздар және ұлдар командалары үшінші орынды иеленді. Жекелей көзге түскен ойыншылар Бақтығалиев Тимур және Урметиева Айзада (педагогика факультеті), Жаркемалиев Бекей (тарих және құқық факультеті), Қарекенова Бақтияр және Сәрсенбетова Саида (жаратылыстану-география факультеті), Қасенова Меңзада (физика-математика факультеті) арнайы аталымдармен марапатталды.

Елімізде дені сау, білімі мен біліктілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу үшін бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығы зор. Ұйымдастырылып отырған бұл шара - университет басшылығының спортты насихаттаудағы жоспарларының бір бөлігі ғана. Болашақта салауатты өмір салтын насихаттауда әлі талай спорт сайыстары өткізілетін болады деген сенімдеміз.

Кәмишат РАХИМЖАНОВА,  
әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
мамандығының 1 курс студенті

■ Молодежь и религия

## Откровенный разговор

Студенты смотрели документальный фильм «Секты в христианстве». Свое мнение высказывали представители традиционных религиозных конфессий Казахстана, общественные деятели и представители силовых структур. Это не первое и не последнее мероприятие в череде встреч, дискуссий и бесед на тему духовности. И чтобы не быть голословными, на суд зрителей был представлен фильм о сектах и о путях привлечения новых сектантов, о нарушениях закона и истинных намерениях «духовных наставников». Насколько готов молодой человек противостоять влиянию различных сект, число которых растет день ото дня? Закон о религии, ограничивший и местами запретивший деятельность некоторых из них, несколько отрезвил молодежь в вопросах отношений с религиями. Но как не попасть в коварные сети фанатиков от псевдодуховности, как устоять от приводимых, таких порой очевидных, фактов «праведности» их учений?

Институт семьи, сдавший свои позиции в период становления и кризиса, когда взрослые в семье, потеряв покой, бросились зарабатывать деньги на пресловутое светлое будущее своих детей. При этом забывая, что быть родителем – прежде всего, слышать и слушать своих детей. Некогда, ведь так необходимо, дальше по списку: одеть, обути, накормить. Еще: отложить деньги на учебу. И это в лучшем случае. А сколько семей просто перестали быть ячейкой общества, предоставив детям самим становиться взрослыми. Кто-то, увлеченный спортом, становится чемпионом. Другой, попробовав запретного зелья, тащит последнее из дома. Одни, поступив на учебу, сами оплачивают ее. Другие, поддавшись соблазну быть услужливым и поверив сказочным обещаниям «добрых» людей, становятся марионетками в руках нечестных на руку дельцов.

На встрече с главным специалистом областного Департамента по делам религии Г.Ж.Мажиевым студенты открыто выражали свое мнение по поводу неопитов от ислама. Новообращенные, как правило, не воспитывались с детства в канонах традиционной религии и бьются под воздействием обработки именно радикальными идеями. Сложно сказать, что является веской причиной столь крайней смены привычного образа жизни молодых

людей. Но материальная заинтересованность и психологический комфорт – не последние в этом списке. Учебное заведение, имея хорошо подготовленный штат сотрудников воспитательного отдела, четкую программу культурно-просветительской работы, возможность для каждого студента в любой сфере – научной, культурной, духовной, спортивной – проявить свои способности, не занимает все время студента. Выйдя за стены вуза, он подвергается влиянию окружающей действительности. И простое любопытство может стать роковым. Как уберечь неокрепшее сознание ступившего на самостоятельный взрослый путь молодого человека? Студенты, как передовая, наиболее подвижная, мобильная часть молодежи, являются привлекательными для различных сил. Поэтому главной целью демонстрации фильма и последующей беседы было не запугать, а предупредить. Предварительно заготовленные вопросы сменились вопросами, возникшими у молодых в процессе беседы. Стоит ли водить дружбу с тем, кто вдруг отстриг бороду и надел короткие штаны? Допустимо ли ношение девчушками хиджаба в университете? Какого рода темы стоит избегать в случайной беседе с мало знакомыми людьми? Какие цели преследуют в современном мире террористы, и насколько это связано с духовностью и верой? Эти и другие вопросы были заданы на встрече.

**По официальным данным, в 2012 году было задержано 2 ОПГ (организованная преступная группировка), в составе которой молодые люди в возрасте от 18 до 24 лет. Вместо того, чтобы учиться, работать, растить детей и приносить радость близким, здоровье молодые ребята отбывают срок в колониях. С начала учебного года покинули, попав в религиозные секты, две девушки колледжей города Уральска. И это притом, что ни одна из существующих официальных религий не ставит запрет на образование.**

Ответы для каждого из них сугубо индивидуальны. Но общий совет, который был высказан Г.Ж.Мажиевым – быть ближе к семье, открытостью в общении с друзьями и не забывать, что в университете всегда есть старшие товарищи, способные поддержать в трудную минуту, подставить плечо, готовые порадоваться успехам и подтолкнуть к новым свершениям.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

## ДОЛЖНЫ СМЕЯТЬСЯ ДЕТИ

С 1 по 19 ноября в Уральске под руководством Департамента по защите прав детей ЗКО совместно с ДВД ЗКО, областными управлениями образования, здравоохранения, внутренней политики, НПО области, СМИ прошла информационная кампания «Детство без жестокости и насилия».



В Казахстане действуют законы, непосредственно направленные на борьбу с насилием в семье. Несмотря на это наблюдается увеличение количества фактов насилия в отношении детей. Организаторы кампании ставят целью привлечь общественное внимание к проблеме жестокого и пренебрежительного обращения с детьми и сформировать в обществе убеждения, при которых насилие над ребенком становится неприемлемым, а жизнь и благополучие каждого человеческого существа, независимо от возраста, уровня развития, социального статуса являются приоритетными.

20 ноября 2008 года Союз Кризисных Центров совместно с Комитетом по охране прав детей МОН РК внедрили проект «Национальная телефонная линия доверия для детей и молодежи». Номер данной линии 150, и она доступна 24 часа в сутки, с предоставлением телефонного консультирования на двух языках, по двум телефонным линиям.

Службой телефона доверия в 2008-2009 годы было принято 25205 звонков, из них 2205 от родителей и детей, попавших в кризисную ситуацию, в сотрудничестве с другими ведомствами каждому абоненту была предоставлена бесплатная, конфиденциальная и анонимная экстренная помощь, в т.ч. по выходу из состояния депрессии, предотвращению суицида, защите прав и интересов ребенка.

Всю необходимую информацию о Национальной телефонной линии доверия 105 Вы можете получить по ссылке [www.telefon150.kz](http://www.telefon150.kz).

Если ребенок остался без попечения родителей или в семье с ним жестоко обращаются, следует обратиться на телефон доверия Департамента по защите прав детей ЗКО 512485.

## ДОСТЫКТЫ ЖАСТАР ту еткен



Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты.

А.Шопенгауэр

Ел Президентінің «Қазақстан - 2030» жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында, «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының Жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады. «Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған.

БҚМУ еріктілері сол қағиданы ұстанып, осы жылдың 2012 жылдың 12 қараша күні ООУБА оқушылар мен БҚМУ студенттері арасында достық қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Мықты болсаң сен егер!» атты эстафеталық ойындар өткізді. Эстафеталық ойындар «Сауықтырудың негізгі күші – жүгіру», «Көңілді старт», «Кім жылдам», «Кім епті», «Кім мерген» деген турлардан тұрды. Эстафеталық ойындарға ООУБА тәрбиеленушілері мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың №1 жатақхана тұрғындары қатысты. Ойында «Намыс», «Мольная», «Тұлпар», «Мұрат», «Қыран» командалары белсенділік танытты. Жарыстың әділ өтуіне ООУБА спорт нұсқаушысы Д.С.Исполов, БҚМУ психологы, еріктілер тобының жетекшісі А.С.Жақсығалиева төрелік етті. Эстафеталық ойындардың нәтижесінде «Мұрат» командасы I орын, «Тұлпар» командасы II орын, «Қыран» командасы III орынды иеленді. Жеңіске жеткен командалар дипломдармен және шағын сыйлықтармен марапатталды. ООУБА тәрбиеленушілері іс-шараны ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, студенттерді тағы күтетіндіктерін жеткізді.

Адам бойындағы әсемдік пен сұлулықты, ағза мен денсаулықты ұштастыра дамыту жөніндегі түсініктен бөліп қарау ақылға сыймайды дегендей, құрметті жастар, студенттер спортпен шұғылданаық, салауатты өмір салтын насихаттайық.

## СТУДЕНТТЕРГЕ

### бақыт сыйлаған бір сәт

М.Өтемісов атындағы БҚМУ №1 жатақхана тұрғындары арасында қарым-қатынасты жақсарту мақсатында тренингтер өткізілді. Қарым-қатынасты қалыптастыруға арналған тренингтер 1 курс студенттерін университетке, жатақханаға бейімделуіне өздерін жайлы сезінуіне, қоғамдағы белсенділігін арттырып, өмірге деген құлшынысын қалыптастыруға бағытталды.

Қарым-қатынасқа арналған тренингтер өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қасында жүрген достарына қамқор болып, достық қарым-қатынасты бағалай білуге үйретеді.

Студенттер тренингтен алған әсерлерімен бөліседі:

**Гүлнұр АЙТЖАНОВА,**

қазақ тілі мамандығының 1 курс студенті:

- Мен тренингтен бір керемет әсер алдым. Ең бірінші ұққаным: адам баласының өмірде қандай да бір қиындық басына түскенде, шыдамдылық, сенімділік керектігін білуі керек. Ауызбірлік болса биік, заңғар қамалды да басып алуға болады. Бірлік бар жерде, тірлік бар.

Маған ұнағаны шеңбер. Мұнда ауызбірлік, шыдамдылық, жауапкершілік адамның өзіне деген, біреуге деген сенімділік қасиеттері сыналды. Біз, бірақ бұл тренингтен оңай өттік. Себебі, бір жеңнен бәріміз қол шығардық. Адам өз мақсатына жету үшін үлкен сенім қажет екенін әбден түсіндім. Сізге рақмет!

**Бибінұр ӘБЖЕТҚЫЗЫ,**

педагогика және психология

мамандығының 1 курс студенті:

- Мен бүгінгі тренингтен өте тамаша әсер алдым деп айта аламын. Бұл тренингтен сенімділік, шыдамдылық және үлкен жауапкершілік секілді қасиеттердің өте маңызды екенін ұғындым. Мен өзім өмірде өз-өзіме сенімсіз, әрдайым басқалардан өзімді төмен санаушы едім. Бірақ мен осы

тренингтен кейін әлдеқайда басқа адам болам деп шештім. Ол енді мінезімді түбегейлі өзгертем деген сөз емес. Ашық-жақын, өзіме сенімді, батыл болуға бел будым. Рахмет сізге, Альфия Сырымқожақызы.

**Бейбіт ЖҰЛҚАШ,**

география мамандығының 1 курс студенті:

- Өрбір жанның жан-дүниесінің қырсырын жете зерттейтін ғылым психология ғылымы десек қателеспейтіміз хақ. Осындай психологиялық тренингтердің өткізілуі барша адамның өмірге деген құлшынысын арттырады және болашаққа жол сілтейді. Альфия Сырымқожақызы тренингті «Мен» деген психологиялық өлемдегі терминімен бастап, түрлі ойындар ұйымдастырды. Тізбектелу ойынын ойнағанда менің ең жақын достарыммен қарым-қатынасымыздың үзілмейтін көпір екенін түсіндім. Өмірге деген сүйіспеншілігіміз, құштарлығымыз одам әрі артқандай. Өзіңді өмірде ортада қалай ұстауды үйретті. Осы тренингті қорытындылай келе, мен қанша қиындық кездесседе шыдамды, сабырлы болуға үйреткенін түсіндім.

Күлдіріп тұрып жылатады өмір, Көтеріп тұрып құлатады өмір. Уф деген желге дірілдей бермей, Шыдамдылықты ұнатады өмір,- деген қорытындыға келдім.

**А.С.ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,**

БҚМУ тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім

психологы, «Педагогика және психология»

1 курс магистранты

# ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Университетіміздің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында 17 қараша - Халықаралық Студенттер күні мерекесіне орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде арнайы мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Университеттің қарыштап дамуына оқу-ғылым, тәрбие жұмыстары бойынша өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыруда өз үлестерін қосып, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі шараларда жоғарғы сатыда көрініп жүрген белсенді студенттер Еслямов Қуаныш, Тілепбергенова Айзада, Мусин Тимур, Сәттібаев Дамир, Берекетова Бибігүл, Нұрсұлтанова Альбина, Исмагулова Гүлжан, Батырғалиева Гүлдана университет ректорының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өнер-білімді қатар алып, оқуда талантымен ерекшеленіп, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділік танытқан бірқатар студенттер

университет ректоры тарапынан ақшалай сыйлықпен марапатталса, облыстық, республикалық деңгейде өткізіліп жүрген білім мен ғылым додаларында, спорттық сайыстар мен шығармашылық сындарда университетіміздің туын асқақтатып, биік белестерді бағындырған студенттер Қожағалиева Гүлжанат, Орынбасаров Әділет, Үмбетжанова Гүлшат, Мырзагереев Жалғасбек, Максұтов Нұрхат, Сапарғали Жанайдар, Гоф Евгений, Ағалиева Светлана, Орынбаева Шаттық, Амангелді Мұрат, Кабделова Марал, Тамешова Айнұр арнайы естелік сыйлықтарға ие болса, 50 студент Ректор грантының иегерлері болуға лайық деп танылды.

*Кеш барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған жыл үздіктері анықталды:*



**«Үздік СҚЖ жауынгері»**  
Хамзин Нұрбол Дамирұлы - физика-математика факультеті математика мамандығының 4 курс студенті



**«Шығармашылықта үздік»**  
Қабиiev Азат - мәдениет және өнер факультетінің музыкалық білім мамандығының 3 курс студенті



**«Ғылымда үздік»**  
Қапашева Анар Абдоллайқызы - филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті



**«Үздік спортшы»**  
Сериков Нұрбол Нәсіпкерейұлы - педагогика және психология факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенті



**«Үздік жас тілші»**  
Жангірова Үміт Ізтелеуқызы - физика-математика факультетінің 1 курс студенті



**«Үздік пікірсайысшы»**  
Мергенева Динара Мұхтарқызы - тарих және құқық факультеті, халықаралық қатынастар мамандығының 4 курс студенті



**«Үздік топбасшы»**  
Ерсайынова Гүлфани - филология: қазақ тілі мамандығының 2 курс студенті



**«Үздік Жасыл ел сарбазы»**  
Такушева Бағдагүл - мәдениет және өнер факультеті кітапхана ісі мамандығының 4 курс студенті



**«Жас ақын»**  
Сұлтанмахмұд Айдана - филология факультеті қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА  
КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ.  
ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН  
АВТОР ЖАУАПТЫ.  
ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ  
ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ  
КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
М.Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан мемлекеттік  
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.

Индексі 090000  
Таралымы 2000

**РЕДАКТОР:**  
Марта Орынбасаровна  
ДЖУМАГАЛИЕВА

**ТІЛШІЛЕР:**  
Әйгерім ҚАУЕН  
Үміт ЖӘҢГІРОВА

**КОРРЕКТОР:**  
Светлана БЕККУЖИЕВА

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**  
Асель АБДУЛЛИНА

**ФОТОСУРЕТ:**  
Рафхат ХАЛЕЛОВ

Оқу теледидары және  
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында  
теріліп, беттелді. «Полиграфсервис»  
ЖШС баспаханасында басылды.

Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45  
Біздің сайт: www.wksu.kz  
e-mail: IC\_SMI@wksu.kz

## ЕЁ ЖИЗНЬ - ГИМНАСТИКА

О таких, как Ирина Анатольевна Крепица, говорят: человек на своем месте. И это действительно так! В 1989 г. после окончания факультета физического воспитания Уральского пединститута им. А.С.Пушкина она пришла работать в ДЮСШ №2, где трудится до сих пор старшим тренером - преподавателем по спортивной гимнастике.

Большую роль в становлении Крепицы как тренера сыграла ее наставница Софья Вишневская. В 2000-2001 г.г. Крепица вместе с пятью своими воспитанницами стажировалась и тренировалась в Специализированной школе олимпийского резерва города Шымкента. Эти спортсменки затем вошли в состав юношеской сборной Казахстана.

Ирина Крепица выполняет большую работу по развитию спортивной гимнастики в области: составляет планы, проводит тренерские советы, соревнования различного уровня, контролирует работу тренеров - преподавателей. Ирина Анатольевна широко использует в своей работе современные методы обучения и развития: поточный, фронтальный, групповой и круговой. Она убеждена, что в спортивно-оздоровительных группах и группах начальной подготовки нужно прежде всего развивать двигательные качества. Занятия Ирины Анатольевны отличают продуманность и отличная организация.

24 февраля 2012 г. она провела открытое учебно-тренировочное занятие «Разучивание основных элементов первого юношеского разряда» для участников семинара «Научно-теоретические и методические проблемы подготовки спортсменов высокого класса».

Ириной Крепицей подготовлено немало сильных гимнасток. Это мастер спорта Диана Касымова и полтора десятка кандидатов в



мастера спорта и разрядников. Касымова и еще одна воспитанница Крепицы - Айгуль Жусупова - завоевали две серебряные и две бронзовые медали в составе сборной ЗКО на летней спартакиаде Республики Казахстан 2011 г.

Ирина Анатольевна активно участвует во всех областных, городских и школьных мероприятиях, пропагандирует здоровый образ жизни. Она в постоянном контакте с родителями учащихся и учителями общеобразовательных школ, в постоянном поиске. И это правильно, ведь дорогу осилит идущий.

Аскар АБУБАКИРОВ